



М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ
СОЛТУСТИК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Ж. Т. ҚАДЫРОВ

**ХРЕСТОМАТИЯ.
КӨКШЕТАУ-ҚЫЗЫЛЖАР ӨҢІРІНІң
ӘНШІ-АҚЫНДАРЫ**

оку-әдістемелік қурал

Петропавл
2015

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

Ж. Т. ҚАДЫРОВ

**ХРЕСТОМАТИЯ.
КӨКШЕТАУ-ҚЫЗЫЛЖАР ӨҢІРІНІҢ
ӘНШІ-АҚЫНДАРЫ**

**(XIX-шы ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың
80-ші жылдары)**

оку-әдістемелік қураган

**Петропавл
2015**

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3(5 Каз)

Қ 14

*M. Қозыбаев атындағы Салтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің оку-әдістемелік кеңесі шешімімен шыгарылады
(30.04.2015 ж. №8 хаттама)*

Рецензенттер:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Үлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы *С. Негиев*;

әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы *Ж. Тілепов*;

әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы *Т. О. Есембеков*

Қадыров Ж. Т.

Қ 14 Хрестоматия. Көкшетау-Қызылжар өнірінің әнші-акындары: оку-
әдіст. құрал: / Ж.Т. Қадыров. - Петропавл: М. Қозыбаев
атындағы СҚМУ, 2015. - 210 б.

ISBN 978-601-272-846-0

Оку-әдістемелік құралға XIX-шы ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 80-
ші жылдары аралығында әмір сүрген Көкшетау-Қызылжар өнірінің әнші-
акындары Молдахмет Тырыбиеv, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың өлеңдері
мен толғаулары, поэмалары, айтыстары жинақталып енгізілді.

Хрестоматия университеттердің бакалаврлық оку сатысы
студенттеріне, магистранттарға, әдебиеттанушы мамандарға арналған.

566 432

УДК 821.512.122.0


ББК 83.3(5 Каз)

© Қадыров Ж.Т., 2015

© М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2015

ISBN 978-601-272-846-0

*M. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың сапа менеджменті жүйесі
ISO 9001:2008 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталған*



МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	4
1 Молдахмет Тырбиұлы.....	9
1.1 Өлеңдері.....	9
1.2 Толғаулар.....	42
1.3 Айтыстар.....	47
2 Игібай Әлібаев.....	63
2.1 Өлеңдері.....	63
2.2 Толғаулар.....	110
2.3 Поэмалары.....	120
2.4 Айтыстар.....	135
3 Мұса Асайынов.....	149
3.1 Өлеңдері.....	149
3.2 Толғаулар.....	164
3.4 Айтыстар.....	172
Пайдаланылған әдебиет.....	210

АЛҒЫ СӨЗ

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайыновтың өнерпаздық болмысында байыргы ақындық – әншілік, сал – серілік дәтүрдің тұластығы, сабактастығы анық байқалады: үш ақын да ән мен жырға тербелген Арқа жерінің перзенттері, екіншіден, ортақ шығармашылық мектептің болуы, үшіншіден, әлденеше өнердің бір адамның бойынан табылуы. Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов – үшеуінің халық ақындары ретінде танылуы, сонымен бірге шығармашылық жолдарындағы сабактастық, оған қоса рухани байланыс-қатынастар да – ақындық дәстүрдің жалғастығын анықтауда негіз болды.

Яғни, біз қарастырып отырған ақындарымыздың бойынан ақындық, әншілікпен қатар, орындаушылық, сазгерлік өнердің табылатындығын байқаймыз. Олар ән-жыр орындал, өлең шығарып қана қоймай, сол өлендеріне ән шығарып, өзіндік мақаммен, әуенмен шебер орынданай білген. Мәселен, Молдахмет Тырбиұлының «Аттан ауылым» әні күні бүгінге дейін, ел арасында айтылып жүр. Олардың әндере, сөздері халық арасына тез сінісіп кеткен. Әрине, бұл әннің өлең мәтіндерінің мән-магынасына лайықтап айтылуында деп түсінеміз. Ырғакты сөздің сазбен, ыргакпен біте қайнасқан бағзы байланысы, яғни синкретті өнер ақын – әншілерге тұластай хас өнер деп тұжырымдаймыз.

Молдахмет Тырбиұлы өміріне қатысты көзі көрген қариялар мен туысқандарының мәлімдемелері және архив жұмыстарының негізінде материалдар жиналып, деректер сұрыпталды.

Молдахмет Тырбиұлының шығармашылық берік жолға түсүі жиырмасыншы жылдардан басталады. Оның өз заманына сай ақындық даусы қалыптасады.

Ақын даусы, әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше екпінді естіледі. Оның өлендері, негізінен, саяси-әлеуметтік тақырыпқа арналады.

Ол кемелденген шағында ақындар айтысына қатысып, жүлдеге ие болады. Ақын Нұрқан Ахметбековпен айтысқа түседі.

Ақын Игібай Әлібайұлының да шығармашылық жолы домбыра тартып, ән айтудан басталады. Ақын Игібайдың өз әкесі Тәжібай, оның ағасы Әлібай (Игібайды бауырына басып, бала етіп алған) бәрі әнші, өлеңші өнерпаз болған. Бұл адамдар атақты Біржан салдан тәлім алған екен.

Игібай Әлібаев ұстаздық еңбегін өнермен ұштастыра білді. Ол 1925 жылы Мәскеу мен Ленинградта өткен қазак өнері шеберлерінің концертіне қатысады.

Игібай Әлібайұлының өмір жолы жайлы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясында, «Адасқандар» романында айтылады.

Игібай Әлібайұлының шығармашылық өмірінің мақсаты – ән орындаумен бірге өнер әлеміндегі қайталанбас тұлғалардың әндерін кейінгі ұрпаққа жеткізу, таныту, сақтап қалу. Бұл орайда, ақын Үкілі Ұбырайдың «Шалқым», «Қызыл асық», Біржан салдың «12-ші взвод», «Ақсеркеш», Ақан серінің «Жастық», «Ақтоты» т.б. әндерін таспага жазуда ат салысады.

Ақын өмірінде, әсіресе, 70 жылдар іші елеулі кезең болып табылады. 1970 жылы оның бірнеше өлеңдері Республика ақындарының жинағына және 1972 жылы «Еңбек күйі» атты жинаққа енеді, ал 1974 жылы ақынның «Айтуар» атты өлеңдер жинағы жарық көреді.

Ақын туралы сөз болғанда, оның сазгер ақын екендігін де айтуымыз керек. Ол «Біржан ауылында», «Сол бір кез менің есімде», «Наз қоңыр» т.б. өлеңдеріне ән шығарып, орындал жүрген. Сәбит Мұқановтың «Адасқандар» романында «Наз қоңыр» өлеңінің әні Игібай әншінің екендігі айтылады.

50-ші жылдардан бастап Игібай Әлібаев ақындар айтысына қатысады. Ол Ахметжан Нұртазинмен, Мұса Асайыновпен, Уахит Темірбековпен, Теміргали Қасеновпен сөз сайысына түседі.

Мұса Асайыновтың өмірі мен шығармашылығына тоқталатын болсақ, алдымен оның Үкілі Ұбырай

Сандыбайұлының немере інісі екендігіне назар аударап едік. Ол Ахмет Жұбановқа арнаған «Құттықтау» деп аталатын өлеңінде:

«Белгілі қүйші, дана жыр тануын,
Көз тартар Кекшегүлдің қылтанымын.
Кім десен, атым Мұса, тұлпар тұяқ
Үкілі Ыбырайдың ұрпағымын», – деп

мақтана жырга қосады.

Ақын шыгармашылығы әсіресе алпысыншы жылдары шарықтай есті. Ол «Көгілдір Кекше», «Тың толғауы», «Батырларға мың алғыс» толғауларын, «Аңшы анызы» поэмасын, көптеген өлеңдерін жазып, «Қамсақты», «Ауыл», «Мөлдір көздер» т.б. әндерін шыгарады.

Сонымен қатар, айтыс өнерінде де ұшқыр ойлы сөздерімен елге танымал болады. Ол Игібай Әлібаевпен, Совет Баймағамбетовпен, Қабиден Жаудинмен, Бикен Сембаевмен айтысқа түседі.

Оның орындауымен Үкілі Ыбырайдың, Балуан Шолақтың, Біржан салдың, Ақан серінің әндері күйтабакқа жазылды.

Өкінішке орай, ақын Мұса өмірі қыска болды. Дегенмен де, Мұса Асайынов XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде поэзияны одан әрі дамытуда ат салысқан, Үкілі Ыбырай мектебінен шыққан, ата-баба мұрасын бүгінгі күнге жеткізуде, насиҳаттауда көп еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

Сонымен, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайновтың өнер жолындағы өсүі, қалыптасуы, домбыра тартып, ән айтып, үздік туындыларды насиҳаттаудан басталса, одан әрі олар ақындық, импровизаторлық таланттарын танытып, айтысқа түседі. Олардың шыгармашылықтары арқылы сабактастықты, ұштастықты да байқаймыз.

Үш ақын да бір ортада, бір мектепте тәрбиеленеді. Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолак, Үкілі Ыбырай т.б. әндерін, орындаушылық шеберліктерінің насиҳатталуы соның айғагы.

Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Мұса Асайынов XX ғасырдың 30-60 жылдар аралығындағы қоғамдық –

әлеуметтік ортада қалыптасқан тұлғалар. Олардың терең толғамды, мазмұнды, өзіндік ерекшелігі бар әдеби мұралары қазақ поэзиясының тарихынан орын алуы – құптарлық жай.

Қазақтың айтыс өнерінің алға басып, дамуында да ақын агаларымыздың еңбегі зор.

Улгі боларлық осынау шығармашылық тұлғалар, олардың халық қазынасына енген әдеби мұралары, эрине, шәкірт ергізіп, еліктірмей қоймаған.

Ақын агаларымыздың поэзиясы саяси-әлеуметтік, табигат тарағтарына арналған өлеңдерімен ерекшеленеді. Олар тұған жерін, елін, халқын жырларына тиек етіп, елінің елдігін, өзгеріс-құбылыстарды, жетістіктерді, кемшиліктерді айтып жырлаган.

Мысалы, Молдахмет Тырбиұлының «Қарт ақынға», «Ақан серіге», «Жәкене», «Құттықтау», «Абайға», Игібай Әлібаевтың «Абай жыры», «Құләш», «Батырға», «Ұмытпас ұлы ақынды көне тарих», «Домбырама», Мұса Асайиновтың «Жамбылға», «Ақын інілеріме», «Ұстазға алғыс», «Құттықтау», «Батырларға мың алғыс» т.б. өлең, толғауларын атауға болады.

Сонымен қатар, арнауга құрылған толғаулардың хат, терме үлгілері де айқындалды. Мәселен, Молдахмет Тырбиұлының «Сәулеш» толғауы хат үлгісінде берілсе, «Бақытқа халқым кенелген», «Тасқындарды өлеңім» толғаулары термеге құрылады.

Ақын өлеңдерінде сұлу табигат көріністері мен қызу еңбектің көріністі үйлесіп отырады. Бұл орайда, Молдахмет Тырбиұлының «Кекшениң бауырында», «Кектем», «Май келді», «Кектем жыры» т.б., Игібай Әлібайұлының «Кектем әні», «Жаз күні», «Кектем шумақтары», «Біздің кектем» т.б. өлеңдерін атауға болады.

«Жағасында Есілдің», «Кекшениң бауырында» деп аталатын өлеңдерінен тұған жерге деген пәк сезімнің күшін анғарсақ, Игібай Әлібаев өлеңдерінде кең байтақ қазак жерінің тұстастан әсем суретін тамашалаймыз. Оның «Алатая», «Алтай», «Зайсан», «Марқакөл», «Ертіс әні», «Кекшемен сырласқанда»

т.б. өлеңдері тізбектеліп, туған жеріне деген тебіренісін, сүйіспеншілігін аңғартады.

Игібай ақынның өлеңдерінде сатирылық кейіпкерлер арқылы өмірдегі келенсіз қылыштары сыналғандығы байқалады. Бұл орайда, Игібай Әлібаев «Сандалбай» деген өлеңінде сенделіп жүрген безгелдендерді сынап, ақыл берсе «Шылымшылардың кейіріне» деген өлеңінде «Күл шогын түсіріп, былш – былш түкіріп, айнала былғап, кетеміз жырлап» деп жағымсыз қылыштарды әжуа етеді. Ал, Молдахмет Тырбиұлының «Пысықтар» деп аталатын өлеңінде елді алдап арбап жүрген ел басшылары келеке етіледі.

Молдахмет, Игібай ақындардың өлеңдерінің бір тобы адам өміріндегі жастық шақтың өтіп, кәрілік кірген кезін арналады. Бұл орайда Молдахмет Тырбиұлының «Қайран жастық», Игібай Әлібаевтың «Жас шағым», «Қош бол, жасты», «Кәрілікке» деген өлеңдерін айтуга болады. Ақындар өлеңдерінде жігіттік жас кездерінің өткенін өкінішпен жырлса, бақытты жас өмірді келешек ұрпаққа тілейтіндерін айтады. Олардың кәрілік, жастық шақ турасындағы ой-толғанысары Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жанақ, Шал ақын өлеңдермен салыстырыла қаралып, орайласып жататындығы анықталды.

Сонымен, Молдахмет Тырбиұлы, Игібай Әлібаев, Иұса Асайынов шығармаларын тақырыптық-идеялық, жағрлық жақтан саралай келе, ой қорытатын болсақ, біріншіден, олардың поэзиясы жанрлық жағынан алуан түрлі және негізінен арнауға құрылады, екіншіден, шығармаларының мазмұны җаяси-әлеметтік тақырыпқа құрылған, үшіншіден, Молдахмет, Игібай, Мұса ақынның шығармаларында халық поэзиясына тән қалыптасқан дәстүрдің жалғастығы, үндестігі байқалады.

МОЛДАХМЕТ ТЫРБИҰЛЫ (1882-1957)



Халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы 1882 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, «Еңбек» кеншары, Қарауыл руының қоныстарының бірі – Қожым ауылында дүниеге келген. Үкілі Ыбырайдың шәкірті, «Қарақат көз», «Жиырма бес», «Ыбырайдың былқылдагы», «Гәккү», «Шалқыма», «Ақтайлақ», «Қаралдым» әндерін елге таратушы және шебер орындаушы. Ол ақын, әнші, жыршы, термеші, төкпе айтыскер ақын.

ӨЛЕНДЕРІ

АБАЙ

Заманда кара түнек ол қаранғы.
Көтердін қолына ұстаң жарық шамды.
Бакыттың алтан кілті ғылымда деп,
Үйреттің шыңға шық деп сан адамды.
Қазактың күміс кемер дариясы,
Жыр сөзің – алтын-ақық гауһар тасы.
Данышпан ой иесі, жар бұлағы,
Туар-ак, туар сендей болып ел данасы.
Еліңе күн көзіндей болдың жарық,
Тұлпардай қалың топты шықтың жарып,
Болса да сен өлгелі міне қырық жыл,
Ұмытпай есте сактар сүйген халық.
Қазактың шың бұлбұлы қызыл тілге
Негіз сап өлең сөзге соқтын ірге.
Болса да сен тугалы міне жүз жыл,

Өзің де, сөздерің де бізben бірге.

ҚАЙРАН ЖАСТЫҚ

Екі шекті қолымда кү қарағай,
Даусым саған не болды сырғанамай.
Қызыл гүлдей жайнаған қайран жастық,
Шақырсам да кеттің бе бір қарамай.
Күйге келер домбыра бұрауменен,
Сөз жүйесі түзелер құрауменен.
Піскен алма секілді қайран жастық,
Екі айналып келер ме сұрауменен.
Келіп калдық мінекей талай жасқа,
Нысан кіріп агарды сақал – шашқа.
Алпыс пенен жетпістің арасында
Сөзім ортақ болып жүр кәрі – жасқа.
Жақсыменен кездессем жанасамын,
Алтын бесік еліме жарасамын.
Шаршы топта сайраған бұлбұл едім,
Қай арысқа салсаң да таласамын.
Құлақ құрышын сөйлесем қандырамын,
Жігіттіктің гүлі боп жандырамын.
Артымдағы жеткіншек Темірғали,
Бұл әнді саған арнап қалдырамын.

ЖАҒАСЫНДА ЕСІЛДІҢ

Сылқ-сылқ құлген сұлудай, сылан қағып,
Сырласқандай сыйырмен сырғи ағып.
Еркелеген Есілдің күміс сулы,
Жағасында тұр едім рахаттанып,
Тұн тұндігі сырлылып кек аспаннан,
Күн көрінді қанталап шығыс жақтан.
Алтын сәүле себіліп жер құлпырды,
Көркем тұрмен, көңілді, көзді тартқан.
Жүрек қылын шертерлік эсем үнмен,
Естігісі келгендей мақтау гүлден.
Бұлбұл құс та сайрады тоқсан толғап,

Келмегендей қалғысы зор дүбірден.
Шымылдықтай төгілген көленделіп,
Ақ балтырлы қайың мен шырша, терек.
Билегендей болады қуанышпен.
Назын айтып, бой созып, күнге еркелеп.
Ойнақ салып өрбіген тулік майдар,
Момақан қой, сал сиыр, жібек жалдар.
Жұтқыншақтың жылтылдаш жұмырындай,
Ойнақ салған ортада құлын-тайлар
Құба белгे қарасам қызған еңбек,
Күнді алмаққа созғандай құлаш сермен.
Колхоздың еңбекте озық ерендері
Салып жатқан сектілді тарихқа өрнек.
Тау суындай тасыған табыстары,
Тасқын берген табысқа жарыстары.
Сәулетті өмір, шат тұрмыс өз қолында.
Жер сілкінтекен желпінер дабыстары.
Нұр текті күміс күн қызыл туға
Көнілді ел де, жер де, бел де, су да.
Сүйсіне көрініске көзді қадап,
Жөнелдім ел кірпішін қаласуга.

БАҚЫТҚА ХАЛҚЫМ КЕНЕЛГЕН

Ақын деп несін айтайын,
Топ көргенде қозбаса.
Тұптен тартып іштегі,
Өлеңмен сырды қозғаса.
Жыршыда қанша қасиет,
Жұрт тыңдарғып созбаса,
Домбыра тисе қолыма,
Тасыған көніл көл болар,
Аузымнан шыққан сөз бейне,
Тасқындаған сел болар.
Толғау десем ағылып,
Қызыл тілім жорғалар.
Бұлтындашы қызыл тіл,

Дауылда соққан құйындей.
Қалаулы бол халқына,
Ерлік істен сұйылмай.
Ойнақ салшы он саусақ,
Байланбаған құлышнадай.
Бұлкілдесін көмекей,
Есілдің ерке сүннадай.
Қатардан қалмай қарышта,
Алғыр ой мен жез тандай
Көтерілші дауысым,
Көрікті көлдің күннадай.
Ерлік іске келгенде,
Отанның бол батыр ұлындей.
Досым болса сүйінсін,
Дүшпандарым күйінсін,
Ерегісекен жауыма,
Сөзім бір болсын найзагай.
Ала болса, ел болмас,
Қардың суы көл болмас.
Несерлеп жауын жаумаса,
Көкорай шалғын бел болмас.
Ежелгі жау ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас.
Жаның қияр достарың,
Тұысканнан кем болмас,
Екі талай егесте,
Жақсы мен жаман тең болмас.
Жетесіз туған жігітке,
Желкелеумен ем қонбас.
Бір ауызды қалың ел,
Азулы жауга жем болмас.
Қара ниет, қара жау,
Еліме салды тырнағын.
Қан құмартқан қасқырдың
Тұмсығы тасқа согылды.
Қан ізделеп келген сұмдардың

Өздері қанға көмілді.
Майданда жүрген жігіттер,
Ел үмітін ақтады.
Анталап келген азғынды,
Табанға сап таптады.
Ал сендер, ага-келіндер,
Жеткіншек жас балалар,
Ерінбендер еңбекте,
Ерлерге болып пара-пар.
Женіске бізді бастайтын
Партиядай дана бар.
Домбырамды қолға алып,
Біразырақ ойланып,
Өлең бір кетті қозгалып.
Тасқындаі тасты көнілім.
Ақку құстай толғанып,
Ақ иық қыран бүркіттей
Қанатты серпіп, қомданып,
Қонақтады он саусақ
Өлең сөзге жол салып.
Қатарға ел ғып тәңгерген,
Қара қазақ баласын,
Еңбекшіге үйреткен,
Ақылдың алуан саласын.
Зор бақытқа бөленткен
Сарыарқадай даласын.

ЖҰМБАҚ

Серіз қарын, екі тілді, жалғыз тұндік,
Өзіммен сырласады етсем бұйрық.
Ақку ғойын, қоян жақ, елігім-ай
Қамыс құлақ, кең құрсақ, қозы құйрық.
(Домбыра)
Бір нәрсе екі түрлі заттан тұрған,
Адамзат шығарады істеп қолдан.
Қаншама ұзақ гүмір сүрем деседагы,

Өмірі бітер аз күнде таза судан.
(Сабын)
Бір нәрсе қызыққаннан алдым қолға,
Еркек – әйел ісіне бірдей жорға.
Жұмысын әрі-бері бітірген соң
Тізесін бүгіп жығылады қазған орга.
(Бәкі)

БАҚЫТТЫ ӨМІР ЗАМАН-АЙ!

Өтілті эн бұлбұлы Ақан сері,
Топта озып жүлде алған құлагері.
Саласын Сырымбеттің қүнірентіп,
Арқаның асау туған ардагері.
Көкшеден Біржан өткен толғап әнін,
Ел сүйіп естігенде толғағанын.
Солардың атын атап әнге бассам,
Кетеді бойым балқып, қызып қаным.
Біржан сал, Ақан сері қалдығымын,
Өзіндей болмаганмен тандығымын.
Солардың ізін күүп әнге басқан,
Грамофон алшындаған сандығымын.
Біржан-сал, Ақан-сері құрдым салтын,
Жақсы ой келтіреді көңіл жарқын.
Гүлденген Сталиндік заманаңда.
Ән басқан жетпіс жаста ақын картын.
Қиянатта төгілмес жыр, сайрамас тіл.
Құлпырған заманымыз – алқызыл гүл
Ай қалам тамылжыған қалың бақта,
Емес пе сол бақшада ақын бұлбұл.
Колхозым Қызыл-тулы алтын бесік
Көркейіп, көлемденіп келеді есіп.
Жайлауым отарланған малға толды.
Бақыттың байлығымен ашқан есік.
Көкшетау туып өскен жерім дарқан,
Ен байлық өскен малға толған алқам.
Сый қылып осы әнімді тарту еттім,

Басарсың өзімдегі қып Мұса қалқам.

СОЛДАТ

Откір көзді, кен иық, орта бойлы,
Жылы жүзді, тұнғиық терең ойлы,
Кесек тұлға, қонымды сұр шенелді.
Көз алдынан сол адам шықпай қойды.
Ұзак қарап көнілдің көзіменен,
Тілдескендегі отырдым өзіменен.
Салқын қанды, салмақты кескіні де,
Тербеткен мені ыстық қанқылыменен.
Соны көріп қарт көніл ширай түсіп,
Шықты асқақтап, аспандап әнді қосып.
Откендей күнді шолуға кетті ұшып.
Жер мен көктің арасын жалын қоршап.
Күні кеше жауғанда оқтан бүршак,
Адам қаны сел болып аққан шақта
Қан майданда қажымай жүрді ұрыс сап.
Бүгін бейбіт отанның даңқын қорғап,
Аттамасқа аяғын бізге кәzzап.
Болат сауыт жамылып тұрсаң шептте.
Қазір елде, еңбекте мен дे солдат.

ТОЛҒА, ТОЛҒА, ҚЫЗЫЛ ТІЛ

Халқым сөзді бергенде,
Ақ домбыра колға алып,
Жөнелейін мен де енді
Жыр төгейін нөсерлеп,
Дауылда соққан жаңбырдай.
Ойнақташы он саусақ,
Арқардың жас қызындар
Тартынбай енді қызыл тіл,
Жырынды тәк тасқындар.
Көмейден әнім тәгілсін
Таза бұлақ сұындар.
Аянбайын халқымнан,

Тартынбайын шабандап,
Жырымды терең төгейін,
Жүйріктейін құлаштап.
Жүйрік жүйрік болар ма,
Баурын жаза шаппаса.
Әйгі болса халыққа,
Алдына жан салмаса,
Батыр батыр болар ма,
Еліне жауы келгенде,
Қолыңа қызыл ту алып,
Ақ алмас қылыш қолға алып,
Ұрандата шаппаса.
Қыран қыран болар ма,
Құздан асып шың барып,
Шырқата ұшып аспаса,
Қомдана қанат қақпаса.
Ақын ақын болар ма,
Шаршы топқа салғанда,
Жыр нөсерін халыққа
Әйгілете шашпаса.
Қазіргі күнде халқыма
Көз жіберсем салтына,
Бесжылдықты төрт жылда
Орындау деген қарқында.
Колхоз, совхоз, далада,
Зауд, фабрик, қалада
Үн шығады дауылдап.
Ұранға ұран ұласып
Тұсті халқым жарыска.
Ленинград өрені
Шақырды бізді жарыска.
Қалып қойсақ егер де,
Қалмаймыз ба намысқа?
Қарағанды, Донбаста
Қоңырат сонау Кузбаста
Шымкент пен Ембі, Балқашта,

Балкаштан сонау Бакуге
Бір-бірімен бас қосып,
Түсіп жатыр жарыска.
Елімнің көрдім жарасып,
Халқымның жана табысын,
Колхозшы ер, эйелдер,
Қызмет етсөн аянбай,
Тау суындай табысың
Аяқтауга кешегің
Коммунизм құрылсын.


КОКТЕМ

Көктем күні жайнады,
Нұрын тәгіп еліме.
Сәнді өмірге болып сай,
Оранды гүлге жерім де.
Құлпырды міне кен өріс
Күлім түсіп төріне.
Мал жайылып өріске,
Тойынды жер көгіне.
Өсе бер түлік, өсе бер,
Жайнаған көктем күнінде.

52
43
44
53

МАЙ КЕЛДІ

Май келді, маймен бірге бұлбұл келді,
Бұлбұлдан ән шырқаған бір үн келді.
Жинаған Сталиндік алтын заңын
Сыландарап күні күліп, мың түрленді.
Май келді, кербез қайың сыландады,
Бәйшешек, гүл қызғалдақ бұланадады.
Той тойлап, күйін ойнап, көкке бойлап,
Жымындал сансыз жүлдyz, күн аумагы.
Май келді, еңбекші ел салып ұран,
Мереке, сән-салтанат салып думан.
Еңбектің алып қайрат күйін ойнап,
Жарасып аспан асты қақты бұлған.



Сызылып көгін өрлеп майдың айы,
Күлімдеп еңбекші елдің ерке тайы.
Жайқалып гүл бөленіп, жұпар сеуіп,
Құлпырды ен даланың қыр мен сайы.
Сүйсініп май ұніне мейірі қанып,
Жаңғырды аспан асты әнге салып,
Май келді, май келді, жаса май деп,
Ұраны еңбекші елдің жерді жарып,
Май келді, маймен бірге куанамын.
Май келді, маймен бірге шығады әнім,
Құнім май, жұлдызым май, мерекем май,
Қолыма құрметіне ту аламын.

КӨКШЕНИҢ БАУЫРЫНДА

Көкшенің мұнар бұлты қөкті сүйіп,
Сан қыран кете алмаған көзі қыып.
Ну орман, калың тогай, жайлауы ырыс,
Мақтаган талай ақын деп «жерұйық»
Өскелен өрге ұмтылған балуаны,
Жігіті өскен емес болып бұйық.
Бурабай – жер сұлуы, жер жұмғы,
Суы бал, дертке шипа топырағы.
Сексен көл саясында жарқыраған,
Күмістей сымға тартқан бұлактары.
Сұнқарға ұя болған биік шыңы,
Нешелер ел туғызған ел дүлдүлі.
Теніздей терең ойды тебіренткен,
Атақты ғалым Шоқан Шыңғысұлы.
Ұласқан тал, қарагай, аппақ қайын,
Кез тартар көркем Көкше көрген сайын.
Саумалкөл – ен дәүлеттің қазынасы,
Ойнаган құрық тістеп құлыш, тайым.
Зеренді зер бөленіп мұнарланып,
Көлінде тайдай тулап өскен балық,
Жыр толғап аузыма алсам игілікті
Майыса құрақ біткен жері түкті.

Еңбекте үздік шыққан өрөн ерлер
Жарыста топты жарып, сыйға ілікті.
Үлгілі бір колхозым «Қызылжұлдыз»
Болғанда суы – кәусар, шебі – құндыз,
Аңғарға төрт түлікті малы сыймай,
Сапырған саба-саба сары қымыз,
Табысым жүйеленген буын-буын,
Бал татыр «Бестараудың» ішсең суын,
Колхоздар озат шығып алып отыр,
Еңбектің ауыспалы Қызыл туын.
Атақты бір колхозым – «Қазақстан»
Қоры мол шығарғандай үш жыл қыстан.
Еш уақыт қылышының дақ сала алмас.
Қылышын сүреп келген қыс зымыстан,
Менгеріп тракторды алдық жегіп,
Колхоздар десте-десте егін егіп.
Дәүлетті ел тұрмысын қамсыз етіп,
Артығын үкіметке бердік төгіп.
«Қиялы», «Шагалалы» совхоздарым,
Береді миллион тонна астық дәнін.
Құн-тұні жөнелтеді поезбенен
Азығын соғыстағы армиянын.

ҚАРТ АҚЫНҒА (ЖАМБЫЛҒА)

Оқысақ өнер табамыз,
Қолбасшы біздің данамыз.
Көрмесек те жузінді
Газеттен оқып қанамыз.
Сөзіңізден улғі алып,
Оянар ма екен санамыз.
Жырга қөзін талдырған,
Оқып сусын қандырған,
Біз сияқты баланыз
Жолсыз жерге жол салған,
Жырдан шауып жүлде алған,
Жамбылдайын бабамыз,

Балаңыз етті бір талап
Лебізге сіздің сусамақ
Тәрбие-тәлім алуға
Құмармын сондай ынталап
Қарадым сөздер термеден
Ілгері құлаш сермеген
Аяқтың аздап желі бар
Ұзаққа шауып көрмеген.
Тоқсаныңда ән салдың,
Самсаған тойды қақ жардың,
Игілі талай істерді
Қошаметпен қарсы алдың.
Газетке жырлар жолдадың.
Сұмырай сасық заманды
Түптеп жендей, болмадың.
Қырандай ерте көздеген
Кешіктірмей, тез деген,
Арам ниет сүмдарға
Соққы бердің сөзбенен.
Алға бассын сапаңыз
Түзелер болса қатеміз.
Ескергенде қол берген.
Маңызға қарай жол берген.
Өмірі жас бас қарт
Жасартқан түрмис атамыз.
Осындай бір жаздым кеп
Сөкпеніз былай жазды деп,
Талап етсе балаңыз
Жетекгей қолдан ала кет
Осынша жасқа келгенде,
Сөз асылын тергенде,
Жасар бабам, жасар деп,
Сөйлеуге кезек бергенде,
Қызыл тілім тартынба.
Жайнаған гүл халқың да,
Бір туысқан бауырлар.

Тілектес сіздің артында
Арқа сүйеп бабама
Сөйле бір тілім, сейле енді,
Созге шешен маманым.
Газетте сізбен танысып,
Жырына көзді қададым
Тақлагым барып сіздерге
Сыналса дейді талабым.
Жетектер деп шыландан
Сізді өзіме санағым.
Жакендейін қартымыз
Газетке өрнек тартыныз.
Мәнгі нұрга бөленип,
Сары алтындаі балқыныз.
Бір тілек, бір жүрекпен
Қарсы алады халқыныз.
Домбыра қолға алғанда,
Дариядай шалқыныз.
Дарияға тенесем,
Кей жылы ол да тартылар.
Сөзбенен таяқ жеп жатыр
Шпион, жауыз қан құмар.
Осылай біздің шартымыз
Өрлесін алға даңқыныз.
Үлгі болсын жастарға,
Сіздің құрган салтыныз.
Жаса Жәке, жасай түс,
Мұныныз сіздің игілі іс.
Қабылдаймыз құттықтап,
Бар еңбекші қалпыныз.
Тұр кіргіздін далама,
Сезім бердің санаға.
Тоқсанда қайта жасарып,
Жасадың қайта жаңара.
Біз сиякты балаңыз,
Қол созады панаңа.

Жалынды сәлем біздерден
Қос орденді бабама.
Сөзіме құлақ салыңыз,
Балаңды еске алыңыз.
Өткен сонау заманда
Қандай еді қалыңыз.
Патша билеп халықты
Қонырайды халқымыз
Сол бір кезді ойына ал,
Кете барды маңымыз.

АБАЙҒА ЕСКЕРТКІШ

Абай, Абай атанып,
Атағы жерді жарғанда,
Артық туып қазакта
Ресейге данқы барғанда,
Абайдың өлең әндерін
Бізден үлкен салғанда,
Құлақ түріп мендагы
Жырларын таңдал алғанда,
Абай туып алыста
Сонау Шыңғыс тауында,
Абай сөзі шыққанда,
Бала едім ауылда.
Қаршығадай қалықтап,
Өлеңі келді еліме.
Қыран құстай шалықтап,
Қонды өлеңі жеріме.
Ақын Абай өлеңін
Қаршыға қып ұстадым.
Домбыраға үн қосып
Кейінгі жасқа нұсқадым.
Елге үлгі сөз айтсам,
Абай болды ұстазым.
Мен де Абайдай сынасам,
Жерге кірді дүшманым.

Жас алпысқа келгенде
Олең, ән сусын жұтқаным
Ұлы Абайдың күнінде
Осы өлеңім – қосқаным
Торқалы тарту әзірлеп,
Дүбірлетіп басыңа
Айдап келген қысралым.
Абайдың асыл өлеңі
Теніздей тасып келгенде,
Қазақстан даласы
Маржан етіп бергенде,
Мениң де жас інішегім
Абайды тегіс көргенде,
Үлгі алып жырынан
Өлеңнен өрім өргенде,
Сәбит, Ғабит, Жақандар
Жұмагали, Тайыр ақындар,
Есмағамбет, Қалмақан,
Әбу, Хамит, Мұқандар,
Абайға бәрі ергенде,
Мектебінен Абайдың
Бала жаттай өргенде,
Көкшетау мен Қызылжар
Ақмола мен Атбасар
Ақындары теп-тегіс
Ұлы Абайға ергенде.

КЕЛІСІМ

Ақын ем топқа түсіп жарқылдаған,
Айт десе, өлең-жырға тартылмаған.
Қызғанда алты айлықты алты басып,
Бұлақтай жырым тасып сарқылмаған.
Айтысқан екі санлақ жеткіншегім,
Жырларың жаудың бұзды құрган шебін.
«Ақын – елдің айнасы» – дегендей-ақ,
Байлықты көп қалайық көрді көзің.

Жауларға сендердің тілің найза,
Сындарын өсу үшін елге пайда.
Ерлердей ерегісте жауды жеңген
Ұқсады асыл жырлар найзагайға
Жаулардың тәбесінен тұсірсін жай,
Құлақ сал сөздеріме екі асau тай.
Кеменгер Сталиннің нұсқауымен
Өсіндер қанат жайып кең құлаштай.
Елің өрге өрлеген көрдім ісін,
Үдесін күннен күнгө қарқын күшін.
Тоқтаңдар көп ұзатпай осы арадан
Ағалық айтқан ара келісімім.

АТТАН АУЫЛЫМ!

Сөз жүйесі қозғалсын
Домбыра қолға алғанда,
Жыр асылы құралсын
Шырқата әнге салғанда.
Ағыз тілім, асыл жыр
Қарқын бере халқыма,
Көңіл құсы өрге өрлең,
Аспанда биік кек көлбеп,
Барған сайын қарышта.
Қатарынан қалыспа,
Талмай шапқан жүйрік ем,
Тұскен талай жарысқа,
Топқа тұскем белсеніп,
Келтірмей кір намысқа.
Делебе дуда қозатын,
Қос тізгінді созатын,
Ұлы дүбір жарыста.

Уа халқым, құлақ сал,
Алдында асу биік жар.
Ілгері өрле қарышта,
Қарқын қосып қарқынға

Қатарыннан қалыспа.
Егінші ел, жарандар,
Бұл сөзіме құлақ сал.
Байтақ далан егін жай,
Онда өсір ақ бидай.
Оқ қып атып әр дәнді
Құртайдық сүм дүшпанды.
Қазақстан – байтақ ел,
Үлкен үйден енші алғалы,
Көк орайлы далага
Сансыз малды жайғалы,
Ауылымның қотаны
Мың сан малға толғалы,
Қанаты күйген сұнқардың,
Тұяғы күйген тұлпардың,
Шөлді дала гүлденіп,
Гүл өсіп дала түрленіп,
Өн кіргелі жеріме,
Бақыт құсы қонғалы,
Алыста қазақ еліне
Ширек ғасыр міне өтті,
Кенже қалған мешеу ек,
Дәулетті бол ел өсті.
Алтын бесік ауылым,
25 жылдық сол тойға
Торқалы тарту әзірле,
Қыздырып еңбек майданын
Жарыста ешбір іркілме.
Көктем құнгі егісті
Сапалы етіп салайық,
Сөйтіп, ауылым егіннен
Мол өнімді алайық.
Біз өсірген алтын дән
Оқ бол тисін неміске,
Аттан ауылым егіске!

ЕГІН

Ашылды енді көзің, еңбекті тап,
Топтанған машиналар егінді сап.
Шаруаны мәдениетке айналдырыды,
Етуге еңбекшінің көңілін шат.
Комбайын дән жинастын машинамыз,
Астықты бабында алу қамын женіз.
Болса да қандай ғана машиналар
Пайдасы бізге тиер ұшан-төңіз.
Серпілді басқа түскен қара түнек,
Шыққан соң конституция – алтын зан.
Патефон алдымызда ән сап отыр,
Қанекей өнер бар ма асқан бұдан.
Жансызыға міне осы жан салынған
Әуелде осылай еді құрган план.
Аралап кек бетінде сайрандап жүр,
Ұшқыш бар тағы бізде аэроплан.
Жолдастар, құлак салып тында кеңес.
Сөзімді естіген жан бекер демес,
Әперген мұндай тендік қолымызға,
Жасасын мәнгі талай біздің кеңес.
Атанды бас құрап кеңес елі
Партия сүйенетін асқар белі.
- Елі бай – жері байдың – деген мысал
Бізде бар неше түрлі жердің кеңі.
Жайылған білім, өнер халқымда бар,
Тау мен тас неше түрлі барқын да бар.
Еш нәрсе дүниеде тең келмейтін
Қымбатты жерімде алтын да бар.
Бұлдағы керекті зат қорғасын, мыс
Жұмсалды осыларға бірталай күш.
Ынталан, еңбек сіңір жұмыскерлер,
Жақсарады еңбекпенен біздің тұрмыс.
Қол ұстас, құш біріктір қоян-қолтық,
Сескенбе еш адамнан, сірә қорқып.
Арнаған бұлғандагы құралы бар.

Гүрліше зат алады тастан қортып,
Болмаған өткен күнде саналылар,
Қазірде алып құш, қайсар жүрек маманы бар.
Тайсалма ешнәрседен корғалақтап,
Жігіттің күні туды талабы бар.
Кадрлар шығып жатыр өзімізден
Енді біз басқаларға болмаймыз жем.
Нығайдық қанат жайып жылдан жылға
Бұзылмас дария тасып жүрсе де сен,
Жүйріктегі қызар сонда жолқылса тер.
Орлейді шапқан сайын тынысы кең
Саяси оқығам жоқ, мен қараңғы.
Сөзімді қате болса, сөкпеніздер.
Қыскаша осы біздің өмір тарих
Гүлденді жана тұрмыс шешек жарып,
Көсемнің Сталиндей арқасында
Тенденкке қолың жетті миллион халық.
Жасасын пролитриат үстемдігі
Жырышының көксейтіні көптің мұны.
Жасасын мәңгі жасайды да
Сталин биіктегін биік шыны.

ЖЕНІС ЖЫРЫ

Жүйріктей жүйіткі желпініп.
Айыр көмей қызыл тіл,
Бұлақтай көзі ашылған.
Алғыр ойдан ағыл жыр.
Көтеріл көкке дауысым,
Ақынқтай қомданып,
Сүйрік саусак, екі шек,
Кезің келді толгайтын.
Жауга берді соққыны
Қызыл қыран-айбынды ұл.
Ел женісін құттықтап
Шешек жарды қызыл гүл.
Жыр нөсерін құюда

Топта озған сан бұлбұл.
Аңсап күттік бұл құнді
Тәрт жыл бойы мына біз.
Сол тәрт жылғы жорықта
Тарихқа өшпес салдық із.
Тарих аспас кезенен,
Мына біздер аттадық,
Қас дұшпанды қан қылып
Ерлікпен дәстүр сактадық.
Кеменгер көсем соңынан
Ұмтылды жауға бар халық.
Тас кескен ақ алмасты
Алды кекке ер жанып.
Ұмтылды жауға қызыл ер
Шеру тартып, атой сап.
Болат білек құрыш күш
Құрылған отряд ерлерден,
Атқан оғы мұлт етпей,
Ақ алмастар сермелген.
Бір ауыздан сөз шығып,
Бірлігі шыққан бір женен,
Анталаган дұшпанды
Тоқтыдай қып өңгерген.
Женіске елді бастаған,
Адамнан асқан данышпан,
Сталиндей көсемге
Айтамын алғыс жүректен.
Қас дұшпанды жайратып.
Женіс күнін тудырган.
Бақыты үшін халқымның
Талай ер қылды жан құрбан.
Кегін алып ерлердің
Ордасын жаудың қан қылған.
Бұзылмас талай қамалды
Советтік қызыл ер бұзған.
Бақытқа елді жеткізген

Ұлы Сталин данышпан,
Іс болжаған алыстан,
Мәңгі жаса Сталин
Кеменгер көсем, данышпан.

ЖӘКЕҢЕ

Жұз жасаған Жамбыл қарт,
Сөзіңіз бар ед алтындей.
Сейледің топта тартынбай.
Күміс кемер дария
Аққан жырың сарқылмай.
Сұм заманда, түнекте
Ел деп соқты жүрегін.
Елді қысқан қыспақтан
Құтқарам деп жүдедің.
Октябрь таңы атқанда
Қайта жасап түледің,
«Жиырма бесің» оралып
Тасқындар тасып үдедің.
Жүзге жасың жеткенше,
Тасқындар тасың жырынды.
Алтын ойдан атқарып,
Халқыңа аштын сырынды.
Шөлделеп ішкен сусындей
Қалады халқым үнінді.
Бақыттың ашып бақшасын,
Күн қылды көсем түнінді.
Еліме тегіс таратты
Ақыл, ой, өнер, білімді.
Көсем атын әндетең,
Жыр нөсерін бораттың.
Мұддесін корғап елімнің,
Жырыннан жауға оқ аттың.
Кремльдің төрінде
Көсем алды қолынды.
Алтын айдай бақ беріп,

Жарқыратты жолынды.
Сталиннен қуат ап,
Тау сүйндай тасыдың.
Қайта туып, жасарып,
Төктің жырдың асылын.

АҚАН СЕРІГЕ

Арқаның ән бұлбұлы Ақан сері,
Жүлде алған топтан озып құлакерін.
Саласын Сырымбеттің сайрандаған,
Әнінді халқың білер ардакерім.

Кекшетау туып өскен жерің дарқан,
Бұл күнде егін, малға толған алқам.
Қалдырган қарауылға домбыраңды,
Ақын аға, әніңмен күнде тартам.

КӨКТЕМ ЖЫРЫ

Серпілтер көніл қырандай.
Кергендей бақыт күн нұрын.
Талпынар тұлпар тұралмай,
Естісе түяқ дүбірін.
Ерікті елім алдында,
Ұштырайын тіл бұлбұлын.
Жетпіске жасым жетсе де,
Табармын жырдың тұнығын.
Ежелден елге арналған,
Күш қайратым, бар жырым.
Келеді көктем – мерекем,
Егінді шықсын карт үнім.
Өйткені маған өзгеше,
Отырган жасап бұл жылым.
Ұлы іске үлес қоспасам,
Жүрегімде жоқ тыным.
Біздің ұлы партия,
Бастаған елді бақытқа.

Камқор болып халқыма,
Кеттік қырдан асып та.
Іргемде түр Торанғұл
МТС-і жайнаған.
Түзел, балтап колхозға,
Сан трактор айдаған.
Басталып тыңға зор жорық,
Қызу енбек қайнаган.
Үніне енбек бөленді,
Егінді, малды айналам.
Соларды көріп шаттана.
Мен қарт ақын сайраған.
Сан ғасыр жатқан қол тимей,
Құнарлы өлкे – кен дала.
Озінің тосып иесін,
Күткен ед көптен сарғая.
Кел, ағайын колхозшы,
Жұмыс егіс қамына.
Өсірген егіс ұқыпты,
Жетсін аттын жалына.
Алтын дәнді ақ астық,
Үйілсін болып қазына.
Тасысын енбек тасқыны,
Бақытты елдің бағына.

ОЯНҒАН ӨЛКЕ

Сары дала қазақ елі мекен еткен,
Сан ғасыр еміреніп, енбек күткен.
Анда-санда қылт еткен аңдан басқа,
Ештеме көрмеуші едік төңіректен.
Ақ қаудан, алабота, шенгел, шағыр,
Жамылып жатушы еді ойменен қыр.
Белестер сағымданып, көзді алдап,
Бойына сақтағандай бір терен сыр.
Бос жатқан кен өлкені көрді көзі,
Деді де: - Менгеретін келді кезі.

Партия комсомолдың армиясын,
Тың жерге аттандырды бастап өзі.
Қол тимей көп гасырлар жатқан бұрын,
Құлпыртып адыр, тәбе, ой мен қырын.
Тың жерге болат қолын нығай салып,
Тракторлар шырқады енбек жырын.
Құлазыған кең дала қала болып,
Шөлейіт жерге өзен, көл суын беріп,
Өзгертіп табиғатты халық қүші,
Жемісін сол еңбектің жатыр теріп.
Салтанатты, сәулетті жаңа қала,
Гүлдеп, есіп келеді жанағана.
Түнде де басымайды мотор даусы,
Электрмен нұрланды біздің дала.

АТТАН АУЫЛЫМ ЕГІСКЕ

Құлім қағып күн көзі,
Ыңғарды айдаپ келді жаз.
Атой беріп егіске
Кику салды аққу, қаз.
Қар суына тойынған
Жер беті майдай дірілдеп
Қыс бойы баптап қойылған
Машинна шықты гүрілдеп
Әзірлеулі бар сайман
Көліктің жақсы күтуі
Күн қыздырып марқайған
Бұрқырап шықты жер буы
Аттан ауылым егіске
Жыл құсынан қалыспа
Жету үшін жеңіске
Тұс карқынды жарысқа
Бесжылдықты төрт жылда
Орындауға берік сөз.
Іске асырап сол сөзді,
Міне енді келді кез,

Болатты судай тасытып
Алтын, күміс ақтарған
Өндірісте ерлер бар
Ұлы міндет атқарған
Біз де содан қалыспай
Тасытайық алтын дән.
Орындалсын сертіміз
Көсемге бізден айтылған
Жетпістегі мендагы
Кептен қалмай еремін
Сөзбен, іспен, күшпенен
Көмегімді беремін
Аттанайық қарі-жас
Жұмыла көктем егіске
Тегінге кетпес маңдай тер
Еңбекпен жетсек жеіске.

ІСКЕ СӘТ (ЕГІН ЖИНАУ МАУСЫМЫНДА)

Кердін бе, көп диханшы – колхозшы ерім,
Ақталады жаздай төккен мандай териң.
Жайқалып бидай, арпа, сұлы, тары
Өсіпті тамаша боп бейне өрім.
Пісіп тұр, «мені ор» деп бір қатары,
Құтуде қара бидай, сұлы, тары,
Орып ал дер кезінде, шашпай-төкпей,
Жемісі енбегінің мұның бәрі.
Қалдырмай таза жина жалғыз масак,
Ұқыпты, кырмандарға және бол сақ.
Еңбектің ұлы дүбір майданында
Ұят қой жүлде алмай, кейін қалсақ.
Жинайық мол қазна ақ бидайдан,
Кеш қалмай, ұмтылындар осы тойдан.
Төртінші сталиндік бесжылдықтың
Айбынды міндеті бұл алға қойған.
Іске сәт, еңбек сүйгіш колхозшы ерім,

Ал ұмтыл, шық майданға - жина егін.
Еңбектің жемісімен гүлденеді,
Ұлы Отан, Қазақстан – туган жерім.

ЖЫЛ ҚҰСЫ

Тұлғалы туган еліме.
Оралды, міне, жыл құсы.
Тебіренткен мені де
Күміс қанат қоныр қаз
Қаңқылдаپ қонды көліме
Алма мойын аққулар
Отырды айдың теріме
Ақпан, қантар бастегі
Хош айттысты жеріме.
Көпіріп өзен құркіреп,
Кебігін атты құміс су
Сайлар бойы төгіле.
Бойы балқып жер-ана
Еміренді егіле.
Жаз жәннаты жан берді
Сарыарқа сұлу беліме.
Арқада ару - алтын құн
Мәуесін салды төгіле
Атой беріп, ұран сап
Жерде - өмір, көкте - нұр
Тасқындаған еңбекке
Кел, кел, – деді еріме.

II

«Адам» деген ардакты ат.
Берілген бе еді мұқыят
Әлде алдық па тегінге.
Жоқ... Өмір мен құресте
Атынды акта, атынды
Берілме, достым, берілме!
Колхозды мениң ауылым,

Ер колхозшы - бауырым,
Домбырамды қолға алып,
Егіске мен де барайын,
Олсөм болсын сусының
Бұлақ болып ағайын.
Жан жүйенде сергітіп.
Қос шекті мен қағайын.
Екпіндете еңсере
Қартайды деп ойлама,
Кәдеңе әлі жараймын.
Сендерге де серт болсын
Алтын дәнді бидайға
Голтыр колхоз сарайын.

III

Уа, ерлері еңбектің
Шебері еңбек өрнектің
Игілікті іске сәт!
Қызған еңбек тасқындал
Қайнайтуғын келді шак.
Асқақты тұлға, алып ой
Қосемнің аты жазылған
Жарыс туын жарқылдат.
Еңбегінен танысын
Жаулар тобы қан ішкіш
Барлық кәzzап айқындал
Кәне, достым! Қолын бер,
Коммунизмге барлық жол
Еңбекленен жөкейік
Ілгері аттан аршындал.

САҒЫНДЫМ КЕШЕГІ ӨТКЕН ЖАҚСЫЛАРДЫ
Жүйрігі орта жүздің Біржан салы,
Қандырған құмарынды салған әні.
Үш жүздің баласына аты мағұлым,
Тындаған үлкен кіші түгел бәрі.

Еркесі кешегі өткен Ақан сері.
Той-думан салт-салтанат жүрген жері.
Серіні өле-өлгөнше сыйлап өтті.
Атығай, Қарауылдың барлық елі.
Біреуі кешегі өткен Ыбырайым,
Қашанда гәккулеткен әні дайын.
Жақсының әрқашанда аты өлмейді.
Сагынып еске аламын ылғый дәйім.

· АРНАУ

Бебеу қаққан домбыра
Келді кезең желпінер
Қос шектен күй төгілтіп
Шағың жетті еркіндер.
Күнірен күй, асыл ұн
Жырдың сәнін келтірер.
Сенің сазды ұніңден
Ләззат балы мөлдірер
Тұңғиық ой қамалмай
Ақтарыл арыл арнаға.
Сеннен терген әр сөзді
Тыңдасын халқым таңдана.
Теренцнен асыл ойды тап,
Тенеулерім болсын ғана.
Осы тойға болдым кез.
Жырмен бетін ашатын
Жүректен терген әр сөзді
Күрметіне шашатын.
Қалайша сөйлемес тіл, төгілмес жыр,
Куаныш бойды кернеп ағылмас сыр.
Заманым құлпырып тұр алма бақтай,
Біз емес пе сол бақта бұлбұл.
Білекті бірді жығар, білімді мың
Деген сөз ерте кезден ғой мұн.
Сол кезде арман болған білім міне,
Артық боп қазір бізде болды тегін.

Мінекей соган болар айқын айғақ,
Отырмыз жас үрпақтың тойын тойлап.
Ардакты Сырымбеттің бауырында
Шоқан мен Ақан сері салған ойнақ.
Аркада бұл Сырымбет жер сарасы,
Ежелден ән бесігі ер ордасы.
Сыяды қалай айтсам мақтауыма,
Сұлу жыр әсем күйдің дариясы.
Қазірде Сырымбеттің аты әйгі,
Оркендер сан үстіне қосты санды.
Мектебі Казгородок данқы шыққан,
Тәрбиеде жас большевик кадрлары.
Мінекей одан шыққан балаларым,
Жаршысы болашақтың даналарым.
Жұз жерден қаулаپ есіп шығып жатыр,
Салуға болашақтың қалаларын.
Алғыс нұрын шашқан алтын күнге
Ораған бақыт сепкіш жазғы гүлге
Ол күнін күннен жарық, теңеу жетпес
Ұлы ұстазың кеменгөр Сталинге.

АЙЫРТАУ, ТЕРЕҢҚӨЛДЕ, ЕГІН БАСЫНДА
Домбыраны бергенде
Алдыңдағы ағайын
Даусын қосып даусыма
Қос шекті мен қағайын.
Жыр тасқынын тасыта
Қосыла мен де шабайын.
Еліме үлгі асыл сөз
Салмақтап ойдан табайын
Ұлы дүбірлі жарыстан
Жолды алмай неге қалайын.
Алпыс беске келгенше
Жарыстың көрдім талайын
Тарлан жүйрік тайпалар
Аман болса сарайым.

Топты көрген тарланмын
Жарыстан жүлде алғанмын
Елімді жырга бөледім
Аға менен інімді
Сөз тыңдайтын жыйынды
Деп едім қашан көремін.
Ортаңа шашқан шашуым
Тандаулы жырым асылым
Көрімдігім-өлеңім
Таудай тасқан табысы
Жырды жарған дабысы
Таудан биік кемері
Жел жетпейтін пырақтай.
Желпінер жырды төгейін
Қосылып ұлы жарысқа
Кір келтірмей намысқа
Жолды алған тарлан мен едім.
Жаңа талап ұлы әннің
Ұшырдым шыңға қыранын
Тас түлек талай беренін
Халықтың тұңық алтынын
Самал желді салқынын
Ұрпаққа айтып беретін
Тасытамын теңіздей
Жырдың бұлақ өзенін.
Ақан сері, Біржан сал,
Орекен, Арыстан, Тогжан, Шал
Солардың сөзін жаттаган
Артындағы шәкірті
Тарлан жүйрік мен едім.
Жүйрік жүйрік болар ма?
Жарысып желмен ойнамай,
Батыр батыр болар ма?
Болмаса жауға найзагай
Ақын ақын болар ма?
Сөз дегенде жайнамай

Тобесі көкпен таласар
Глі сүйсе аймалай
Ақын елдің сыншысы
Корсетер істі айнадай.
Іет алып шықтым елімнен
Ағайынды көрмекке
Асыл жырдың алтынын
Алдына жайып бермекке
Алдындағы аға-іні
Ариалсын саған бұл жырым
Қадамың болсын қайырлы
Еңбекке салған құрығың
Бір мың болып көгерсін
Көктемде салған ұрығың
Бәсінтең басшы ерін бар
Алтыннан ұшқан сынығың
Сұнқардай шыңға самғайын
Тартымды тарту арнайын
Жырдың бұлақ тынығын.
Қарағым Бәйіш інішек
Атың мәлім Алашқа
Тиек болдың тіліме
Қотанаймен таласта
Оқысын табыс ісінді
Гаудың аққан суындей
Көтерілсін атағың.

СӘУЛЕШ

Соғысқа кеткен ғашық жар,
Сактаулы сағат сырым бар.
Ақ жүзінді көре алмай,
Ауылда жүріп болдым зар.
Ғашық жарым кешікті,
Деп ашамын есікті.
Бозінгендей боздатып,
Жасаған неден өшікті?

Темірден кұрақ құраймын,
Шәйіммен белді қынаймын,
«Көрдің бе?» - деп жарымды,
Ұшқан құсттан сұраймын.
Ләzzэт алып сейлескен,
Сүй, жан сәулем, сүй дескен
Қынапқа салған қылыштай,
Ойыңа ойым үйлескен.
Кептеген келмей сеннен хат,
Адақан қаздай қанқылдап,
Ауыл маңын айналам,
Сенсіз маган өмір жат.
Айтшы көnlім жайлансын,
Сындырып неміс наизасын.
Қанын шашып жүрмісін,
Қайдасың жарым, қайдасың?
Жеңіп неміс кәпірді.
Атанаң Отан батыры.
Келешекке үлгі бол,
Жырласын совет ақыны.
Жасағаным жарылқап,
Басымызға қонсын бақ.
Ерінге ерін тиіспіп,
Құшақтасар болсын шақ.
Сен көктегі-қыраным,
Мен жердегі-шырагын.
От үрлеп, шоқты сырамын,
Женісі үшін, шырагым!
Ессе бір желі құбыланын,
Елендейді құлагым.
Женісің үшін өткелден,
Сыргамды қайық қыламын.
Жоргалары тайпалаган,
Көк шалғыны жайқалған.
Құтты қоңыс қуанат
Құтылам-деп, неміс сайқалдан.

Жері - алтын, топырак,
Суы - кәусар, бал бұлак.
Женсінді күтеді,
Бау - бакша, гүл, жапырақ.
Бір жағы - алтын тандай боп,
Бір жағы қызыл қандай боп.
Алма да сені күтеді,
Сағынған ғашық жардай боп.
Ешкімде мені үркітпес,
Ұя басар бүркіттей.
Гүгірдамын түлеусіз
Жүргегім ашиды іркіттей.
Маган серік кәрі де.
Жемістердің дәні де.
Сағына сені жырласам.
Үн қосады әніме.
Кигенім кірсіз белдемше,
Тосамын аман келгенше.
Ауылда енбек етемін,
Оң қолымды бергенше.
Ақ некеге иманға,
Халық үшін жанын қиғанға.
«Опасыздық» ете алман,
Ұқсап құдай ұранға!
Орнына оның бір қурай,
Деушілер бар сұмырай.
Тәубе оны жібермес,
Екі аруақ, бір құдай.
Ант ал, жарым, жарыннан,
Мен емәспін азғын жан,
Етегім зәм-зәм суындар,
Міне-құран, міне-иман.
Опасыз өмір - бір тұтам,
Опалы жанды - пір тұтам,
«Әкем-әрім» болсын де,
Ұянды бұзып жылжысам!

Сенсіз өмір қайғы-дерг,
Болаттан берік айтқан серт.
Жаттың қойыны «сұық көр»
Жатқа еріп болман қара бет.
Аяқсыз, қолсыз келсөн де,
Көзінді қоса берсөн де.
Май жаққан токаш секілді
Айырбастаман көркемге.
Нұрын сепсе алтын күн,
Бір күнгідей болмас мұң.
Сәлем жазып, хат күткен,
Сүйген жарың - Сәулешін!

ДОМБЫРА

Домбырам күге келер бұрауменен,
Сөз кестесі келмей ме құрауменен.
Піскен алма сияқты қайран жастық,
Екі айналып келмейді сұрауменен.
Мінекей, келіп қалдық талай жасқа,
Бозқыраудай ақ түсті сақал-шашқа.
Он бес пен алпыс жастың арасында
Сары майдай жайылдым піскен аста.
Эн салсам тыңдайтүғын барлық халқым,
Домбырам келтіреді сөздің салтың
Шығарған бұл өленді кім дессеніз,
Тырбиев Молдахмет менің атым.

ТОЛҒАУЛАР

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ТОЛҒАУЫ

Алабына Отанның
Көз жіберсем тағы да,
Алтай қазына аралы -
Сарқылмас мәнгі қазына,
Жырыма қостым елімді.

І міңдаушы халқым қаныға.
І лім бүгін сөз берді
Ііздей ақын шалына.
Бесжылдықты толғайын
Домбыра іліп қарыма.
Сәулелі сұлу елімде -
Мен қарт ақын не көрем
Қазақстан жерінде,
Гау суындай сарқырап.
Оңандей бол күркіреп
Гасқындаған ел көрем,
Бесжылдықтың балғасын
Соғып жатқан ер көрем.
Сай салалап, құз құлап,
Лашылып жатқан кен көрем.
Домбырамды балға ғып
Қарт бүркіттей қомданып,
Қас батырдай сомданып
Жорықтарға мен де ерем.
Сталиндік бесжылдық
Ұлы өмірдің тұтқасы,
Орлей өскен еліме
Көсем берген нұсқасы.
Нұсқа демей не дейін
Жарадан жазып тәнімді
Көркейтеді жанымды
Нұсқа демей не дейін
Кең даламды құлпыртып,
Қайысқанша қара жер
Кобейтеді малымды.
Бұлбұлдарды сайратып
Ақтылы қой айдатып
Желілеп құлын байлатып,
Төрімнің алдын жайнатып,
Жанартады әнімді.
Қара саба пістіртіп

Сары қымыз ішкізіп,
Тұлпарларды ойнатып
Жүйріктеді байлатып.
Жайрандатып жастарды
Тамашамен тойлатып.
Жыйғызады елімді.
Домбырамды қолға ұстап
Мен де егінге барайын,
Алтын астық ауылдың
Ән-куйіне салайын.
Қарыма іліп, қажымай
Құрығымды алайын.
Тұн ұйқымды төрт бөліп,
Тұліктерді бағайын,
Бесжылдықтың дабылын
Дүрілдете қағайын.
Ал қимылда жарыста
Жүйрікке жол алыспа,
Ұлы майдан шаршы топ,
Бекем бу белді, қалыспа
Аспандасын қызыл ту
Тырысындар намысқа.
Бесжылдықты орынданап
Ассын данқым тарихта.

ТАСҚЫНДАЙДЫ ӨЛЕҢІМ

Домбыра тисе қолыма
Тасыған көңіл көл болар.
Аузымнан шыққан сөз бейне
Тасқындаған сел болар.
Толғай десем ағылып,
Қызыл тілім жорғалар
Бұлтындашы қызыл тіл,
Дауылда соққан құйындай,
Қалаулы бол халқыма,
Ерлік істен сүйылмай,

Ойнақ салшы, он саусак,
Байланбаған құлындаі.
Бұлкілдесін көмекей,
Есілдін ерке суындаі,
Көтерілші, дауысым,
Көрікті көлдін қуындаі.
Ерлік іске келгенде,
Елдің бол батыр ұлындаі.
Досым болса сүйінсін,
Дүшпандарым күйінсін.
Ерегісken жауыма,
Сөзім біr болсын наизагай.
Нөсерлеп жаңбыр жаумаса,
Көкорай шалғын көл болмас.
Жанын қияр достарын,
Тұзыындан кем болмас.
Екі талай егесте
Жақсы мен жаман тең болмас.
Жетесіз туған жігітке
Жерлеуменен ем болмас.
Бірауызды қалың ел
Азулы жауга жем болмас.
Қан құмартқан қасқырдын
Тұмсығы тасқа соғылды.
Қан іздел келген сұмдардын
Өздері қанға көмілді.
Майданда жүрген жігіттер,
Ел үмітін ақтады.
Анталап келген азғынды
Табан салып талтады.
Ал, сендер: аға, келіндер,
Жеткіншек жас балалар!
Ерінбендер еңбекте,
Ерлерге болып пара-пар.
Женіске бізді бастайтын
Партиядай дана бар.

Тасқындаиды көнілім.
Ақкү құстай толғанып.
Ақиық қыран, бүркіттей
Қанатты серпіп қомданып,
Қонақтады оң саусақ,
Өлең сөзге жән салып,
Ұмытпай сізді бар халық.
Нашарларды қатарға
Бақытты етіп жеткізген.
Қара түнек заманға
Күннен нұрды сепкізген.
Қураган шөлейт далаға
Алтын бидай ектірген
Бір туысқан алпыс ұлт
Рахмет айтады әр тілмен.
Кедейлерге бақ берген,
Ер әйелді теңгерген.
Ата жаудан ежелгі
Ескі кекті әперген.
Қаранғыдағы ел едік,
Көркіміз асты көп елден.
Шаттықты мынау заманда,
Бақытқа халқым кенелген.
Қатарға ел ғып теңгерген
Бүкіл қазақ баласын.
Еңбекшіге үйреткен
Ақылдың алуан саласын.
Зор бақытқа бөлеген
Бүкіл қазақ даласын!

**АЙТЫС
ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ АЙТЫСЫ.
СОЛТУСТИК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МЕН ҚОСТАНАЙ
ОБЛЫСЫНЫҢ АҚЫНДАРЫ**

МОЛДАХМЕТ

Домбырам күй төгілтер пернесінен,
Қанатым жел зулатқан сермесінен,
Жел қобыз нәсер құйған жаңбырдайын.
Оленді ағытайын термесімен.

Тайпалған тарлан жүйрік толттан озған,
Кен алып айдын көкке құлаш созған,
Олең-жыр терең сырдың қазынасы
Деген бар күй төгілер кәрі боздан.

Ежелден думан десе қозып арқам,
Саятши сайранды елміз есken дарқан.

Желпілдеп желге өтпенген айдарым бар,
Айбынды арыстандай айбарым бар.

Күй кернеп, көмекейім түптен тартқан
Аспандап эн шырқаган айгайым бар.

Данышпан Абылай мен Кенесары,
Сарбазбен сайран еткен Сарыарқаны.

Үш жүздің ортасында орда тігіп,
Қазақбардың дауылпазы.

Қазақтың майдандагы балалары,
Бірі ер, ері білгіш, ері зирек

Атақты батыр Мәлік майдандағы.

Олдағы Абылайдың жолын куып,
Ел бастап, қойдай қуған дүшпандарды.

Халық үшін жалғыз жанын пида қылған

Атағы жүрген жоқ па жер-көкті орап.

Осындей ерлеріме кір келтірмек

Есалан қандыбалақ неміс кәzzәп,
Жауларға қатты соққы беріп жатыр.

Көкшетау, Алтын арқа сәлемімді ал,

Дәулетті, кемшілікті түгел айтып,

Үлгі алып кел деді елім осы жолдан.
Егесіп тұспекші емен таласуға,
Өтіпті талай талас рәсуга
Кездестің ұлы дүбір жыйын топта,
Көп болып ел кірпішін қаласуға.
Заманам салтанатпен жарқылдаған,
Тайпалған жыршысымыз анқылдаған
Елімнің салтанатты сәнін айтам
Болаттай жырым тасып сарқылмаган.
Ай балқып, күн көрінген саганақтан
Ән шашылып айыр көмей тіл мен жақтан.
Тел өскен қатар елім Қостанайым,
Сұрайым хал-ахуал сіздің жақтан.

НҰРҚАН

Ел – жұртым, асыл меруерт сөз құралсын
Алдында астанамның мейірі қансын.
Шалыктап даусым қекте самолеттей
Ойран боп жаудың тобы бомбалансын.
Кен толған сен жетпейтін тасындымын
Алдына актарайын бар сырымды.
Жай тастап құлашымды Құлагердей
Шандатып көрсетейін шабысымды.
Көмейдің барабанын құнрендіріп,
Көрейін қекке өрлетіп дауысымды.
Ку ілген айдын - көлдің сұнқарымын,
Ешкімге жібермеймін намысымды.
Сайраған Сарыарқаның бұлбұлымын,
Торғайдың топтан торай дұлдулімін.
Атамыз Алтайды батыр Шақшақ,
Сом алтын Ақжарқының кіші ұлымын.
Еділден атам Шақшақ есіп өткен,
Жайықтың жалпақ суын кешіп өткен.
Қазақтың камын жеген Едігедей
Егескен жаудың басын кесіп өткен.
Кім озар Қошқарұлы Жәнібектен

Шақшақтың немересі асыл тектен.
Қас жауды конысынан қойдай қып,
Халық үшін қабыргадан қанын төккен.
Қабанбай, Қара балуан, Қурең шешен,
Ойтеке, Табын, Сәрке, Тама, Есетпен
Лқылкөй Үйсін, Төле, Сегіз қыран.
Қазаққа қоныс алып беріп кеткен.
Сандыбай садағына сағым ілген
Үйездің басын кесіп, қарнын тілген.
Атасы Қобыландының туын ұстап
Ол дағы мың сан қолға жалғыз кірген.
Ыбырай Сарыарқаның бұлбұлы еді,
Халықтың құндей жарық шырағы еді.
Алтынның шығар жерін белден қазып,
Гылымның кілтін қолдан бұрап еді.
Қол созған аскар шыңның шынарына
Жол тапқан шыңға өрлеп шығарына.
Қазаққа сілтеу беріп елден бұрын,
Жеткізбек болған арман құмарына.
Атақты Наушабайдың Нұржаны өткен
Арқага ән тұқымын осы еді еккен.
Тобылдан төнкерілген бір зор айғай
Сібір мен Сыр суына балын төккен.
Жырменен жер бетіне жеміс шашып,
Өлеңнің ордасы еді туын тіккен.
Атагы Аманкелді мың бір дастан,
Ақырса су шығарды қара тастан.
Кешегі Үрістем мен Сейтбатталдай
Майданда салшы қыйғаш табжылмастан.
Ер талың, күн туғандай ел басына
Шықты ерім шамырқанып дөң басына.
Кескілеп керегесін ойран салды.
Қас дүшпан хан мен бектің ордасына.
Ойланып, ерте оянып ел намысын,
Етегін канға малған ел қамы үшін.
Әсерлеп әнге қоссам Әлекенді

Бір кісі бекер дәмес қылған ісін.
Қазақтан жалғыз шығып ол бір күнде
Қосылды ұлы майдан зор дүбірге.
Мынау бір қатты жорық құла майдан
Көпірін қан жосыған қыр мен ойдан.
Кешегі батыр Сұлтан халық ұлының
Ерлігі ерге мәлім кетпейді ойдан.
Ақырып арыстандай айгай салды,
Дабылынан дір-дір етіп жер шайқалды.
Дүние даң-даң болып кетті тутеп
Сарқылmas сансыз қайрат күш байқалды.
Қыймылы батырымның болды күшті.
Домалап жаудың басы жерге түсті.
Балға ұрган қу ағаштай жаңқаланып,
Немістің борбайлары аспанға ұшты.
Оғынан батыр Сұлтан жауған қардай,
Танкісі төңкөрілді шеккен нардай.
Оқ тиген қарғалардай қалбаң етіп.
Самолет жанып түсті жерге бармай.
Ақыры ажал аңдып тапты қыбын,
Халық үшін жау оғына болды тығын.
Ол кетті ел мен жердің құрбаны боп
Өзі өлмей ол біздерден болды шығын
Кеменгер кезегі мен өтіп жатыр.
Сізге айтып тауысайын қайсы бірін.
Ізденген болсаң жүйрік жарысуға
Өлеңмен байлығынды салысуға
Іздегенге сұраған дегендей-ақ
Құмар ем мен де сізбен танысуға.

МОЛДАХМЕТ

Кекшемнің мұнар бұлты көкті сүйіп
Сан қыран кете алмаған кезі қыйып.
Ну орман, қалың тогай жайлауы ырыс
Мактаған талай ақын деп жері ойық.
Өскелең өрге үмтүлған балуаны,

Лігіті өскен емес болып бұйық.
Сарыарқа самал желдің саясында.
Кең алқап, алтын кесе аясында.
Толқытып талай бұлбұл ән шырқаған.
Асқар ну, биік шыңың қыясында.
Кокшеде Біржан өткен толғап әнін
Ең сүйіп естігенде толғағанын.
Он шырқап домбырасын көкке сермеп,
Ағызған тілдің майын, сөздің балын.
Оғілті ән бұлбұлы Ақан сері,
Топта озып, жүлде өңгеріп құлакері,
Саласын Сырымбеттің күнірентіп,
Арканың асау туған ардагері.
Іурабай жер сұлуы, жер жұмағы,
Суы бал, деретке шипа топрагы.
Сексен көл саясында жарқыраган,
Күмістей сымға тартқан бұлақтары.
Сұнқарға ұя болған биік шыны,
Нешелер ер туғызған ел дүлділі.
Геніздей терең ойлы тебіренткен,
Кеменгер текті Шоқан Шыңғысұлы.
Шыға алмай айта берсем тарихынан,
Кокшениң бәктерінде өткен думан.
Қоныс қып Кенесары садақ тартып,
Үрлағы дәл өзіне тартып туған.
Батырлар сан жорықта шықты ұласып,
Дүшпанга арыстандай қаһар шашып.
Ер туған елдің ұлы батыр Мәлік,
Жалаңаш жауға аттанды төсін ашып,
Жас батыр қамал бұзған қайсар ұлан,
Қаһарман, қатарынан туған асып.
Немісті көкбарының серкесіндей,
Жорықта тақымына журді басып.
Үнемі кете бермей сөзбен желдеп,
Салқылық қыла бермей жырмен көлбеп,
Айтканда байлығымды топ алдында

Нұрқанмын бүгежектеп қалма терлең.

НҰРҚАН

Көтерсем қос айғаймен Қостанайды
Қандай жан ырас сөзді қостамайды.
Әдеті Қостанайдың сіздей емес,
Егінді қарға былғап тастамайды.
Ерте айдаң елден бұрын алды басын
Қорама мал азығын болды тасып.
Қысылмай қыс қамына ерте кіріп
Отырмыз ұядай бол орналасып.
Кар түсіп қарашибадан алты ай жатса
Бір малым қылы сынбас, түгі жатып.
Ақ мылтық, ала қанышық боран соқса
Ала алмас жетім лағым есік ашып.
Тараған тоқсан өлке Тобыл тұрмай
Күркіреп қар суымен жатар тасып.
Жалдама, Мұқырсары, Жыланшиққа
Алыстан Асанқайғы болған ғашық.
Елкебек қабырганы өрлеп жатқан,
Қалың ел қонысы кең беткей ашық.
Күмістей сыйлдыраған суларым бар,
Қоныр қаз көлде ойнаған, қуларым бар.
Керінбес қырық мың жылқы қуысыннан
Нар қамыс наиза бойлы нуларым бар.
Майқара жонышқа, майшағырлы
Сан түрлі ағаш біткен құмдарым бар.
Тесінің топырагы май, сұы кәусар
Арнаған талай сұлу жырларым бар.
Ақ ыйық асуына ұя салған
Қырандар санқылдаған шыңдарым бар.
Сары Балқаш жайлауы кең жерлерім бар.
Балықты, балдырығанды көлдерім бар.
Шортаны жуа сайдай шолпып жатқан,
Ақ сазан, жайын жүзген елдерім бар.
Басы аман Қазанбасы қарағайлы,

Елге құт, егінге бай, малға жайлы.
Секілді сегіз жәннәт жерлермді
Колхоздар меншіктеген басы байлы.
Жері асыл Қошалактың дымқылдаған
Мамықтай жанға жайлы былқылдаған.
Боталап жүздел інген май айында.
Колхозшым шұбат ішіп сусындаған.
Кешкілік құлағына сазы келіп,
Күй қаптап келдің басын сыңқылдаған.
Қолына таңсәріден құман алып,
Кәрі ене келініне түр-түрлаған,
Кешкілік қыз-келіншек түйе байлап,
Бұралып буындары былқылдаған.
Колхозым «Қызылқоға» қызғылықты,
Құйрығын бедеулердің сүздірінті,
Тұн қата қосынга айдал тебіндейді
Сезбейді құлын-тайың ызғырлықты,
Бастығы орден алған Хамит ерім
Шығарған жылқы есіріп мандай терін.
Мындаған томага кез түлпар айдал,
Майданға жүріп кетті қорғауға елін.
Бір колхоз «Пролетардан» озбайтұғын
Аманнның жері түкті төзбайтұғын.

МОЛДАХМЕТ

Нұрқаным мақтан етпе құмдарынды,
Құс қонбас құба жонды шындарынды.
Адамдары дәүлетке қарық болып,
Жүйрігін Қостанайдың мініп келсен.
Бес кунде шыға алмайсын малын шолып,
Он үш мың қойы жатыр қанжайлауда
Мыңғырып, құдай қалқып, қаздай орып.
«Жана жол», «Жалтыр», «Баян» ода сондай.
Басында дәүлет құсы тұрган қонып,
«Баянда» қос орденді Қажымұрат,
Басқарған шаруаны басшы болып.

Қиялы, Шағалалы совхоздарым,
Береді миллион тонна астық дәнін,
Күн-түні жөнелтеді поезбенен.
Төбесін ит Гитлердің тесіп жатыр
Тракторист, комбайнер арыстаным.
Жайлаған Сырымбетті «Терең көлім»
Жұлдыздай аспандагы көрсөң төлін,
Жұздеген жігіті жүр қан майданда,
Басқарған колхозымды Бәйіш ерім.
Астықтың планын да ерте орындалап,
Шақырған қатарына көрші елін.
Отанның керегінің бәрін беріп,
Сілкінген кең жайлауда «Сар түбегім».
Ұлдарым соғыстағы, ауылдағы
Дүшпанинан қорғап жатыр туған жерін.
Ел үшін еңіреп туған ылғый сырбаз,
Балуан бәрі санлақ жігіттерім.
Елімнің азаматы білек түрді,
Күні ертен келеді деп көктем егін.
Сан қызым тракторды ремонттап,
Цехынды МТС-тың алмай демін.
Күлетіп көрік басып жатыр қарттар.
Соқаңың түзеттіріп керектерін.
Жазған хат қан майданға әлі есімде
Ант берген алуына жаудан кетін.
Хатта айтқан ұлы сертті орындауға
Бір минут босамайды буған белім.
Жаңа жыл қарсаңында вагон-вагон
Ерлерге сәлемдеме жөнелтемін.
Меймандос қолы ашық жомарт дарқан,
Ежелден үглілі гой менің елім.
Машинаң, майың, арбаң сайландыма,
Көктемге дайындығың қандай сенің?
Ақынам көрмегендей мақтанасың,
Сырынды өзің айтып акталасың,
Мен айтсам бар мінінді бойындағы

Жыйылмай етек женің шақтанасын,
Сенің бар бір колхозын «Кұлақ талың»,
Білеміз ата-мекен тұрақтарын.
Текенің жұлығында жайлап жатып,
Қызбелдің еркін сорған бұлақтарын.
Жетпеген қойы жүзге, жылқысы онға.
Қойы мен қотыр басқан ылақтарын,
Тымағын баса киген Қамидоллан
Мақтамен мықтап тығып құлақтарын,
Затоболь ауданында «Галапкерің»
Көргем жоқ «Талапкердің» талапты ерін
Шетінен колхозшысы салдыр-салақ,
Осыған барма сірә жауапкерің.
Болама кемшілікті жасырғанмен
Жасырып айқай салып ашынғанмен,
Қосақтап құзды, шынды, шалқар көлді,
Әсемдеп әнгे қосып асырғанмен.

НҰРҚАН

Арканың жүйрігі едің ардақтаган,
Көтеріп облысынды ел мақтаған,
Көкшениң көлбейінде еркін есіп,
Айтулы бұлбұл едің ән баптаған,
Ежелден ел жайлауың ата қоныс,
Бектерін Көкшетаудың мал қаптаған.
Көкшетау Сарыарқаның ұйығы еді,
Есілдің акқан сұы тұнық еді.
Шөбі асыл, желі самал, жайлауы кен,
Қара орман жердің шұрай шынығы еді.
Көкшениң даңқы кеткен жерді жарып
Мен келдім сәлем беріп кеше барып.
Арканың аскар шыны, менмен құзы
Көргенде қалды менен бір ұялып.
Мақтансаң мақтанарлық жерің осы ед.
Малдарында бар екен жауыр, арық
Жер жыртып салдым дейсің тұқым сеуіп,

Көп азық алдым дейсің егін егіп,
Бір ғана Көкшетауды мысал етіп
Керуенім жатыр дейсің бидай төгіп.
Қантарып қара жерде комбайнды,
Шығардың аныратып қарда жегіп
Қақалып қар аралас тары құсып,
Ауызынан кебік ағып жатыр шөгіп.
Қантардың қалышылдаған қызылында
Жатырсың салақтықтан бейнет шегіп
Жазығым жалғыз мениң сол секілді,
Бидайым шіріген жоқ қарда бөгіп.
Мен барып Қызылжарда бір колозға
Анғардым шаруасын көп абайлап.
Колхоздың Супрун деген бастығы екен.
Мас болып түні бойы жатты ойбайлап.
Айттыңыз кемшілігің «Талапкердің».
Сөзіне сөз, қалақана жауап бердім.
Болғанда «Талапкерге» мен жазықты,
Айтшы аға осыныңа жауапкер кім?

МОЛДАХМЕТ

Құн құшып фабрик- завод жалындаған,
Еңбек құш қызған сайын дауылдаған,
Қайратпен қара жерді солқылдатып.
Қазынам сүмдей бол сауылдаған.
Даусымның жаңа шықты әсем күйі,
Екпіндеп әнді! еңсере лауылдаған,
Арқаның ұлан байтақ елкесінен.
Қандай зат ойласаңыз табылмаган.
Жасыру бар нәрсені ұнамайды
Құр айқай өлең-жырды құрамайды.
«Қызылжар қойны қазына, алтын жар» деп
Кешегі айтып өткен Асанқайғы.
Алқабын өрлей салған комбинатым,
Комбинат зор атаққа бөледі атын,
Консерві, тәтті шұжық, майлы сорпа,

Күн сайын жұздең, мыңдаған шығаратын.
Жарыста ұлы дүбір ер еңбегін,
Бағалап тартты туын Наркоматым
Медальді Загипадай карындастар,
Бәйге алған еңбек ері топта ойқастар.
Завцех топтан озған Ыбыраев,
Жүреді үлгі беріп көпті бастап.
Ильин конструктор топтан озғып,
Кең алқап, алшақ басып, құлаш созып.
Әдісті әрі шебер, әрі мығым,
Қалыспай қатарынан болып озық.
Артелім елге мәлім тіккен киім.
Мұкәммәл неше түрлі асыл бұйым.
Тиеліп сан вагонға бешпент, шалбар,
Алаңыз Армияға тартқан сайын.
Алқабын Кекшетау мен Қызылжардың.
Ен жайлап, еркін өскен нелер балғын.
Қоздатып фабрик-завод, өндірісті
Еңбектің ең төрінен орын алды.
Балғасы соғылғанда өндірістің
Өндіріс шалқып жатқан кенді ырыстың
Басқарған бір заводты Хохлов жолдас
Белеген құшағына жерді ырыстың.
Шабуыл қарқынынан қалыспаган,
Жүйріктей шапқан сайын алыстаған.
Кен ыйық, салалы қол ерлерім бар,
Бөгетті қарсы келген жаныштаған.
Щелкунов комбинатты басқарады,
Адымын мұнданда әрі тастар әлі.
Сүйсініп ер қайратын көргенінде,
Жыр толғап қуанғаннан дейсің пәлі!
Комбинат мысал алсам бір кең сарай,
Ішінде тамаша көп талай-талай.
Бірі айдал, бірі толқып, бірі ыргап,
Жол бермес машиналар алдыңды орай
Тетігін техниканың менгеріп тұр,

Кешегі кемдік көрген қойшы малай.
Жалғаса бұған тағы кожзаводы,
Бұлғары ырыс біткен ырыс құты.
Былғары әдемі етік, қайыма мәс,
Ақталған майдан менен ел үміті.
Завод бар даңқы шыққан двигатель
Өнерін бұл заводтың біледі ел.
Жарқырапт кеудесінде күміс медаль
Формовщик Бекежанов Әбдендей ер.
Ер қызым комсомолка Ковзалова
Болады оның ісі үлгі алуға.
Терт жүзден тенден тастап өз үлесін,
Ел жүртім ерлеігіне қуануда.
Нагима аты шыққан қарындастым,
Қашаннан қарындастың ісі басым.
Аямай күндіз-түні Отанынан,
Алып күш, қайсар қайрат, шын ықласын.
Мен көрдім тасқындаған Тобылынды,
Тобылда тогандаган қорығынды,
Айтпаев, Мұстафин мен Қалиевтер
Бөгеліп ен Тобылда неге түрдү?
Салыков, Қозыбаев бүгежектеп,
Алдында көпшіліктің болды мінді.
Бұларга алдын-ала ескерте алмай,
Нұқанжан аядынба қызыл тілді?
Халықтың алдындағы айнасы едін,
Оларға берсөң етті қатты сынды.

НҰРҚАН

Ақынның аттай басып кеттің ырғып,
Айтатын дәнемен жоқ әсем жыр ғыл.
Әлеумет байқалдың ба қысылғанын,
Сөзіме жауап бермей кетті ырғып.
Өрлеттім, жігерленіп жұмысымды.
Кенейттім шапқан сайын тынысымды.
Соғыстың зор сынына бой бермедім,

Қас дүшпан ортайта алмад ырысымды.
Бір кісім он кісінің ісін істеп,
Он ессе ұластырдым жұмысымды.
Менде де таңгажайып завод орнап,
Тоқтатты тасқын суды таспен торлап.
Арқаның сарқыраған ак толқынын,
Әпсәтте бағындырдым күшпен зорлап.
Мындаған ерлерім жүр етіп еңбек,
Тасты ұнтаپ, темір шайнап, шойын тенденп
Майданды қаруменен қамсыз етіп,
Мақсаты бәрінінде жауды женбек.
Көргендей көрмегенді біліп кеттін.
Бос сөзді жұндей сабап күреп кеттін.
Қозыбаев, Салықов жалқауынды,
Көрмедің көзіңмен деп мінеп кеттін.
Олардың адамшылық тілегіне
Сын тағып, сана құйдым жүрегіне.
Супрунға ақылынды неге айтпадың?
Жығылған сүрінгенге құледі де.
Мениң көп Мәскеуге барған кісім,
Топ жарып, тойда жұлде алған кісім.
Атақты Албар-бөгет деген жерге
Сен сірә бұрын сонды барғанбысың?
Қак тіліп, күрлей ағып, жерді жарып,
Құрдымға Торғай сұзы құяр барып.
Бірнеше ғасырларда бой бермеген.
Тағыны тас байладық бөгет салып.
Ақырған арыстандай бұйра толқын,
Бағынды батыр елге мойны талып.
Момынсып, мұрнын тескен бол тайлақтай
Артымнан'зыр жүгірді бүйдаланып.
Асая шөл арпа тәккен анғарына,
Өзендей отыз өлке тартылды арық.
Тегін су етегіне егін салып,
Олжага тас төбемнен болдым қарық.
Бөгетім Атанбасы шыңындаі бол,

Төбесі тие жаздал бұлтқа барып.
Аттыға ұзақтығы апталық жол,
Жетерсін жеті күнде шаршап, талып.
Суым мол, жерім қазна еңбек еткен,
Жемісі еңбегімнің көпке жеткен.
«Құдай өзі берер деп» тыныш үйқтап,
Мен сендей іздемеймін суды көктен.
Белгілі айтпасамда енді сырның,
Басқаға үлгі болған менің салтым,
Жерінен елу қаптан өнім алды.
100 қойдан-150-ден қозы өсіріп,
Келеді шетнетпей баққан малын.
Жұлде алған тракторист Батырғалий,
Тетігін машинаның қоймай тауып,
Төңкеріп жер құйқасын жұлде алған,
Осындай батырынды берші тауып.
Таңдаулы сыйлық алған комбайнерім,
Көрсеткен көпке күшін егін шауып.
Зейнеп те, Зияпат та сый алып жүр
Он есе өнім алған сыйыр сауып.
Сары май, салқын катық осында бар,
Шөлдесен, шаршап келсен сусынданып.
Жыр қылсам жергілікті өндірісті,
Жауга-ок, қоғамға құт, елге-ырысты.
Артельдер түрлі асыл бұйым жасап,
Көрсетті көп көзіне үлгілі істі.
Сен менің көріппедің былғарымды,
Хромнан етік, пальто қылғанымды?
Көтеріп ий салдым деп иегінді,
Мактайсың қаудыраған жарагынды,
Қыйма тон, әдіптеген құба шекпен,
Зерлеген асыл дақам елге жеткен.
Халқымды керегімен қамсыз етіп,
Арбалап армияға тарту еткем.

МОЛДАХМЕТ

Қызатын мінезім бар екі дайда,
Алайық қайымдастып осындаиды.
Ауруын жасырған жан өлер деген,
Жасыру кемшілікті кімге пайда.
Мақтайтын бір ауданың Семиозер,
Жері орман, қалың тогай тұлкі кезер.
Байымдап саған айтып ескертейін
Ақынның көрінесің сөзді сезер.
Ауданда 39 колхоз саны.
Отызы қазақ болып саналады.
Қатынас, бұйрық-жарлық бәрі орысша
Келмейді түсінуге шамалары.
Ауданда екі-үш қазақ қызмет етіп,
Өздерін ойлайды еken сөзге жүйрік.
Жалғыз - ак бетке ұстары Қалабаев
Басқасы шамалы еken іске тетік.
Колхоз бен сельсоветке орысшалап,
Номермен жібереді жетектетіп.
Барған соң ол қағазға жан түсінбей
Бұйрықтар жатады еken бол мұсіндей.
Осыны Керімбаев көріп отыр
Керседе отыр мекен ол да білмей.
Әрине жақсы колхоз «Қоянды ағаш»
Қарағай, ну орманы көкке талас.
Ай бопты мектебінде мұғалім жоқ.
Құлақ сал осы айтқаным бәрі де рас.
Мектебің аңғал-санғал, ашық-тесік
Қайырылып топсасынан жатыр есік.
Артында сынсып тұрған қарагайы
Шіркін-аұ болмаған ба бұған несіп?
Мектебі біздің елдің бейне базар.
Ерте келіп, кеш болғанда тарқайды әзер,
Балалар ақ шөмшіде қоңыр қаздай
Тізіліп қайтып жатыр салсаң назар
Орденді Қайыржандай мұғалімім

Ел үшін білім жұмсап буған белін.
Шалдырмай топтан озған жүйрік, саңлақ.
Жарқырап кеудесінде орден Ленин.
Болмаса мектебімде бірен-саран
Қағаз бен қарындашқа болмайды алан.
Кітабы жайылулы оку үйі
Дем алып отырганда кешке таман.
Қазақтың сандуғашы Күләш қызыым
Бір жақтан патефонмен сыңқылдаған.
Арқаның эн бұлбұлы Жұсыпбек пен
Манаrbек әнге басып зуылдаған.
Оңжылдық мектебім бар ордадайын
Білімге бәрі жетік бәрі дайын.
Даярлап алуан кадр енбекші елге
Жетіліп елге керек болған сайын.
Әрине таласым жоқ Көбеевке
Таласып шын сырынды ішке бүкпе,
Үлгі алған Кебеевтен тәрбиелі
Сұраймын Кебеевтер көбейіп пе?
Өрлеген мәдениет сағат сайын
Тудырыш солдан жұлдыз, оннан айын.
Нұрқаным, айтысқалы біраз болды
Сұраймын енді сенен соның жайын.

ИГІБАЙ ӘЛІБАЕВ (1903-1978)



Халық ақыны Игібай Әлібайды 1903 жылы 5 мамырда Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына (қазіргі Жамбыл ауданында) қарасты Айтуар ауылында дүниеге келген. Ол әнші, ақын, сазгер, домбырашы, күйіші, жыршы, термеші, сал-серілік, айтys дәстүрін жалғастыруши, шебер орындаушы, төкпе айттыскер ақын.

ӨЛЕНДЕРІ

АБАЙ ЖЫРЫ

Абай жыры – ағын жер селдей тасқан,
Абай жыры – асыл жыр меруерт тастан,
Абай жыры – айбарлы, арнасы кен,
Абай жыры – дариядай жардан асқан.

Абай жыры – құрметті, сүйкімді жыр.
Абай жыры – күрделі, көлемді жыр,
Бойға қуат, көнілге жігер беріп,
Абай жыры – жүрекке құяды нұр.

Абай жыры – халық үшін жырланған жыр,
Абай жыры – мұнды жыр, мұнданған жыр.
Сұм өмірді мұн шагар кісі таптай,
Улы тіл, ашулы кек, тебіренген жыр.
Абай жыры – бай-бимен алысқан жыр,
Абай жыры – нашарға болысқан жыр.

Өрөн күш, алып жүрек, терен ақыл,
Қайратты, қажымайтын қажырлы жыр.

Абай жыры -- данкты дарынды жыр,
Абай жыры -- кең арна, сарынды жыр.
Сапалы, тілге жұмсақ, магнасы зор.
Қызықты, тындаушыға жағымды жыр.

Абай жыры – нақышты, ардақты жыр,
Абай жыры – табанды, салмақты жыр.
Адам өмірі, тағдырын, келешегін.
Баршасын жырлай білген, әр жақты жыр.

Абай жыры – тәтті ғой шырын балдай.
Жарқырап құлімдейді атқан таңдай.
Абай жыры – селдеткен нөсерлі жыр,
Жадыратар қөнілді шам жаққандай.

Абай жыры – тау жарып, тастан өтер.
Абай жыры – жібек жел, бой сергітер.
Абай жыры – мол қазына, тұпсіз дария,
Ұмытылmas есінде мәңгі кетер.

ҰМЫТПАС ҰЛЫ АҚЫНДЫ КӨНЕ ТАРИХ (Ұлы Абайға 100 жыл)

Аринасы асыл сөздін ақын Абай,
Оның аты бейне күн, алтын арай.
Жүргімнен жарларың орын алған.
Сен өлгелі өтсе де жылдар талай.
Ардақтар ұлы Абайды бүкіл халық,
Жаттайды Абай сөзін әнге салып.
Мадақтар Абайдайын ардақты ұлын
Тарихқа алтынменен атын жазып.
Мәңгілік жүргіме мен де сактап,
Томдарын күнде оқимын жүз ақтарып.
Бақытты Сталиндік дәуірінде

Абайдың ұлы даңқы өштепеі анық
Абай өзі өлгемен жыры тірі,
Миллион жастар айтады жаттап алып.
Абай – том, Абай – кітап, кино, драм,
Ұмытпас ұлы акынды көне тарих.

TAPTY

Ағылған қонақ жан-жақтан,
Достық жырын аңдатқан
Ақын, ғалым, биши, әнши.
Астанама кеп жаткан -

Өреніме карашы!

Румын, Болгар, Пекиннен,
Бір туғандай бекінген.
Максат, тілек қабысып.
Достығым келіп жетілген-

Өнірімекарашы!

Бақыттың шығып өріне,
Бақ қонған еңбек еріне.
Әсем, зәуләм, әдемі үй,
Кала орнаткан жеріне.

Еліме міне карашы!

Дариядай тасып көнілі,
Жаңарып гүлдей өмірі.
Тың басында толтантған,
Ту астында эн салған.
Әзіл касиң сыйнаган.

Жастарымды карашы!

Жастарымдың көрініші
Тойға арналған жүлдесін,
Толтырып елдің мұддесін.
Боратып алтын, көмірді.

Тау-тау қылып жүйесін,
Еңбек ері, халық ұлы,
Қымылды теніз толқыны,
Қырық жылға қосқан ұлесін.

Шахтеріме қараши!

Осыны тегіс орнатқан,
Бақытқы мәңгі жол тартқан.
Өмірге сәуле, нұр шашқан.
Лениндей асқан данасы.

Алтын өлкे бойына,
Мереке қызық тойына.
Отанымды аралап
Жолдар өткен жүйемен,
Астық, алтын тиеген.
Вагондар зорға сүйреген,
Арнап тойға жіберген,

Тартуға да қараши!

Анамыздай аялап,
Октябрь желі еседі
Шырша жасыл жапырак.
Безендірген көшени.
Ойнап құліп-жадырап,
Елім жайнап өседі.
Белесте, белес, көп белес,
Әлемде ешкім тең емес.
Қырық жылдың астым асуын,
Тойлардың ұлы атасы,
Октябрь саған арнаған,
Осынау жырым тартуым.

ҚОШ БОЛ ЖАСТЫҚ!

Қайран ел, қайран жерім, туып-өскен,
Ата-анам, қаным төгіп, кіндік кескен.
Балауса, балалық шақ – сәби күнім,
Бір пара қызық еді-ау бастан кешкен!
Төпелеп басқа-көзге тал шыбықты

Ат қылып, сүйрей шауып бәйге дескен.
Саканы сартылдатып ақ тақырға,
Жаз бойы ышқырымды асық тескен.
Онан соң желбіреген жігіт шағым,
Көнілге желік беріп желдей ескен.
Ақ сүйек,
Алты бакан,
Кыз-бозбала
Он қосып, акқу-қаздай бой теңескен.
Айлы тұн.
Ашық аспан,
Ыстық ерін
Һалауса, майсаға аунап шөпілдескен.
Гашықтық отына еріп жүрек шіркін,
Махаббат балын жұтып елжірескен.
Шалқытып шар тараңқа сезімімді,
Тишимай тілсіз қиял-көккей тескен.
Құлқі ойнап әр арудың ақ жүзінде
Қия алмай іштен ғана хош бол дескен.
Даригай! Бага жетпес сол бір күндер,
Олі де елес беріп кетпейді естен.
Сондықтан мұра деп бұл жастық шақты
Гапсырдым, ұрлағыма кейінгі өскен!
Жырым көп менің әлі басталмаған,
Бұл өнер душар болған жастан маган.
Болса да жасым қартан,
Үнім асқақ,
Онім бар ақку құстай аспағдаған.
Қадірлі қарт жолдасым өлең менің,
Орбіткен өлеңімді ел – кеменгерім.
Екі дай сөз майданы ашылғанда,
Геніздей толқын атып тебіренемін.

ДОМБЫРАМ

Серігім сегіз жастан сен, домбырам,
Құйылған қолыма алсам, сөз–
домбырам,

Тал тиек, қысқа мойын, сегіз перне,
Бұлбұлым сан ссайыста жыр оздарған.
Небәрі сегіз-ақ қой пернелерін,
Сонда да күй боп жанды кернеп едін,
Жүйткітіп он саусақты қаққанымда,
Өзінден төгілген күй сел ме едім.
Жықпадым көнілінді мен ешқашан,
Жықпадың көнілімді сен де менің!

ЕЛДЕН АЛДЫМ

Елден алдым өмірдің көркем жазын,
Кеудеме құйған асыл әннің сазын.
Желге ойнап көлеңдеген көк шалғындарай,
Ел еркесі – секілді күнде мәзбін.
Елден алдым жоғымды,
Керегімді,
Біріндей бол ерлердің терең үнді.
Десе егер бар ма енбегің елге сіңген,
Білмеймін нешік жауап берерімді,
Келсем де осынша жас қырларына,
Арқау бол айбынды өмір жырларыма.
Жақсы ай,
Сәтті күндер,
Отты жылдар
Толтырган күнде менің нұр маңыма.
Жетсе де жетпіс өтіп,
Сексенің де,
Келтіріп мұнан да егде,
Кексе күнгес,
Қоя алман өлең-жырды,
Тоя да алман,
Қоярмын тек үзіліп кетсем мулде.
Ойым жоқ кәрілікке қиналатын,
Ойым жоқ біреулерге бұлданатын.
Ойым жоқ енбек етпей, тірі отырып,
Қадірмен қатарымнан құр қалатын.
Сондықтан той үстінде, мерекеде

Шалқытып, серпу керек ән қанатын.
Қыздырып, думандатып қалың топты,
Менің де күнім бүгін қарсы алатын.
Қарасам, шырын балдай далам гүлін,
Ізетпен тарту қыпты маган бүгін,
Қызғалдақ келешегім – құлімдейді
Ұсынып елімізге жаңа ән, жырын.
Қуатты құтты мекен гүлстаным,
Малынып күн шуаққа тұр қыстағым.
Бір тынбай қызу еңбек қыза түсті,
Жасасын Компартия – ұлы ұстазым.
Қайырымды ашық қолды Қазақстан,
Баулаган бізді ерлікке бала жастан.
Гүлденіп,
Тұрлене бер туған елім,
Көгінде биіктеге қыран ұшқан.

ТУҒАН ЖЕРІМ – АЙТУАР

Туган жерім, қымбаттым Айтуарым,
Сезіп пе ең таң арайлы бақыт барын.
Сезіп пе ең жазирадай жаңа өмірді.
Оныңнан ай, солыңнан күн туарын..
Бұл күнде құшагына сиғызығандай
Алыпсың табигаттың нелер нәрін.
Келелі іс әр қеудеге нұр құйғандай,
Көңілді,
Көтеріңкі адамдардын.
Жырға нәр,
Тілге тиек, алтын тұрақ,
Қазынаң мол, қоймаң мол танабында.
Еңбеккер ел мақтаны – мың шам – шырак,
Артықша албырт қүш бар талабында.
Ал бүгін осы ғажап алабында
Малынып, құлімдейді дала нұрга,
Мен үшін сәүлетті бір шұғыладайсың,
Ойға өлең,
Сөз оралтар қаламыма.

«ЖАЛАГАШ» – ҚҰТ МЕКЕНІМ (ЕСТЕЛІК)

Есімде менің ауылым,
Кезімде балғын дәуірім,
Мекендереп өткен аталар
«Жалағаштың» бауырын.
Он үй едік небары,
Отырушы ек екі дайы
Сегіз үй кедей, қалғаны
Шалбай, Жанбай – екі бай.
Екі бай жүрер кіжіндеп,
Қату қабақ түйілген.
Тату тұрар күні жок,
Сойыл, шоқпар үйірген.
Тәйірі, онда кім едім,
Пәс сирак бала едім,
Қара сирақ бала едім,
Бұлқынған жас жүрегім.
Барап жер жок, басар тау,
Келмеген іс ыңгайға.
Олардан жоқ асар жау,
Би-болыс бізді тындаі ма?
Қыбыр етсек,
Қыңыр деп,
Не керек саған құрғыр деп,
Қарғап, сілеп жатады,
Күн ұзаққа жүгір кеп!
Жаңғырықты жастанып,
Жаттым талай бүкшиіп.
Көзден кетер жас тамып,
Бай шыққанда тұксііп.
Өтіп жатты солай күн,
Жұрдай ғыл төзім-шыдамды.
Кезімді әр кез бұлаймын,
Қарғап та сілеп «құдайды».
Сонда экем Әлібай

Эн-күйден жігер табатын.
Кедеймін деп нальмай,
Домбырасын қағатын.
Ағасы-тұған Тәжібай
Қосылып мұңмен жырлаған.
Осынау жырды қажымай
«Жалағаш» қана тындаған.
Рамзан мен Игібай-
Ағайынды баламыз.
Бұқтырады құллі бай,
Жабырқау әнге саламыз.
Отынды жаяу тасимыз,
Салпақтап қозы бағамыз.
Алғыс та алмай жасимыз,
Қайтсек байға жағамыз?!
Өзімізді-өзіміз
Көтермелеп аламыз.
Бір жерден шығып сөзіміз,
Сондайда әнге саламыз.
Арада жылдар өткенде,
Он жетіге жеткенде,
Көюжиекте нұр шашып,
Азаттық атты күн туды.
Арайлап алдан ақ арман,
Жүрек аттай бұлқынды.
Шұғыла құйып жанардан,
Октябрь атты күн туды.
Күн жарқылы жайылып,
Сүйді беттеген сағынған,
Жауымның жағын айырып,
Топшысын қағып қайырған.
Ауылым құып байларды,
Кегім бір сонда алынған.
Байлардың қолын байларда
Біздерге бәлем жалынған...
Қайғылы мұн, қара тұн,

Бірте-бірте арылған.
Еңбек қағып қанатын,
Жаңа әң мен жыр ағылған.
Топыракқа көміліп,
Патша ордасы жабылған.
Біздейлерге бақ қонып,
Шырагымыз жағылған.
Тиді теңдік-тегіндік,
Сол күн кетпес ойымнан,
Айналайын лениндік
Октябрьдегі айымнан!
Сонда менің ауылым,
«Жалағаштың» бауырын
Жаңғыртып жаңа сап құрды,
Бөлеген сәнгे қауымын.
Жүдеген көңіл желпінген
Дүние кеңіп кеткендей.
Қара тұман серпілген,
Ел қолы айға жеткендей.
Саяатын ашып бақытты ел,
Жарлы-жақыбай жетілді.
Маңдайды жуды жақұт тер,
Ел буыны бекінді.
Трактор келіп ең алғаш,
Егінді салды сегіз үй.
Өркендей түсті «Жалағаш»,
Октябрьден алып сый.
Кураған гүлдер бір кезде,
Жайқалып кетті лезде,
Күнде қызық,
Той-думан,
Куаныш нұры түр көзде ...
Шешек атқан гүл бағы,
Көргеннің көзі қанbastай,
Жайнаған Ильич нұр шамы
Бейне бір жалқын алғашқы ай.

Құштар едім жасымнан
Осы арманға жетуге,
Қаруды бірге асынғам,
Абыройды актап өтуге.
Мәпелеп мені өсірген
Ауылым – алтын бесігім.
Шығарман сені есімнен,
Сен үшін ашық есігім.
Өзіңе ыстық сезіммен,
Осынау жырды ұсындым.
Сағынған саби сезіммен
Есіме ұзақ түсірдім.
Белестер – өмір өлеңі,
Өмірдің әрбір кезені.
Белестермен сырласып,
Еске алдым, достар, мен оны.
Еске алу деген тегін бе?
Түскен жоқ бакыт тегінге.
Күреспен келген Октябрь
Жасайды менің елімде.
Осынау тұган Отаным
Махаббатым менің де,
Октябрьден от алдым,
Мың алғыс дана Ленинге!

ШАЛҚЫДЫ ЖЫР

Тағы да жылдың құсы келді Есілге,

Куаныш жер-ананың қеудесінде.

Аққу,

Каз,

Шагалалар ән қосады,

Жатқандай думан құрып көл төсінде.

Шалқиды-жыр осылай жер төсінде,

Шалқиды-ән осылай ерке Есілде,

Осылай шалқиды өмір көктем, күзде

Толқыған алтын астық өлкесінде.

ҚАЗАҚСТАН

I

Казақстан аялайды, құшады,
Алаулаган, неткен ыстық құшағы.
Әділдікті, махабатты мейірмен
Емірене, баурына алып қысады.
Асықты аймак қазынаға тұнып тұр.
Ерлер мәз боп, миғынан күліп тұр.
Осы ерлердің өз қолында жасалған
Раждайыпты елім менің ұғып тұр.
Жалғастырып аспаны мен даласын,
Ән шырқаймыз мәз ғып бөбек баласын,
Дүниенің төрт бұрышын кезсөн де
Мұндай жаннат қайдан іздең табасың!

II

Қазақстан – өр кеуде асқаралы,
Алатау, әсем Қөкше, Қарқаралы.
Бір туган ағайында – халықтары
Тәрізді күміс теңгे алқадағы.
Төменнен өрге өрлеген жыныс тогай,
Тербеліп таң самалда шайқалады.
Жалынды жырдың ыстық құшағындей
Көремін қойны шуақ астананы.
Көркейіп, көкірегім тебіреніл,
Елу жыл арман шері тарқағалы.
Шарқ ұрған шар таралтың қарлығашы,
Шәрбатты, ел шаттығы – жастар әні.
Сыңсыған, жақпар сүйіп әншіл шырша,
Сақышыдай тізіліп тік саптанады.
Баяғы қараша үйлер-қалған жүртта,
Әп-сәтте жұлдыз шоғы – қаптады әне.
Сан ғасыр ата-бабам армандаған,
Ұрпағы осы емес пе ақтағаны.
Әлемде ешкім енді таласа алмас,
Байлықты көрсө мына Арқадағы.

Жырлаймын өре жетпес өр өлкені,
Сорсы алып егіз ұлдай мерекені,
Жырлаймын, жайлы-сәнді үйлермен
Дарқан қол-мол дастарқан берекені.
Көнелдім бақытқа мен көз көрмеген,
Найқасам, өнірім жоқ өзгермеген,
Атыңдан мың айналсам артық болмас,
Мың есе ардақты еткен өзгелерден.
Лан самал-тамылжиды алау нұрдан,
Келбіреп тулар асты анау қырдан.
Дәстүрлі дәүірімнің осылайша
Жаралған біздің осы заман нұрдан.
Кашаннан қасиетті, дарынды елім,
Дастаған адалдықса жалынды едің.
Құзантқан қуанышты мерекене,
Он толғап осылайша әнімді өрдім...
Гүлденді елім менің, еңбек өрлеп,
Лайшықтал, әшекейлеп салған өрнек.
Лұнние дүбірлейді,

Күлімдейді

Бақыттың бақшасында шаттық кернеп.
Көктемнің ғұлін желліп күнгейім тұр,
Жер балқып,

Еміреніп аспан терлеп.

Он болып мұның өзі әр кеудеге
Құйылды сусындарып, тасқын сел бол.
Нір жағы алып тұлға Қарағанды,
Саулатқан түптен тартып қара дәнді.
Үрпағы әке өлкесін нұрга бөлеп,
Адымдал болашаққа барады әні.
Дөнбастың Қарағанды інісіндей,
Ісі де,

Тілегі де бір кісідей.

Сүйіскен төс тақасып,
Құшақ ашып,
Кіршиксіз ізгі достық үлгісіндей.

Ал, анау «Соколов-Сарыбай», «Орал» кені,
Еңбектін таңдаулы онда миллион ері.
Көлкітіп шығысында мыс-тенізін
Үндесіп жатыр дарқан «Балқаш» көлі.
«Балқаш» ол – көл біткеннің анасындей,
Тірліктін Тыныс тартар саясындей.
Ағылтқан ырыс-дәулет, бақытқа ұя,
Жер қайда күнгейдің бай даласындей.

АЛАТАУ

Арайлы Алатаудың жоталары
Тәрізді тізбектелген бота-нары,
Ауасы салқын да емес,
Ыстық та емес,
Айындей жайма-шуақ отамалы.
Мөп-мөлдір күркіреген өзендерін,
Жаз жайлап,
 Қыс қоныстап безенді елім.

Жазира,
 Ергелі-кеш жайлаган мал
Майдан шайлар көкзенгіл жеген шебін.
Желпіген ән,

 Өлең-жыр занғарлары,
Үн қоскан кыз без жігіт Талғардағы,
Жастық шақ – жалын атқан бірақ сонда
Өткенін неғып жылдам аңғармады.
Алқалы Алатаудың жалпақ жоны,
Ақынға шабыт берер жаңа, соны,
Тұрғандай сыр алысып Алтай, Кекше
Әнекей, аспан шалған айбынды өрі.

АЛТАЙФА

Алтайдың жырламасқа әсем жерін,
Айтшы, дос, бар ма сірә, еркім менің.
Күлтелі қызғалдағы қой басындей,
Гүлденткен әшекейлеп қыр мен белін.

Беріктей боз бетеге төңкерілген,
Қырмызы тау етегі көмкерілген.
Май көде,

Балғын көде,

Жонышқасын

Жеген мал майдан баслай жөңкөрілген.
Сүбесі сүйем қойлар, жұні қарыс,
Жайлаған тау беттерін шүйгін алыс,
Қызыл ту қия шында желбірейді,
Еңбекке ел жұмылған салып жарыс.
Ай төніп адыр-асқар төбесінен
Нұр төгіп ой-қырына белесінен,
Жайнатқан шығысты аймақ шұғыласы
Бақыттың бал құйғандай өресінен.

МАРҚАҚӨЛ

Көз жетпес көркем еken төңірегі,
Фажап бір ертегідей көрінеді.

Қарағай,

Қайың,

Үшқат сыйбыр қағып,
Жасартып көнілімде тербеледі.
Бәйшешек мәуеленген жапырағы,
Жайқалған жасыл толқын атырабы.
«Марқакөл» карындасы, Алтай ага,
Жарасып жақын туыс жатыр әні.

II

Алтайдың астық, міне, асқарынан,
Қыран да әрен үшар аспанынан.
Тесінде жатыр еken Айнакөлі,
Жарқылдал жарапандай асқан нұрдан.
Айнала ақық таспен көмкерілген,
Алтайдың көзі ме еken төңкөрілген.
Алтайдың көзі ме еken төңкөрілген.
Қой өріп жыныс ағаш арасында,

Сол көлдің толқынымен тең көрінген.
Бәйшешек мәуеленген атырабы,
Айнакөл айдынына шақырады.
Қосылдым жас қойшының дауысына,
Кеудемнің толқындай боп шалқып әні.

ЗАЙСАН

Атына құмар едім Зайсан деген,
Көргендер жері сұлу, жайсан деген.
Бар еді бір арманым алдыңа кеп,
Өн шырқап, құлашымды жайсам деген.
Сұлу көл ел мен жерге сән береді,
Аузыма Зайсан десем, ән келеді.
Көліндей кен арнада елі шалқып,
Бұлғұлға ән шырқасаң тенгереді.
Зайсанда ән менен күй жамырасқан,
Бұл елдің сәулетінің бәрі дастан.
Қолымда қалам емес, домбыра ғой,
Шертейін пернелерін жаңылмастан.
Жасымнан ақынның деп атап елім,
Жыр төгіп талай өзінді матап едім.
Ауылым әттең алыс,
Сапарым бар,
Жаңағы әнді шырқап жатар едім.

EPTIC ӘНІ

Жагалап келдім, міне, мен Ертісті,
Ертісім өзен екен өрен күшті.
Көргенде көтеріліп ән шырқап ем,
Аңқылдан толқындары ере түсті.
Ертістің шыққан жерін көрдім барып,
Құз таудан құлап аққан жойқын алып.
Зайсанды жарып өтіп аққан шырқап,
Алдынан ән күткендей тойлы халық.
Бейне бір жаралғандай кереметтен,
Талай жыл туласп өткен не бөгеттен.

Жалынан тартып елім емірентіп,
Кол жасап,
Айдыныңды терең еткен,
Әлі де алабұртып аққан Ертіс.
Жан-жагы нұрлы өмірдің шүғыласы,
Нәр беріп айналасын баққан Ертіс.
Үа, халқым, ұқсамай ма бұл аңызга,
Ақ Ертіс қосылады Нұрамызға.
Өн тексе арқыраган өзен қырға,
Қосылмай ағысына тұрамыз ба?
Ән салған Ертісті өрлеп Естай ақын,
Сұра алам жырға қалай копай атын?
Дабыл ғып домбырамды көтерейін,
Қырандай көктे жайған қос қанатын.

КӨКШЕМЕН СЫРЛАСҚАНДА

Көз салсам кербез Көкше аймағына,
Бақ-дәулет етек апты кең жайыла.
Көңілді ел,
Көгілдір бел жота-жота
Еңбектің ерлер қызы майданында.
«Арқада жер жетпейді Бурабайға»,
Бір кезде деп жырлаған Сәкен аға.
Үн қостым мен де бүгін тебіреніп,
Ән шырқап домбыраны қолыма ала.
Көктемдей көңіліме құйып шырын,
Әткендей елес беріп бір жас бұрым.
Тұрғандай күлім қағып сұлулары
Ұсынып сол Көкшениң бір шоқ гүлін.
Үа, Көкше! Ақындық-ау тұла бойың!
Асқактап, аспандаған асыл ойын.
Ақаның бұлбұл даусы естіледі,
Жатқандай думандатып жасап тойын.
Сөп қалды бұл ел бізбен таныс бәрі,
Тербеліп сексен көлдің қамыстары,
Кол бұлғап аттандырды ел,

Хош айтыстық,
Қайтейін, қимасам да алыстады.
Уа, Қекше! Менің жырым – сенің жырын,
Қашанда менің сырым – сенің сырын,
Көргеннен қошаметтеп, құрметтеп,
Куана аялады елің бүгін.

БІРЖАН САЛ АУЫЛЫНДА

Бұл ара-туған жері ақын Біржан,
Ұшырган жер түбіне әнін қыран.
Мен-дағы сол серінің шәкіртімін
Жасымнан ұстаз тұтып жолын қуған.
Жол түсіп Қалекене еріп жүрміз.
Біз елден сый-құрмет көріп жүрміз.
Нұргожа, Ақан, Шәкен, Біржан аға
Жемісін ән-жырының теріп жүрміз.
Тербеліп теңселеді майсалары,
Көргенде көрінісі ой салады.
Біржанның талай сайран құрған жерін
Қызықтап ақын үрпақ ән салады.
Жадырап жағасында Жекей көлдің
Ақындық парызымды өтей келдім,
Тасыған дарияның толқынындей
Әндептіп домбыраға атой бердім.
Қарсы алды куанышпен ақын елі –
Көтеріп көкке бүгін жатыр мені,
Көргенде еңбек сүйгіш үрпақтарын
Тимей тұр төбем көкке екі-ақ елі.

ҚАРИЯЛАР СЫРЛАСТЫ

Шіркін, Есіл,
Ерке Есіл қадірлі,
Тынбай аққан,
Дөңбекшіген ғасырлар.
Аңсағаны, ақ арман боп кәдімгі
Өтіп еді талай-талай асулар.

Кереметті жоқтай көріп өзінен,
Жарқылдайды Айға ұқсап қабағы.
Жалын шашып жанарынан, көзінен,
Ақ көбігі аймалайды жағаны.

Кейде арнадан асып атқып далаға,
Толқындарын лактырады лепірген,
Ақшабақтай ойын салған жағаға
Шөпілдетіп, сүйіп шырша бетінен.
Қарап оған Әнес пenen Кәрібек,
Аршиды да, қайнатады балығын.
«Шіркін, Есіл, Қарт жандарды әлдилеп,
Бір томақтамай, жөңкілтеді ағынын».
Деп екеуі қарасады ұңіліп,
Көз айырмай,
Сылаң қақкан ағынга.
Алтын шашын тарағандай сүзіліп,
Сыбырлайды қайыны мен талы да ...

Ақын менен әншінің
Тұып өскен жері бұл...
Саятшы мен аңшының
Сайран салған жері бұл.
Сырымбеттің шыңынан
Ән тасыған елі бұл.
Ақан сері жырынан
Бал тасыған белі бұл.
Бас қостық сол ауылда
Ақын, әнші бір тобы,
Іздеп келген бауырына,
Кеудемізде жыр толы.
Қалекене еріп жүр
Игібайдай қарт ақын.
Інілері жанында
Теренен сөз тартатын.
Нұрын құйған жаныма
Күнім болған осы жер.
Жайқала жайнап бағыма

Гүлім болған осы жер.
Осы бір жерді көргенде
Тасиды менің жігерім,
Алыстан аңсап келгенде,
Тулайды менің жүрегім.
Бұгін қызық,
Тамаша,
Бұгін жап-жас көнілім.
Бұгін жайнап жаңаша,
Жайнады жаз боп өмірім.
Алтын арай, ақ мандай;
Алдынан қунде шығады,
Жалғастырып жатқандай
Есіл, Ертіс, Нұраны.

ӨСІРГЕН ЕЛІМ ТҮЛЕГІН

Қозгайды қос шек сырымды,
Аспандатып үнімді.
Жырлаймын тұған елімді,
Жырлаймын нұрлы қүнімді.
Бұлтты жарып шыққандай,
Елімнің жарқын сәuletі.
Кас-жауы қорқып ыққандай
Айбынды тұған әuletі.
Тартып тұған еліне,
Көрінген еңбек өрінде
Жүлдегер ылғи майталман
Сүйсінем батыл еріне.
Ұл-қызы батыр қаһарман
Оза шығып жарыста,
Ардагы елдің атанған
Атағы жетіп алысқа.
Жасынан баулап енбекке
Өсірген Отан түлегін,
Жайылсын атың жер-кекке,
Қадірлі менің ұлы елім!

ОТАНЫМ

Отаным,
Жүргінмен жүргім бір,
Сондықтан өзінменен жүремін бір,
Аяマイ мандай терді еңбек етіп,
Мәуелі бау-бақшаңнан теремін гұл.
Отаным,
Қанат қақтым,
Ғарыш бардым,
Шабыт ап шұғыланнан ән шыгардым,
Шалқыған өлеңімді туғып үстап,
Саянда дәурен кешкен жан шыгармын.
Партия нұрын көрем өлеңімнен,
Әйткені онан жақын ешкімді мен
Содан ылғи нәр алып келемін мен.
Таба алман жердің басқа бөлегінен.
Жерім алмас-жебедей,
Жүргім талмас-кемедей,
Табаным таймас-шегедей,
Кеудем асқақ-тебедей!

ҚАЙЫРЛЫ ТАН

Әнс, топ-топ камбайн,
Қаратып күнге мандайын,
Құлагердей құлшынып,
Жарысқа түскен әрдайым.
Жанарлардан жалынды

Жарқын сәуле төгілді.
Жылуы кернеп жанынды,
Жүректе жыр өрілді.
Адамдар өз қолымен
Жасаған осы ғажалты.
Қайырлы тан!

Сонымен
Тағы бір жаңа таң атты!

КӨКТЕМ ШУМАҚТАРЫ

Көктемнің көкірекке лебі дәрі,
Майда ескен бағы самал желі дәрі.
Көктемде көңілденіп құледі аспан,
Жұлдыздар ақша бұлтқа-жазып дастан.
Көктемде қыс жоғалып қызыл шұнақ,
Жайранда жаз келеді жылы шуак.
Көктем кеп желкілдeter қызғалдағын,
Ел тыңдар қызғалдақтай қыздар энін.
Бұл көктем жүректерге нұр береді,
Кең дала қызыл-жасыл түрге өнеді.
Елімде жаз да көктем, күз де көктем,
Көктемді құлпыртады өнбек өктем.
«Көктемнің бір күнгісі бір жылға азық»,
Деген мақал-мәтел айнымас темірқазық.

II

Келгенде кербез сұлу, жарқын көктем,
Қар еріп, сен бұзылды астан-кестен.
Өңкіген өгіздей бол мұздар қалқып,
Сырганап, арналардан тынбай көшкен.
Желпінді батыс жақтан соғып желкем,
Бетімнен аймалайды жылы леппен.
Әуелеп ақку, тырна төбемізде,
Көл беті көрінбестей қаз-үйректен,
Құлпырып түрлі түске тал мен қайын,
Сияқты өн бойына кесте шеккен.
Жаңғыртып көктем кешін өнерпаздар
Құбылтып кең далада ән өрлеткен,
Әзілдесіп құрбы-құрдас, қыз бен жігіт,
Дөңгелеп отты жанар жалт-жұлт еткен.
Жасыл, көк гүл, қызғалдақ ой менен қыр
Балқыған көктемінен дала біткен,
Көріністер осынау қандай қызық,
Шалқытып, бой көтеріп, ой тербеткен,
Хош иіс, көктем желі жұпар шашып,

Жайылды елгө лезде көюжиектен.
Ала кеп қазнасын, эн-өлеңін,
Халқыма берген жігер біздің көктем.

САНДАЛБАЙ

Уа, Сандалбай, Сандалбай,
Өмірді жүрсің аңғармай,
Қаңғыра беру ұят қой,
Еңбек істе сандалмай.
Тұрғанда заман таң қылып,
Сандалбай жүр қаңғырып,
Деп біреулер күледі
Ардан безген әнгүдік.
Етпейсің еңбек қоғамға
Бетіңмен қанғып жүресің,
Еңбекке қосыл одан да,
Қайтып емір сүресің?!

Уа, Сандалбай, Сандалбай,
Кел еңбекке сандалмай,
Қалпағың бастан кетсе ұшып,
Қаларсың бір күн аңғармай.

НЕ ҚЫЛСЫН

Өмір мені не қылсын,
Танытпасам өзімді.
Еңбек етіп ел үшін.
Ағылтпасам сезімді.
Достар мені не қылсын,
Бақыт нұрын шашпасам,
Ана менен баланың
Жаз конілін таппасам.
Заманым мені не қылсын,
Сыр қадірін білмесем.
Заманым мені не қылсын,
Жыр қадірін білмесем.
Жастар мені не қылсын,

Бөлемесем эн-күйге.
Аралап аспан кеңісін,
Жанбасам жайнап әр үйде.
Ағайын, тұған не қылсын,
Ардақтап әлпеш етпесем.
Зейнетті ігі түрмисын
Қошемет құрмет етпесем.
Бала мен келін не қылсын,
Немеремді сүймесем,
Қызығына қуанып,
Ауырына құймесем.
Жан болғаным құрысын,
Жүрекпен бәрін сезбесем.
Тұған елдін тынысын.
Даналығын сезбесем.

УАҚЫТ ТІЛІ

Әр сағаттың бізге қымбат тілі бар,
Бір минутын босқа өткізбе кешігіп.
Әр тәуліктің жылға тұrap сыры бар,
Уа, достарым, біле білсөң осыны ұқ!
Еңбекті адам, адамды еңбек жетелеп,
Тек қайсарлар шығар кия қырына.
Ойлама сен жолы оның төте деп,
Уақытты озып шығу қын шыңына.

ДОСТАРЫМ БАР

Достарым бар өмірі көктем гүліндей,
Кәрілігінді жойдырап.
Достарым бар көңілі шілде күніндей,
Ықыласымен тойдырап.
Достарым бар өммірге ортақ ниеттес,
Ақ пейілі жан-жүйемді ерітер.
Достарым бар көз алдынан бір кетпес,
Әрқашанда сезімімді сергітер.
Достарым бар, дәмдес, сырлас, еңбектес,

Жүргөі пәк,
Күлкісі бір мереке
Достарым бар тұған елмен келбеттес,
Жүрген жері береке.

БӨБЕГІМ

Бір сүйсем мен тампиган
Құлыншагым, мұрныңдан.
Аталық жүрек елжіреп,
Шалқымын сонда жылап жан.
Кезім түссе көзіңе,
Жүргімді ала ұшамын.
Әлім жетпей төзімге,
Мейірлене құшамын.
Мен үшін құлқің, бөбегім,
Әмірге тең дер едім.
Сарқылмайтын бір теңіз
Өзіне деген өлеңім.
Сен куаты әрқашан
Тозығы жеткен денениң.
Жасай бер өрен, балдырган,
Қызығың мейір қандырган.
Сендермен өмір гүлденіп,
Сендермен жаным жаңғырган.
Сендер ғой өмір тұлғасы.
Сендер ғой көніл шүгыласы.
Сендер ғой сөнбес шамшырак,
Әрқашан болар жыр басы.

ГҮЛ ӨСІРДІМ

Гүл өсірдім, терек ектім сәнді ғып,
Ұрпақтарға мұра бол деп мәнгілік.
Тербеледі түрлі шырша мәуелеп,
Бұтағында құстар сайрап тойлайды.
Гүл үстінде кезек ұшып көбелек,
Қызыл-жасыл жапырақпен ойнайды.

Жиналып кеп гүл бағыма жер-көктен,
Шаттық әнін шырқағандай құстар кеп.
Әсем әні көнілімді тербеткен,
Қарай берем қызығына құштар боп.
Көнілім-күн,

Жүргегім – от лаулаған,
Гүлім сәнді,
Құстарым шат ән салған.
Іші-сырты үйімде ән үнемі,
Менің бағым гүлжазна аумаған,
Көрген адам таңдай қағып тамсанған.

ӨЗІМНІҢ ЖИҮРМА БЕС МУШЕЛІМЕ

I

Жігіттік, лапылдаған сен бір жалын,
Бойды алып,
Уландырар дертің қалың.
Бір күні алдай тастап,
Өте шығар
Қылышың айтпасаң да маган мәлім.
Ардақты, абзал жақсы ардагердің
Бірін де аямайсың, ашып жаның!
Талайлар арманда боп өтіп жатыр,
Менің де тоқта деуге келмейді әлім.

II

Жастықта бір арманым – тірі жүрмеқ,
Жас құрбы – жақсылармен ойнап-күлмек.
Жігітке жетпіс өнер аз дейді ғой...
Шамаша әрбір түрін ізdep көрмек.
Бір сырлы,
Сегіз қырлы жігіт болып,
Өнермен басқаларға үлгі бермек.
Дарига, жиүрма бестің дағуасымен
Қырандай шарықтайды көніл желден.
Ақыры бір күн сенен айрылармыз,

Бір кезде, келсе кәрілік көлденендей.
Ешкайда бас бата алмай отырармыз,
Шал бөлтүп, алған кезде әбден мендеп.

АЛБЫРТ ШАҚ ӘЛІ ЕСІМДЕ
Өмірдің салкыны бар,
Жарқыны бар,

Жасауга жарқын өмір халқым құмар.
Уа, достым, мен де соның бір мүшесі,
Көзде от, көнілде уыт қарқыны бар.
Ойласам өмір тәсіз толқып тасқан,
Сол өмір жырымның да көзін ашқан.
Дегендей шабыт оты шарықтайды,
Жарытып жазбасам да езім дастан.
Әп-сәгте түсінесе де бәрі есіме,
Оралып өмірімнің белесіне,
Толғанып, қарт қырандай қанат қағып,
Қолға алдым домбырамды кенесуге.
Балына бала шактың тоя алдың ба,
Қолда құрық,

Мен жаяу,
Қой алдымда,

Зыр қағып ертелі-кеш жұрген шакта
Биікке құлашымды жая алдым ба.
Тоймақ түгіл, жастықта жарыдым ба,
Тумай жатып ұшырып «қағындыға»,
Тек қана маған жоқтық арналғандай
Аңсаумен күн өткізіп таң нұрына.
Сондағы ой-арманым қиялдаған
Іске асып жазирарай жайнап заман,
Лениндік Октябрьдің таңы атып
Еліме бақыт қонып, құт орнаған.
Күн сонда шашып бізге нұр сәулесін,
Көтерген қорлықтағы ел еңесін,
Мен де азат бол жиырмада қатарға еніп,
Жолығып шат заманға кірді-ау есім.

КӘРІЛІККЕ

Карынқ орісті айтты,
Жер тар болды,
Күшігі азайтты, жыл санап кемтар болды.
Жарға соғылып, шегінген толқындай-ақ,
Көңіл бей-жай,
Денеміз дел-сал болды.
Кейде отырам сырласып домбыраммен,
Қос шекпенен қосылып, қоныр әнмен.
Кейде отырам іштей бір токтау айтып,
Не түсер деп бекерге болдырганмен.

МАЙҚАПШАҒАЙҒА

Ортаңа Майқапшағай келдік бұғін,
Көргенше ауылдыңды алмай тыным.
Алыстан ықыластарың, еңбектерің,
Еріксіз қызықтырды адал шыным.
Болып ек Тарбагатай ауданында,
Құлпырган көк майсалы аймагында,
Тіпті айтып өлеңменен болар емес,
Көркемдік толып жатқан жан-жағында,
Тандаулы көп-ақ екен ұлы мен қызы,
Төсінде жарқыраған таң жұлдызы.
Құжынаған қой, жылқы, маңғаз сиыр,
Таулардың көрінбейді беті-жүзі.
Аз күнде ол ауданнан көп нәрсе ұқтық,
Жасырып айттар сөзді қашан бүктік.
Адалынан айтқанда сөздің шыны,
Қоштасып көрші еліннен зорға шықтық.
Сондай-ақ сендерде де ұл мен қыз бар,
Жаудырап толып отыр келін, қыздар.
Керенау, кербез болмай еңбек етіп,
Жан боларсың атансан өңбек құмар.
Күтеміз Майқапшағай, сенен де ерлік,
Ерлік етсөн тудады елге молдық.
Сондықтан да бастығы Сәбен болып,
Міндетті орындар деп әбден сендік.

БАЛЫҚШЫ АУЫЛЫНДА

Біз болдық балықшы ауылы Мөнекейде,
Анадай аялады желде бейне,
Кездесіп «Балықшы ауыл» ерлерімен,
Жыр келді ағыл-тегіл көмекейге.
Сөйлесе Сәбен ҳалық елжіреген,
Шамшырақ ұл-қыздары мөлдіреген.
Қарттары Мөнекейдің шешіле бір,
Жанында желпіндірер әнгімемен.
Құлпырып, нұр төгілген гүл далага,
Еңбексіз жастар сірә жүлде ала ма?
Ақындармен кездесті ансаған ел,
Мұндайда айтылмайтын сыр қала ма?

БАЯНАУЫЛ

Баянның байтақ сұлу аймағында,
Бөлөнген ҳалқы нұрлы бау-бағында.
Көргенде қуанышты, жүрек лаулап,
Асқақтап, ән шырқадым, самғап шыңға.
Атына таныс едім көркем Баян,
Балауса маңайың гүл ертең Баян,
Көкше, Алтай, Алатаумен терезен тең
Көркісің, ел ырысы әлемге аян.
Шынына бақытты өмір шыққан Баян,
Мақсатын болашағын ұққан Баян.
Жарқылдан көгаршында ұл-қыздарың,
Миллион ҳалық жұлпарынан жұтқан Баян
Мың түрлі жемісің бар мәуелеген.
Ән толы бауырынды әуелеген.
Қадырлы ҳалық сүйген Баян ауыл,
Көруге келдім міне Сәбенменен.
Көрген жерден көнілге жыр туғызған,
Жаналап, қарт ақынга жыр туғызған.
Павлодар-Баян ауыл жасай берсін,
Партия туы астында қамал бұзған.

ҚАРА ЕРТИС

Онімді қарлығаштай қалқытайын,
Елімді жырға белеп балқытайын.
Олеңімді тасқынды Ертіске арнап,
Желіндей шілде айының балқытайын.
Біз көрдік «Тарбагатай», «Қара ергісті»
Әлемет «алып екен» «Ертіс» күшті.
Сәлемдесіп, жуындық біз сұына,
Ол қуанып, қарсы алып, қолды қысты.
Келгенін ақын Сәбен, білгендей-ак,
Көбік шашып, толқыны аунап түсті,
Күркілдеп, көмейінен күміс төгіп,
Толқыны жатыр жауып жez бен мысты.
«Қара ертіс» жаралғандай кереметтен,
Тау-тасты домалатып, жүндей түткен.
Ондағы бір өзінен теңіз жасап,
Колхаз-совхоз еліне тарап кеткен.
Ән шырқап, жасағында өнерпаздар,
Жалынды жас өмірдің күйін шерткен
Суарып, елін-жерін шарбатымен,
Еміреніп, еңбеккерін еркелеткен.
Талқандап, тау іргесін қайнап шығып,
Тебініп, тентек құзды ішке тепкен.
Аялап ұл-қыздарын алма кезек,
Көтертіп қызыл туды желбіреткен,
Осылай дамыл таппай аққан Ертіс,
Арқаны құшағына ап, жатқан Ертіс,
Сүйдіре коммунизм шұғыласын.
Мәпелеп миллиондарды бақкан Ертіс.
Алқынып, аттандырып, былай-дейді,
Айтқан сөзі көніліме ұнай берді.
Баар жерім, баурым Қараганды,
Халқыма қызмет етер ұдай-деді.
Қоштасып, біз сүйісіп, кетіп қалдық,
Тагы да келеміз – деп қолын алдық.
Көптен күткен Павлодар-Баянауыл,
Мейман боп, бір көруге құмар алдық.

ЗАЙСАНДЫҚ БАУЫРЛАРҒА

Атынды естүші едім Зайсан деген,
Тауы сұлу, жері әсем майсаң деген.
Бір көріп тілек бар ед ортаңызда,
Домбыра ап құлашты бір жайсам деген.
Сол тілек өрындалып, бүгін міне,
Кеп жеттім қартайғанда журе, жүре
Бөлендім раҳатқа келісімен,
Араласып еліңмен ойнап құле.
Келіпсіз мәжіліске қыр мен ойдан,
Жан барма сұлу сөз бен жырға тойған.
Арнаулы көп ақыным кітап жазар,
Мен адаммын «айғайға» арнап қойған.
Уа, Зайсан, көшпен қандай гүл жамылған,
Ұшырған көп ақынды гүл бағынан.
Куанып сезім билеп табысына,
Тамылжып қарт жүректен жыр ағылған.
Бауым көрдім аяқ алышынды.
Жарыста социалистік шабысынды.
Партия мен үкіметке міндеттеннін.
Жіберетін емессің намысынды.
Қырагы кисабы жоқ сақшыларың,
Күшінчен талай жаудың сағы сынды.
Мейірімді гүл даланы сузындастып,
Қойыпсың зыр жүгіртіп «тағы» суды.
Бір жагынды алып жатыр Сайқан тауы,
Аяғын аттап баспас сойқан жауың
Корғап бағып түр екен шекараны,
Бірігіп, жауынгермен барлық қауым.
Мол екен сіздерде де алған міндет.
Әсіресе құрылыш, сұт пенен ет.
Кешеден басшыларың айтып жатыр,
Мұлтіксіз болады деп алынған серт.
Өйткені сендерге олар сеніп отыр,
Сенгендіктен көп міндет алып отыр.
Партия басшылығы арқасында

Эр қашан қындықты женіп отыр.
Шопан да көп, батыр да көп,
Оттан, судан таймайтын батыл да көп.
Тамаша озат шопан, комбайнши,
Соларды жыр ететін ақын да көп.
Уа, Зайсан, еңбегін бар судай тасқан,
Әттең бірақ шамам жоқ жазар дастан.
Серігім, сүйенерім домбырам бар.
Ала кеп жөнеледі қолыма алсам.
Асыра алатаудан ән шырқаймын,
Аударылып кеткендей көктем аспан.
Бұғін түгіл ертенге таусылмайтын,
Жырым бар ақтарылган аузым ашсам.
Тен келмestей еш аудан жарысына,
Уа, бауырлар, ризамын табысына.
Үлкен тілек жүректен білдіремің,
Ерлікпенен жете бер деп намысына.
Жемісін туған елдің теріп жүрміз,
Шамаша калағанын беріп жүрміз.
Бір топ ақын жүрген жоқ текке ойнап,
Соңынан Сәбекенің еріп жүрміз.
Жасымнан халқымменен қатар едім,
Жемісін жаңа өмірдің тата бердім.
Әттең не, уақыт аз бауырларым,
Әйтпесе күзге дейін жатар едім.

БАМ – FA СӘЛЕМ

БАМ, саған бармасам да өзім ұшып,
Жеткізер сәлемімді сөзім құшып.
Жастарым қойнауыңа тамыр тартқан,
Көнтерлі төзім пысып, сезім ысып...
Бұғінде жыр бар ма еken БАМ жырындай,
Қарт Тайга бір жасарды-ау таң нұрындай,
Фасырдың тамырын тер жуып жатыр.
Жапанның жаңғыртатын жаңбырындай.
Көрмеген тарих мұндай қайнаган жер,

Көрөді халқым мұндай жайнаған жер,
Содан да көп көңілі көтеріліп,
Тайғаның шанағында тойлаған ел.
БАМ, саған бара алмаспын өзім ұшып,
Барады қәлемімді ап сөзім ұшып.
Қолында қарт ақынның қайла емес,
Дәүіт пен қалам, сосын сезім ыстық...

ІСІҢЕ СӘТ

Тагы, міне иғілікке камданып,
Қанат қағар қыран құстай қомданып,
Еңбекшілер шабындыққа шықтындар,
Көздерінде жаз жарқылы – шам жанып...
Бір күнгі ісің-бір жылға азық, шырағым,
Адал еңбек жағады өмір шырағын.
Пішен иісі айналаңнан аңқыса,
Желкілдетер көnlінің құрагын.
Ел байлығы, ер бақыты – бұл ағын,
Ағызатын молшылықтың бұлағын.
Бес тұлігін ойнақ салсын ойпанда,
Жазира жер жогалтпады құнарын.
Бесжылдықтың қандыргандаі құмарын,
Сонда асқақтап, жүзі жайнап шыгар үн.
Қыз бен жігіт, келіндерім орденді
Сендерсіндер, жұз жыл жасар шынарым.
Ісіңе сәт шыққан иігі қамданып.
Жолдарына тұрсын дәйім таң дарып!
Шабындықта жаздың әнін шырқандар,
Сол саздарға мен тұрармын таңданып...

СӘБИТТІҢ ДОМБЫРАСЫ

Иә, Сәбит Мұқановтың домбырасы-
Қалдырган маған арнап мол мұрасы.
Сыйлаган: «Саған мәнгі тапсырдым», - деп,
Ұмытпас үлкен сыйлық болды, расы.
Бұл күнде домбырасын шертемін мен,

Саздарын астана мен өлкө білген.
Сәбенәмен сырласқандай сияқтымын,
Шырқаймын шырайланып көркем күнмен...
Сәбенің мен тартқанда сүйіп жаны,
Ондайда эн дегенің құйылады...
Жұсіпбек, әсіресе Манарабектің
Сәбене ұнайтуғын биік әні.
Өзі де ол әсем шерте білетуғын,
«Дұрыс», -деп мәз қылықпен күлетуғын.
Ән-күйге әуелден-ақ жаны құштар,
Домбыра десе құлақ түретуғын.

БОЛАШАҚ БАСПАЛДАҒЫ

Жаңа жыл, сен сақтаған сырын қызық:
Көздерім күлімдейді нұрын жүзіп.
Шыршаның сезбездеген сәулелері
Үркеді кәрі жүрек жырын үзіп...
Желпінген жас жігіттей жаңа жылым,
Әкелдің әз өмірдің жаналығын.
Жылдарым-болашақтың баспалдағы,
Жалғайсың жайсан күндер аралығын...
Әйтеуір, қозғап кеттің қиялымды,
Еріксіз еске алғызып бұла күнді...
Бір жылға қартайсам да қызықтаймын:
Бір жылға есейген көп зиялы ұлды...
Жөнелтіп бесжылдықтың соңғы жүгін,
Жеткізіп жасампаздық жаңғырығын,
Жасартып өмірімді, көнілімді,
Колыма Жаңа жылым қонды бүгін!

МЕНДЕГІ ӘН

Жасыл ну, кең жазира өзендерді,
Аймалап гашығындаі өкпен лебі,
Бір толқыннан мың толқын ұластырып,
Аспандатқан өр әуен-ән мендегі.
Сол әуен көкіректі кернегендей,

Жаһанды құдіретімен тербесендей,
Қиыстырып қыыннан шырқатамын,
Нөсерлетең көш алды төккен селдей.
Мендеңі ән бұлтты жарып корабльдей.
Аспандап шарыктайды гарышка өрлей.
Өсірсе туган елім аясында,
Қалайша қалам оған барым бермей?!

АТҚАН ТАНДАЙ

Көз салсам, жоқ баяғы өңсіз дала,
Жоғалсын ол, өркендей берсін жана.
Деймін мен бау-бақшам бар, бұлбұлым бар,
Ән-күй бар, жырға толы ауыл-қала.
Достар көп, тыныштық құткен арманы бар,
Барап жол, мақсат-өріс біреу ғана,
Әр кімінің көкірегіндей күндей жанар,
Сезім бар-оттай ыстық, артқан сана.
Жанымды көрген жерден жадыратар,
Осынау жана қала, жасыл дала.
Дүниені түгел-тегіс таңырқатар,
Құлпырған құрылышы-қызы, бозбала.
Сондықтан кім мақтансын, мен мақтанбай,
Ағылта, тебірентіп жырды ақтармай.
Жемісі бұл – ерлердің еңбегінің,
Өмірді жарқыратқан атқан таңдай.

МИЛЛИАРД ТОЛҚЫНЫ

Толқиды ерке ақ бидай,
Еңбектен туған ырысым.
Қыр кемелері аттыдай,
Лаулатқан ерлер жүрісін.
Ұзын мойын, кең өңеш,
Шұмектер маржан лақтырған.
Алтын қойын, кең белес,
Егінжай ерді шат қылған.
Алты метр ақ семсер

Жатқа бауды қылғиды.
Теңіз кешкен кемелер
Дәнмен бірге сырғиды.
Бұлтанды етіп, бұлт етіп,
Тулайды масақ балықтай.
Оракқа қанық, кіл жетік
Дикандар жүр жалықпай.
Талай айқас шағында,
Білемін ерлер женгенін.
Гүлстан қырман бағында
Білемін миллиард бергенін.

СЕРПІН

Жетсем де жасым талайға,
Өтсем де нелер өткелден.
Түскен жок өмір оңайға,
Еңбекпен оған жеткем мен.
Жеткендей үнім шар айға.
Жырдан жаңбыр септі өлең,
Жырлаймын әлі қалай да,
Кетсем де асып сексеннен.
Жастықтың сақтап дәстүрін.
Гүл тергемін көктемнен.
Отанга тілеп сәтті күн,
Сәт сайын ерлік еткемін,
Жап – жасыл Есіл бойында,
Шалқып, жихаз есті өнім,
Екпінге дауыл ілесіп,
Дәуір күйін шертті елім.
Көктемнің күйші құсындай,
Салқын таңда әндеткем.
Қорғаламай, қысылмай,
Сабырлы сазбен сәндеткем.
Кетсе аспанға аңқылдал,
Асқақ әннің биігі....
Жаутаң көздері жалтылдал.

Қарайтын еді киығы,
Қосылуши еді әніме,
Қыз-бозбала елдегі,
Қосылуши еді бәрі де-
Үйрек-қаз, аққу көлдегі.
Қосылуши еді «пәлі!» - деп,
Тәрдегі қария, кәрі де.
Қошемет етіп қол соғып,
«Игібайдың әні» - деп.

ЖАҢА БАҚ

Қарағанды – Манғышлак,
Орнатып «Жауһар» жана бақ,
Жапанды жасыл гүл етті,
«Мәрмәр, гауһар» тасындаі,
Құм жотаны нұр етті.
Қыздары мен жігіті,
Асып ұшты ілгері.
Аспандай шырқап үміті,
Нұрланды балғын жұздері.
Құмда туған перзенті,
Нұрда өсірген ұлы енбек,
Нұрда өсті олар, ержетті,
Ержеткізген ұлы енбек!
Құмға щыққан тал-шыбық,
Самалмен ойнап теңселді,
Өсіріпті әнші ғып,
Көтеріп көкке еңсенді.

ӘНШІ САЗЫ

Өлеңнің кырын сындырмай,
Елімнің көнілін тындырмай,
Жүрген кезде әуре боп,
Кез келді ақын Ыбырай.
Естігенім болмаса,
Ақынды бұрын көрменеп ем,

Көргендер дейтін «тамаша».
Біракта өзі келмеген.
Балдырған бетім-нұрланаң,
Жарылғандай жүргегім,
Ақын келді – дегенде,
Әлі есімде – күлгенім.
Қызылжарды, сол жылы,
Педтехникүм ашылған,
Өстемір жеген кіші ұлы,
Оқитын бірге қасымда,
Әнге деп біткен көмейі,
Кең сабадай күмпілдеп.
Кете берер кенейіп,
Көріктей кеуде дүңкілдеп.
Жуан мойын алқымды,
Көрінген зорға иегі.
Даусы қандай жүйелі,
Семіз дене іркілдеп,
Тұрса да әнді қоймайтын,
Тыңдаушылар кейде оны,
«Алқынар» деп те ойлайтын.
Жарасымды үкісі,
Отыруши еді, бұлғандап,
Көбейген жұрттың күлкісі,
Құйқылжытса ыргаңдал.
Қарапайым, ақ көніл,
Жүрек сырын төгетін,
Косыла жырлап бар өнір,
Мұң-қайғысын бөлетін.
Талантты ақын дарынды,
Сурып салма, ғажап тым.
Сауыкпен алар әр күнді,
Ұлы еді аbzal қазақтын.
Бір тугандай енеден,
Композитор – акындық.
Қырағы, тапқыр, көреген,

Табиғат қойған ақын ғып.
Жамантау деп атанған,
Тұған жері – тұрағы.
Мұра бол қалған атадан;
Сандыбайдың бұлағы.
Әкесі шебер Сандыбай,
Зергер ұста, арбашы,
Болса да қандай ауылы бай,
Жалынбайтын жармасып.
Тартып туган өзіне,
Әнші еді баласы Өстемір.
Оқудан бос мезгілде,
Үйренуші едік, өлең-жыр.
Екеумізге ыбырай,
Тенгермейтін ешкімді,
Домбыра әсем, әнді айғай,
Әткізбейміз бос күнді.
Ыбырай өрлеп айғайға,
Салғанда құштеп ағаш үй
Ұқсайтын толқып қалғанға,
Шалқыма, Гакку жалғас үн.
Ілесіп кейде біз қатар,
Қосылып әнге салуши ек.
Жатақхана үйіміз,
Жатарда кетіп қалуши ек.
Қамығып кей шақ толғанып,
Дейтүғын «жақсы оқындар!»
Отырып ұзақ ойланып,
«Бақытты сендер ұл-қыздар».
Қалдық деп біз қаранғы,
Танымаймыз біз әріп.
Жеткізер білім – адамды,
Қарасын елің таң қалып.
Ыбырайдың сол сөзі,
Тұргандаі бүгін күлакта,
Жүрмесе де бірге өзі,
Ұмытпаймын еш уакта.

ЖАС ШАҒЫМ

Жас шағым – балаусадай балбыраған,
Кіршікіз мөлдір еді танға ұқсаған.
Кеудемнен ән толқыны ағытылып,
Әсем күй ақтарылған домбырадан.
Жас шағым – қияға ұшқан қыран едің.
Халқыма қызмет етіп, шат өмірде,
Келеді өзінмен бір тұра бергім.
Жас шағым – сен барында жалын құштым,
Әніммен көңілін ашып, жақын достың.
Миллион ұрпағым бар – менен өтсөн,
Тіпті де, жалынымды сөндірмеспін.

ЖАСАЙДЫ ЕЛІМ ӨЛЕҢМЕН

Жарқ етіп күннің сәулесі,
Тамаша бір нұр таралған.
Өзгеріп елдің бейнесі
Гүл төгілген даламнаң.
Жаңа өмірмен жадырап,
Күлім қақсан жан біткен.
Жайқалып, жайнап жасыл бақ,
Өмірге сәүлет, сән біткен.
Алтын сәуле күлімдеп,
Үйде де және түзімде,
Ойда қайнап ыстық леп,
От жақты ұшқыр сезімге.
Сезімге сәуле шам жаққан,
Күнім де, - Компартиям
Өлең-жырды лаулатқан
Нұрым да – Компартиям!
Қазақстан қырық жыл
Күн нұрына бөленген.
Жанарған гауһар өмір гүл
Жасайды, елім өлеңмен.

АСТЫҚ ЖЫРЫ

Тасытып еңбек қарқынын,
Өрбіттік өлең өрісін.
Еңбекпен, әнмен әрбір күн.
Құлпыртып туган ел ішін.
Өзі де десе дегендей,
Ызындағай бітік егінім.
Отанымның көркіндей,
Не деген, көркем, келісім!
Қырманда қызу еңбек топ,
Дүбірі қекті жарғандай.
Жас тулектер-жалынды от,
Қимылды мейрің қанғандай.
Дән сол шакта саулайды,
Ерлердің маңдай теріндей,
Терлесек дәулет қаулайды,
Етеміз еңбек ерінбей.

БАТЫРҒА

(СОВЕТТЕР ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ
ЫСҚАҚ ҰБЫРАЕВҚА АРНАЙМЫН)

Майданда ел қорғайды батыр ұлан,
Ешқашан жаудан қайтпас батыл адам.
Сол батырдың біреуі ысқақ іншек,
Туган жерге келдің бе есен-аман.
Көнілім көтеріліп, шаттық кернеп,
Куанып домбырамды қолыма алам.
Атакты, әр жақты ақын болмасам да,
Бәйгеге талай рет түскен ағаң.
Сыртынан батыр деген даңқты естіп,
Асығып бір көргенше болдым алан.
Істеген ерлігінді мақтан етіп,
Мен міне – шын жүректен жыр толғаган.
Жырменен ерлігінді сыйпаттаймын,
Тыңдасын үлкен-кіші барша адам.

Бағалап батыр деген атақ берді.
Қолбасшы Сталиндей ұлы бабам.
Алатау, Алтай, Кавказ, Есіл, Ергіс,
Үн кости бүл құшті деп Қаһарманнан.
Әйткені жауған оқтың нөсерінен,
Қаймықпай жау ордасын талқандаган.
Бұйрығын қолбасшының тура орындал,
Дауысын жерді жарды уралаған.
Қасқырдай апанына қайта қашты,
Жойылып жаудың тобы қамалаған.
Бір емес, талай сондай ерлігіңе,
Жау шыдап, табан тіреп тұралмаған.
Атынан туған елдің мен жолдаймын,
Жырменен мың мәртебе алғыс саган.
Нөсерлеп жыр төгілді, есіп желдей,
Өмірлік бойға қуат берілгендей.
Тұғызған жүзден, мыңдаған батыр ұлын,
Тарихта ел болмаған біздің елдей.
Алғысым - көп атынан жырым менің,
Естілер бүл өлкеге үнім менің.
Жеткізген бүл жеңіске елімізді.
Жасасын ұлы Сталин кеменгерім.

КҮЛӘШ

Бұлбұлым, ел мақтаны Күләш едің,
Тілекtes жүрек бірге сырлас едің.
Айлам болса ажалдан алып қалар,
Мұңайып, бүгін жылап тұрмас едім.
Тілге келсе ажалды сөгер едім,
Тас қорған жыр түбіне көмер едім.
Жайдары жарқын мінез, адал жанның,
Ардақтап қабіріне ғул егемін.
Өмірді қайғы менен ажал жеңбес,
Туған елдің бұлбұлы Күләш емес-
Ұрпақтардан ұрпаққа болар ұлғі,
Нұр шүғыла еңбегі мәнғі сөнбес.

ЖАСТАРҒА

От жанған жанарынан жалынды жас,
Тәрізді тау қыраны әлемге паш.
Ежелден еңбек сүйгіш ел ерлері,
Кен қазып, тыңды тіліп, қопарған тас.
Бөлейік Ұлы Отанды бақша-бауга,
Тағы бір соққы болсын қас пен жауға.
Дүбірің салтанатты шаттандырды,
Сәулетті бес жылдықты орындауда
Даңқты, ізгі сапар, игі жолын,
Айбынды айқын тудай берік тобың,
Табысына тамаша ел сүйсінген,
Қымбатты жас құрылышы, құрыш қолым.

ЖАСА, ЕЛШ ҚАЗАҚСТАН!

Жаралған тілім қығыр ақ алмастан,
Мәнгілік қалар жырым кір шалмастан.
Қырық емес, қырық мың жылдар шұғыла жайып,
Жасайды туған елім Қазақстан!
Өсірген партиямыз бізді бастап,
Ұшырған Гагариндей ерді жастан.
Көремін данышпандық нұр сәулетін.
Ай, жұлдыз, еткен құрмст жер мен аспан.
Лебін ем, суың шипа, шөбің дәрі,
Шәрбетің мейірімді қандырады.
Таң нұрлы тамылжыған табиғатын,
Тасқынды. жүргегіме жыр құяды.
Алатая, жер жаннаты Көкше - Баян,
Кен басы - Караганды жері ноян.
Балығын Балқаш жатыр мақтан етіп,
Бурабай сұлу қыздай әлемге аян.
Жайнаймын күнде жаңа қызгалдақтай,
Жасарып, жаным шалқып тыным таппай.
Кетемін тыңды аралап трактормен,
Жастардын толқынданған энін костай.
Әлі есімде – Отаным азат болып,

Елдікке қосылған шақ қазақ болып.
Қарасам, бүтін кейпі мың құлпырып,
Әркендең, есіп кеткен ғажап болып.
40 жыл - қыс кетіп, қызыл шұнақ,
Кеудеме ән, орнагалы жылы-шуак.
Оранып орман оқа, тоғай торқа,
Жамылған далам майса, жасыл құрақ.
Тұмсығын жақпар тастың тоқпен бұзып,
Төңкерген, талай құзды мойнын үзіп.
Патриот жанқиярлық Отан ұлы,
Ерлігі шахтерлердің қандай қызық.
Көтеріп бақыт туын, алма бағын,
Жыр қосып, достарменен араладым.
Қызықты сауық-сайран ертелі-кеш,
Сенғана туған өлкем қалағаным.
Әрқашан маған ыстық далаларым,
Жұтам да жұпарынан нәр аламын.
Әнге орап, жырға бөлеп есіремін,
Арқаның тынды жапқан алтын дәнін.
Бұл қызық, бүгін қазақ даласында,
Қайнаган, еңбек, қарқын таласуда.

ЖАЗ КҮНІ

Балаусалы, балғынды,
Көкарайлы шалғынды,
Жайқалған жасыл жапырақ,
Неткен сұлу жаз күні.
Бір жақтан сайрап бұлбұлы,
Бір жақта жайнап қыр гүлі,
Қызгалдағы құлпырған,
Неткен әсем жаз күні.
Шексіз шетсіз бір кілем,
Төсеніпті қыр кілен,
Құлпырады төңірек,
Неткен көркем жаз күні.
Әзілдескен ойнаған,

Жанары жұлдыз жайнаган,
Өн салған еңбек адамы,
Не деген шат жаз күні.
Бәбектер топ-топ жарысқан,
Доп қуып, мәз боп қалысқан,
Жайрандаған көнілді,
Не деген жайлыш жаз күні.
Гүлдендірген өмірді,
Бөлеген нұрға өнірді,
Сүйсіндірген адамды,
Елімнің өзі-жаз күні.

ТОЛҒАУ

Кемері пуліс көкорай,
Оранған совхоз жағалай,
Дәулеттің қайнар көзіндей
Суын ішіп тоймастай,
Кебігі күміс көлім бар.
Келелі жыныс, кең тогай,
Қойнауы толы ақ бидай,
Бетегесі берендей.
Жоңышқасы сары май,
Болашақтың бұлағы
Құнарлы, сүтті жерім бар.
Шынында қыран ойнаған.
Бағында бұлбұл сайраған,
Партия бөлеп бақытқа,
Жаңа өмірі жайнаган,
Майданында еңбектің
Шынықкан қайнап елім бар.
Кремльден оралып
Нұрлана шексіз қуанып,
Фасырлар бойы тың жатқан,
Тұнықтың сырын ашуға,
Көмекке келген ағылып,
Ер жүрек ұл мен қызым бар.

АЛҚАЛЫ ОТАН

Өмірім-өр Алтайдың шынарындей,
Көнілім-коммунизм шуағындей.
Шабытым-шалқар дала самалындей,
Қиялым-ленинизм жалауындей!
Қарсы алып, қонған басқа бақыт күнді,
Тойлаймыз дос пен туыс елу жылды.
Көп ұлтты мәңгілікке бауыр еткен,
Желпиміз бір көтеріп Қызыл туды.
Сан ғасыр армандаған, ата-бабам,
Ұрпағы кетті шалқып, толып арман.
Өрнектеп, өре жетпес орда жасап,
Ақтығы аумай қалған шағаладан.
Бақытқа елім менен мен де бірге
Кенелдім, ән шырқадым Кремльде.
Атынан мың айналып отырамын,
Тегілтіп, жүрегімнен жыр Ленинге.
Гүлденді ел елу жылда еңбек өрлеп,
Қол ұстап, көз көрмеген салып өрнек.
СССР күмбезінен күлімдейді,
Шапалактап, қол соғып ел шаттық кернел.
СССР - Күн нұр төккен төбедегі,
Күннен күш ап, артады ер өнері.
От кешіп, жалын құшып, талмай өтіп,
Шынықкан ұл мен қызы - Еңбек Ері!
СССР - ұланғайыр, алқалы Отан,
Әрі әнші адамдары, әрі шопан.
Құлпырған бәйшешектей әсем нұрлы,
Телегей көк теңіздей дәнді жотам.
Алаулап, жалынданып, өскен ұрпақ,
Самғатып, Марсқа да кетті шырқап.
Раушан гүлдей бөленген мол рахатқа,
Әрқашан дәстүріміз женіп шықпақ.
Ән тегіп, бар жүректер тебіренбек,
Тойына СССР-дің тойы ұласып,

Жер жузі, бейбітшілік жасай бермек,
Дос, туыс төсін ашып, құшақтасып.

ӘН ШЫРҚАЙМЫН

Аққұба, мақпал мұртты, қыр мұрынды,
Жалынды жігіт едім сегіз қырлы.
Отырмын енді бүгін алпысқа кеп,
Көрем деп кім ойлаған бұл құргырды.
Алтайдың аскарында аршындаған,
Ақ шашым айға шағылып жалтылдаған.
Жібектей жел көтерген желбірейді,
Күй шертсем әкем берген домбырадан.
Күй сүйген ақ мұрт алпыс бөктеріне,
Әнменен шықтым келіп көктеміне.
Жастармен ән шырқасып-тың басында,
Жарысқа мен де түсіп кетпедім бе?!

Құйып ап көкірегіме һұр шұғыласын,
Күлімдеп Кремльде күн тұргасын.
Алпысқа адудынам басылар ма,
Жырламай заманымның тұр-тұлғасын.
Сөзім бар, жауар бұлттай парланатын...
Үн қосар қарт домбырам қолқанатым.
Ағам Біржан, үлгім бар ақын Абай,
Жамбылша әдетім бар толғанатын.
Лениннің өсіеті өлмес мәнгі,
Арман не, адам болса сөз қалатын.
Уа, достым, өмір жолы оңайлықпен
Осалға сипаттайды өр қанатын.
Жол сызып компартия алдағыға,
Жетіге, жиырма қырды жалгады да.
Нұсқады коммунизм асуына,
Самғатып канат беріп аймағыма.
Қостағам мен де сонда шақырганын,
Ұлы іске аттанғанда атырабым,
Қауырт іс, серпінді күш кетті қаулап,
Байлығын сарқа саяу Сарыарқаның.

Уа, достым, бізбен ылғи жүрсөң бірге,
Қояр ем бөлеп дәнгे, орап гүлге.
Ерлер менен еңбектің маршына,
Қосылсақ қандай бақыт тын өңірде!

БОРЫШТЫМЫН

Мен, адаммын Отанға борыштымын
Біріндей Отанына борыштымыз
Сондыктан ерінбестен еңбек етем
Куат қып, ленинизм жеңіс туын.

ШАЛҚУ

Ой-толқын, әнім - тасқын, жырым дария,
Мен бас-басшы, қиял кілті көне қария,
Тәрізді тау бұлағы жатқан тарап
Тіл жүйрік, талмай өмірі өтер жария.

ТОЛҒАУЛАР

ЖЕТПІСТИҢ ТОЛҒАУЫ

Жетпіске келген жасым бар,
Күмістей сақал, шашым бар,
Мәңгі өшпейтін кеудемде,
Жыр деген бір асыл бар,
Әніммен көніл жұбатқан.
Өтті талай асулар,
Халқым сүйіп ұнатқан.
Жырымда толқын тасу бар.
Қалды жолда талай сүм,
Кедергі болған масылдар
Сөйлеп кетсем сөзімде
Жауларға кекті ашу бар.
Нұрлы шүғыла болашақ-
Алдымда ғажап асу бар.
Коммунизм жасайды,
Талай-талай ғасырлар.

Домбырамды тыңдасам,
Сазы қандай сырлы еді.
Күмбірлеген қоңыр ән,
Назы қандай нұлы еді.
Көңіліме күй төгіп,
Қарт домбырам желпінді
Күйге қоса жыр төгіп,
Қанаты айға серпілді.
Куаныш, бақыт, шаттығым
Бір басыма жеткендей.
Қартайдым деп тап бүгін.
Ойым жоқ жасып кеткендей...
Балам келіп әрқашан.
Қадірлейді сыйлайды.
Немерелер қоршаган
Домбырамды тыңдайды.
Қартаюға осылар
Тигізбейді қолымды.
Күлкісі-құндей, тілі-бал,
Ұзартқандай жолымды.
Өлеңім - жолдас, өренім,
Өрнектеймін, өремін
Он үшімнен бастап ем.
Талмай айтып келемін.

ЖЕҢІС ЖЕМІСІ

(Ұлы Жеңіске – 30 жыл. 1945-1975)

Мен-дәуірдің жаршысымын,
Жырлаган сәнді сәулетін.
Жиырмасынышы ғасырымнын,
Атақ – даңқын дәулетін.
Жырым менің паш етер,
Отыз жылдың жеңісін.
Зырлап жылдар, күн өтер,
Ұмытпан елімнің ер ісін.
Осынау өткен отыз жыл,

Лебі-самал, желі-күт,
Ісі-азық, ізі-гүл,
Тынысы-дән, дәмі-сүт,
Осынау өткен отыз жыл-
Ерікті енбек жайлауы.
Ел жүргегі - күлкі нұр.
Үй сайын сауық-сайраны.
Тап бергенде кенеттен,
Халқымның бұзып үйқысын.
Қаңжар ойнады тәбемнен,
Сәбидің бұзды құлқісін.
Құзғындар қара ниетпен,
Оқ жаудырған еліме.
Нөкер жинап жендеттен,
Әрт жіберді жеріме.
Аспанды жырттып тілімдеп,
Құйылды бомба гүрсілі.
Жер шайқалып, дірілдеп,
Гүл теңселіп ышқынды.
Снарядтан снаряд,
Ұшты ыскырып, суылдап,
Орман-тоғай от жалап,
Жапырағы шуылдап.
Буырқанып бар маңай,
Дүние көзден дөңгелеп.
Атылып жарқыл наизагай,
Отқа айналды жер мен көк.
Тыныш күнді ойрандап,
Келді соғыс зіркілдеп,
Көтерді ұран партия:
«Фашизмді тек жеңбек!»
Сол жылдардың жарасын,
Женісім өзі емдесен,
Өзгертіп өңір-даласын,
Қуан, шаттан, күл деген.
Күн сүйген әсем қаласын,

Шебер қолдар зерлеген.
Шабыттана, шарыктап,
Өлеңмен зерлеп өндегем.
Женістің алау ақ таңы,
Қыздырған қырдың алабын,
Жайылып көктем қанаты,
Жоғалтты соғыс азабын.
Женістің биік өрінде,
Ильич отыр терімде.
Күлімдеп қарап үйімде.
Сенің де, міне, менің де,
Бұгін - мереке елімде,
Бұгін жеңіс ғажайып.
Гүлденген ойым-дәнім де,
Топ-топ думан халайык.
Бұтін дикан қосында,
Жұлдыздар түр жайнаган.
Бұтін қызық осында,
Еңбек қызып қайнаган.
Бұтін туыс, досым да,
Билемен, жасал сайраган,
Қайраткер, батыр осында,
Қадірмен, жақын, жайлыш адам.
Іірім-иірім өнірім,
Дәні шексіз алқалы.
Шұғыла, жаннат өмірім,
Қазына жиһаз алқабы.
Қоздырған күйін кеуденін,
Адамдары Арқаның.
Женіс - тойы ұл-қыздын,
Мереке, шаттық әр таңы.
Бөрі Женіс олжасы,
Ғасырга талай тенерлік.
Жайнады елдің гүл бағы,
Рахат күнге кенелдік.
Рахат тұндер самалы,

Шығыс та Батыс арнада.
Ерке қыздай сәнді әсем...
Тың түні тұнған дән гана.
Орындал берген серт-антты,
Диқан ерлік танытты.
Еңбек те, ән де егіз боп,
Тасқындастып миллиардты.
Оянып елді арай таң,
Көтерген тынбай қолтықтан.
Тың каласы – Қызылжар,
Берекесін шалқытқан.
Тойыма осы тартуым,
Көнілін ашып халқымның,
Көтеріп еңбек қарқының,
Әлемге жайып даңқ үнін.
Жайнай бер елім, жайнай бер,
Бастаған партия кеменгер!
Жеңе берсін, еңбеккөр,
Жасап мәңгі еңбекші ел!

ДӘУІР ДАСТАНЫ

Тарихта өлеңім мен жырым қалсын,
Мұра қып немерелер ұтып алсын.
Тойында Октябрьдің қарт ақының
Қарамай қарттығына бір ән салсын.
Жетпісті жас екен деп бөгелмедім,
Ойлардың тылсымына терендедім.
Шықты елім, мен де шықтым ту көтеріп.
Халықтың той-думанын ду көтеріп.
Көрініп көюкиектен арайлы таң,
Жас қеудем шалқып кетті мың от өріп...
Тұншықкан әндер ұшты арманымдай,
Шаттықтан маздадым бір - жанбадым жай!
Сол жылы мен әнімді кеттім бастап,
Сұнқардың шың басында самғауындей.
Ілесіп содан былай таң нұрына,

Партиям нәрін құйып жан сырыма;
Оқыдым, еңбек еттім, ұстаз болдым,
Қашшама еңбекші елдің ұл-қызына.
Өткенде санай берсем сөз де жетпес;
Өткенге қарай берсем көз де жетпес.
Кездесken қындықты жеңе отырып,
Жеткен күн жәністерге естен кетпес!
Алпыс жыл оған, міне, толды жарқын,
Алпыс жыл алпыс асу болды айқын.
Жарқырап алтын айдай, күміс күндей,
Орнады колхоз, совхоз жайып даңқын.
Осылай аспанымда жүлдyz жайнап,
Әр үйдес қуанышты бұлбұл сайрап-
Жүргенде батыстан бір өрт тұғанды,-
Тірлікке Гитлердің қаны қайнап.
Жаудырды ол бұрқ еткізіп оқты бастан,
Сен бардың, мен де жаумен атықам.
Тойтардық телмендеген жендеттерін,
Көп достар құрбан болды арпалыста...
Бір шақта жау жеңілді, бајулады,
Женістің туы оттай алаулады.
Көтеріп қызыл туды жауынгерлер,
Шаттанып туған елге аяңдады.
Женістің жырлап әділ салтанатын,
Көремін көкке өрлеген ел қанатын.
Талантты, талапты ерлер қын сэтте
Табыстан табыстарға қосты қарқын.
Қарасам таңгажайып бір суретке:
Шынықкан ұл-қыздарым ұлы ерлікте.
Жұлдыздай қонған әрбір кеуделерге,
Өшпестей құйған нұрын іскерлікпен.
Іскерлік, алға адымдау-батылдылық,
Жеткізер бақ-дәүлетке мақул қылық.
Женіске мақтану бар, масаттық жоқ,
Ел айтсын: «Жарайсың деп,- батыр жігіт!»
Ізінен батырлардың шаң борайды.

Шан емес-ау, ақ маржан ән борайды,
Шан мен дән терге бөгіп, дәүлеттеніп,
Өмірді алтын арай таңға орайды.
Термен өскен бал тамган әнім қандай,
Шапағат шуағына малынғандай.
Ұлы еңбектің иесі бір қуанар,
Өмірден іздел жоғы табылғандай.
Моторға қоса қағып домбыраны,
Ағылған тұс-тұсынан әнім қандай!
Сергітіп адам бойын, дала қойнын,
Төгілген әнге аралас жауын қандай!
Қағып-қағып әншілер домбырасын,
Кекті тілеп түскендей салған әні.
Шыңға өрлең, құз біткенді жаңғыртады,
Тыныстар лебізіне адам жаны.
Ардақты жан бізде көп алтын бармак,
Жырлауыма сиғандай алған таңдап.
Күніне көп жаңалық береді олар,
Атак-данқabyройлы қауымға арнап.
Еңбекпен ардақтылар бағалы адам,
Бағалы адам - қадірмен, саналы адам.
Талайдан оқып өзі ұстаз болған,
Көріне қасиетті ол, дана маган.
Адам қымбат, - қолынан іс келетін,
Партия, халық сеніп іс беретін.
Мейлі, тау, жер астыма, аспан асты,
Оған әр кез халқымыз нық сенетін.
Шалқып жатқан тындарды мақтандырған,
Көпшілік сүйсініп, шын мақтан қылған.
Өзім ғана жеттім деп айтпайды ол,
Бесжылдық көңілдерді шаттандырған.

II

Атақты Құрманғали-Еңбек Ері,
Он бес жастан диқандық еңбегі еді.
Жалығып, жалғызырап көрген емес,

Баршасын қындықтың жеңген еді.
Кешегі ел құйзелген соғыс кезде,
Бас көтерер жан болмай бұдан өзге;
Қатын-қалаш, баламен жолдас болып,
Тынымсыз еңбек істеп түскен көзге.
Қыс болса мал қыстату жұмысына
Бас-көз боп араласқан ол құлшына.
Жазы-күз, көктемде де құні-тұні,
Колхоздың араласқан құрылышына.
Шықты ол мамандық ап сейтіп жүріп,
Сандаган техника тілін біліп,
Жаралы жапан түзге дән жайқалтты,
Тұрсын деп тіршіліктің құні құліп.
Сүйікті партияның мүшесі боп,
Өзінің сүйіп алған ісі осы боп;
Атағы астанаға жетіп жатты,
Еңбек сүйгіш өнерпаз кісі осы боп.
Ізденип, жалғастырып өмір жолын,
Молайтып, жылдан-жылға астық қорып.
Тамаша, құдіретті өңшең жастан
Екпінді диқандардың құрды тобын.
Орындал ізгі істер тыңғылықты,
Бірнеше артка тастап бесжылдықты,
Жарыста социалистік Құрекеміз,
Куантты жеңісімен жүртшылықты.

III

Қауырт бесжылдықтың қарқыны есті,
Еңбекте коммунизм самалы есті,
Даланың төскейіне дән өсіріп,
Құрекең миллиардқа үлес косты.
Еңбек жанып, бойға ыстық қан тараптады,
Қаны тасып жас батыр ажарланды,
Данқ-абырой омырауын жарқыратып,
Жұлдызы жарқыраған ер атанды.
Жалғасып қуаныштан қуанышым,

Жадырап жазға айналды қуан қысым,
Таза ауа, салқын самал тұрды желпіп,
Бес есе арттыргандай адам күшін.
Сөйлейін созбаламай, сөзді қыска,
Жіберіп қырағыдай көзді алышқа,
Елімде озат малшы жігіт, қыз көп,
Жырға арқау болған олар көп айттыста.
Ақылды адам таласпас дұрыс сөзге
Не түсер жақтағанмен бұрыс сөзге,
Еңбектің майданына қызу түскен,
Сүйікті жандарымыз ырыс бізге,
Талайын жақсы адамның көріл келем,
Шуақты шапағына еріп келем.
Алпыс жыл арайында еңбек етіп,
Халқыма мен де үлес беріп келем
Ауылды айтсам; бірінен-бірі өтеді,
Сан ұлттың басын қосып сыр шертеді.
Жайнатып қала, дала тың өнірді,
Молышылық, дәулет, сәулет күнде еседі.
Алпыс жыл теңдесі жоқ алпыс мыңдай,
Ғажайып жан көрмеген өмір мұндай!
Рахат, бейбіт күндер жайлы күндер.
Жазира, жәннат - жауһар құлпырган жай.
Алтын жүлдyz көбейді қеудемізде.
Шұғыла шашып, нұр төккен күн де бізге!
Сағат сайын мың алғыс жырға қосып
Жазылады жақсылық зердемізге...
Жырым бар жүлдyz құсап жарқылдаған,
Бесжылдық мұхитында сарқылмаған.
Ақиқат-әрқашан да паш етерім,
Алқынбай ар алдында қарқындаған.
Әлі де көп достарға айттар энім,
Солай ғой - әнгे құмар майталманым,
Солардың жастығынан жылу алып,
Мен жүрсем - гайып болар қартайғаным.
Ендеше Ыбырайдан ән шырқасам,

Орнатып тұн тымығын, желді басам,
Бесжылдық әрбір жылын жаңа өрнекпен,
Габит пен Қалижанша перне басам...
Сырласым ақ домбырам – аскар әнім,
Төріне шыққан талай астананың,
Өзімің туған үйім, туған жерім, -
Қымбат-ақ алтынынан басқалардың.
Өмірде көргенім мол, түйгенім көп,
Ғаламат мерейліні сүйемін көп.
Содан да шалқып-тасқан қазағымның,
Сан-сала өнерінен үйрендім көп.
Ол өнер – еңбек-күрес, женғен жеміс,
Ол өнер – қосқан үлес, терген жеміс.
Сол өнер олқысы жоқ, байқап тұрсаң
Сол өнер дәуір кешіп келген деңіз.
Ол өнер - шопан, диқан, малшы ұлан,
Жайылған жалпақ жерге мол шұғылам,
«Қыын, ауыр, шалғай» деп сескенбестен, .
Бәріне адалдықпен қарсы тұрған.
Күніне жұз куаныш, жұз ерлікпен
Октябрь мәнгі өшпес нұрын сепкен,
Тәбемде – ақ көгершін, бақ көгершін,
Жеткізген достық әнін жер мен көктен.
Шалқыған байтақ өлкем ән тербеген,
Даламды дариядай дән тербеген.
Алпыс жыл – алтын тарау тарихымның,
Арнада көп қой әлі көз көрмеген.
Қалам бар – Қызылжардай қыры дарқан,
Арнаған оған ақын жыры шыққан!
Құмыққан құнарына алып жылдар,
Сенің сол емізіктен еміп жатқан.
Шырқау ән бір арнада тоғысқандай,
Ақ бұлтын төсін сүйіп, қол қысқандай.
Сапалы алпыс жылдық сан табысы,
Сайратқан бұлбұл құсты күн құшқандай.
Жанары оттай жанып, қарашығы,

Төсінде бақ жүлдзыы жарасулы.
Қойны ашық, қолы да ашық әркез елім,
Жаюлы дастарқаны, дәмі асулы.

ПОЭМАЛАРЫ

ДОМБЫРА

Ызындал құлаққа әлсіз бір үн келді,
Еріксіз тебірентті бұл үн мені,
Көңілсіз ел,
Көріксіз қыр елестеп,
Шерлі мұн, қасірет зары күбірледі.
Алыстан жетті сол үн талықсыған,
Сияқты әлденеге жан қысылған.
Кейде нәзік сыйылтып,
Кейде күмбір,
Қобыз ба,
Домбыра ма ыңырсыған.
Отырмын баяу үнге түсіне алмай,
Отырмын себебі не тұшына алмай.
Қалыппын осыншама ойға батып,
Киялдың көгершінін ұшыра алмай.
Қыспакты, қысталан шақ өтіп бастан,
Өмірдің тарих ол сырын ашқан.
Көңілдің күй алуан шерін аршып,
Тынымсыз дәуір кешіп ілгері асқан.
Бұлқынып талай ғасыр атой беріп,
Вулкандай нелер кеуде жалын атқан.
Шалғайға жарық ізделеп,
Құлаш ұрып,
Бостандық – деген арман күн-түн қатқан.
Мазалап осы бір жай талай түнддер,
Менің де сезімімнің кілтін ашқан.
Сол үннен көргендей боп заман көшін,
Толғанып бүгін міне жаздым дастан.

I

О, домбыра, қажыдын сен, шаршадың,
 Қайғысына ортақтасып баршаның.
 Көп құмарттың бір көруге жарықты,
 Көз талдырып қуанышты аңсадың.
 О, домбыра, алғаш сені көргенде,
 Шығар-шықпас жан бар еді қеуденде.
 Ұшқын түрді қемейімде жалының,
 Бірақ болдым гіл байланып шерменде.
 Ол кезде сен жалғыз болдың, жас болдың,
 Қайғың ауыр, инің жалаңаш болдың.
 Толғай бердің, бас имедің бүгіліп,
 Жоғын жоқтап қамқоршыдай тапшы елдің.
 Тұрды өмір күткен алда құлпырып,
 Тұрды көніл бәйге атындей жүлкүніп.
 Бақыт күткен өмір сүйген жас жүрек
 Соқты тулас ұнемі алға ұмтылып.
 Тұрды өмір - күткен арман құлімдеп,
 Шешек атқан балғын гүлдей дірілдеп.
 Екпінді күй сапырылып шанақтан
 Тасқыннады бірте-бірте ғүрілдеп.
 Жалғай берді,
 Сарнай берді домбыра,
 Үзіліссіз махаббатты қоздыра.
 Шырыллады бозторғайдай бишара
 Бір тынымсыз қолдан-қолға қонды да.
 Тоты құстай сұлу өмір сыландал,
 Өте берді ғашықтардай бұрандал.
 Үміт үдеп, жүрек қылын шертіп ол
 Толқып жатты, шабандоздан күй андал.
 Оттай шарпып домбыра да күй дауыл,
 Қосып үнін шаңқобыз бен шындауыл.
 Кетті шарлап Сарыарқаның даласын,
 Теке теріс екі дайда тұрды ауыл.
 Шалқи берді ыстық лепті, ызгарлы.
 Досқа балдай,

Дүшпанына мұз-қарлы.
Жоғалмastaй,
Мәңгі өшпестей пәк сезім,
Өтті күндер, тарихта өшпес із қалды...
О, домбыра, құдіретті, домбыра,
Ақ кеудене арманынды қондыра.
Алып ұштың дауылпаздай күйінді
Жер жиһаннан асырам деп оздыра.
Сарыарқада күні-түні сабылып,
Күніренумен шерге батқан, домбыра.
Ақ армандаі аһ ұрумен сағынып,
Толғанумен терге батқан, домбыра.
Күмбір-күмбір көне күміс көмейін,
Көңіл кірін аршығандай, жаудыра.
Үстем болғыр - сенің ылғи мерейін,
Сөйлеші бір, сыр төгілсін, домбыра.
Солай бір ләzzат ала алмай,
Өмірден ықтың таба алмай;
Қасірет шеккен сол бір күн
Есінде ме, домбыра?!

Кең жазықта көсліп,
Сөз айта алмай шешіліп,
Тіс қайраумен өткен күн
Есінде ме, домбыра?!

Астыңнан атынды алдырып,
Қанатынды талдырып:
Адасып ақыл,
Азған күн
Есінде ме домбыра?!

Шымырлат, қайнап, мөлдіреп
Сылдырап аққан бұлақтай,
Жайқалған әсем желбіреп
Балапан-бала құрақтай.
Тәтті жырың қор болған
Есінде ме, домбыра?!

Сүйемін сені, бұлбұлым,

Сөйлейтүгүн күн бүгін.
Құмарын елдің тарқатшы,
Шежіре-шешен, домбыра.
Жанарыңда тамшылап,
Төгілген жасың, домбыра.
Қотыр атты қамшылап,
Мәнгірген басың, домбыра.
Көнілім - толқын, соны айтсам
Қағамын қатты, домбыра.
Қағудан, сіра, жалықпан,
Ыргағың тәтті, домбыра.
Ешкім сонда бабыңды
Таба алмады, домбыра.
Жазықта жазып баурыңды,
Шаба алмадың, домбыра.
Қайғылы жігіт, Мұнды қыз,
Үнін қосқан, домбыра.
Зарын тыңдап ай-жұлдыз
Мұнын қосқан, домбыра.
Адам түгіл, андардың
Тілін тапқан, домбыра.
Айдаһардай хандардың
Жынын қаққан, домбыра!..
Еділ-Жайық арасын,
Алтай-Каспий даласын,
Қанат талмай қақ жарып,
Кен шарлаган, домбыра.
Біреудің боздақ данасын,
Біреудің сәби баласын,
Естіртіп, тоғыз толғанып,
Күй арнаған, домбыра.
Жібек жүзді, жез бүйда
Бозінгенді боздатып.
Үш жұз алпыс тамырдың
Бәрін бірдей қозғалтып.
Он саусактың ұшымен,

Сиқырлы күйдің күшімен,
Ботасын еске түсіріп,
Исіндірген, домбыра.
Хан ордасын қаныратып,
Ханша-ханымды аңыратып,
Дайрабайдың сұр қобыз
Шаңырағына ойнатып.
Ханның жауыз жарлығын,
Замананың тарлығын,
Екі шектің зарлы үні
Түсіндірген, домбыра.
Күркіреген күштің күй,
Жауға айбынды, сұстың күй,
Қынаптан қылыш сурып,
Өкім қылған, домбыра.
Сарбаздарын самғатып,
Керегесін қаусатып,
Дөдегесін қигылап,
Отын қылған, домбыра.
Қосылып күйтеп дүркіреп.
Безек қағып «Айжан қызы»,
Теңселгендей шың мен құз,
Күй өршіген өрістеп,
Сазына балқып ұл мен қызы.
Болса да қанша тұрмыс тар,
Тағдырын өзі билеген,
Азаттық күткен ел құштар
Тарқатты шерін күйменен.
Ерлердің сондай қолында,
Азаттық арман жолында
Табанды ерсің таймаган,
Қашанғы мықты, домбыра.

II

Жылдар сөйтіп өткенде,
Жылжып тенденкі жеткенде,

Кеюжиектен күн туып,
Азаттық алдың, домбыра.
Содан бері слімнің
Әні болдың, домбыра.
Бұл жазира жерімнің
Сәні болдың, домбыра.
Коммунистік қауымның
Нұры болдың, домбыра.
Космонавтық дәуірдің
Үні болдың домбыра.
Алаулаған ақынның
Жыры болдың, домбыра.
Тілекtes дос-жакынның,
Тілі болдың, домбыра.
Советтік жана өмірде
Өрісі кеңіл халықтың,
Жайылып жер жүзіне,
Себілді сәуле - жарық күн.
Ашылып жол-шұғыла,
Қызған еңбек майданы,
Күй багында домбыра
Жана сазбен сайрады.
Дәл он сегіз жасына
Келгендей Дина бұралып.
Ағылтты күйді ашына,
Домбыра алып сыбанып.
«Айдай» күні – аңқылдан,
Тамылжытты «Бұлбұлды».
«Аққу» күйін алқымдан,
Тотыдай мың құбылды...
Толқынға, толқын ұласты,
Кемерден асып жатқандай,
Кейде тәтті, кейде аңы,
Өмірдің балын татқандай.
«Ақсақ-құлан», «Жез киік»,
Жасын төгіп жатқандай,

«Қайран шешем», «Бестөре»
Қосарлап жүйрік шапқандай.
Елжіретер жүректі
Балқып ойға батқандай.
Бір жогары, бір төмен
Таудан бұлақ аққандай.
Гүл төгілткен көмейден,
Ару ана – ақ маңдай.
Тындағанға дем берген,
Арманың асыл тапқандай.
Үрләгина мұра бол
Динадан қалған, домбыра!..
Жамбыл, Доскей, Шашубай
Сөз сөйлеген саралап.
Төбеден түскен жасындай
Жау жүрегін жарапал.
Тауды бұзған тасқындей,
Жыр нөсерін сабалап.
Өре жетпес асудай,
Тұындаған жаңалап.
Бармаған елі қалмады,
Өлкө бойын аралап.
Сағ алтындей салмағы,
Откіздік бәрін ағалап.
Өңшең ділмәр - санлағы,
Поэзия алыбы -
Бар жырын өмірге арнады,
Әлемге тарап дабылы.
Кремльден таң нұры
Аялап,
Сүйген бір күні.
Көтерген сонда өрендер
Арманың бар ма, домбыра?!

Ертістің сонау жағасын,
Жаңғыртып,
Арқа даласын,

Ел көнілін көтеріп,
Секілденген жел көрік,
Ән тәнірісі - Әміре
Халқының мейірін қандырған.
Анқылдаған асқақ үн
Кеудесін тербеп аспанның.
Шарықтаған шағында,
Құлак түріп, ай-жұлдыз
«Ағаш-аяқ» әніне,
Естіртіп елдің бәріне,
Тамсантып тан қалдырған.
Сондай абзал әнші аға
Өтсе де жылдар қаншама,
Есімде менің әлі де,
Жақсы көрген адамын
Сақтауымен сананың,
Ұмытпас сірә, мәнгіге,
Ол кезде мен баламын,
Сақа жігіт Әміре.
Әнері асқан – даңқымен
Парижге сонда барған-ды.
Жарыққа түсіп жалпымен,
Бірінші жүлде алған-ды,
Кең тынысты сиқырлы,
Қақ жарғандай бұлтты.
Есі кетіп көрген жан
Қолы іскенше ұрыпты.
Сондай биік бағалы
Қасиет тұтып ағзы
Ұрпақтары өзіндей,
Есіне альп әрқашан,
Домбырасын көзіндей
Мәпелейді, бағады...
Көкшетауды көтере,
Шарықтаған шалқып ән.
Ақын жузі албыртып,

Шындарды шарлап, шалқыған.
Әсем қайың, өрім тал
Ән сырын мұлгіп тыңдаған.
Жұпар иісті жас кегал
Ақынмен бірге жырлаған.
Кәрінен жау шайқалған,
Кеудесін ыза кернеген,
Елін сүйген азамат,
Жатқа сырын бермеген,
Қажырлы-қайсар ғаламат.
Махабbat құсын ұшырып,
Сезімін шыңға бойлатқан.
Нұр сәулесін түсіріп,
Көніл күйін ойнатқан.
Ақбоз атын тайпалтЫп,
Тау ішінде шырқаған.
Қызгалдақтай жайқалтып,
Қылан қаққан қырқадан...
Соларды жырлап, ән қылып,
Ат қойып өшпес мәңгілік,
Күй перне деп ардақтап,
Сәкен тартқан, домбыра.
Есіл, Ертіс, Алтайды
Аралап, ән сап тербекен.
Дастан жазып, әр жайды
Талай тоғта терлекен.
Әбден қызып алғанда,
Сөзден өткел бермеген.
Мұндай төкпе жалғанда
Ақынды, сіра, кермеген.
«Қарай гөр домбыраның еркесіне,
Исаның шығып кетті желкесіне».
Деп соққанда желді өлең,
Жарыскандай жемленен.
Домбыраның бетінде,
Он саусағы зуылдан.

Ұқсап бір күшті екпінгे,
Құйғандай топан суылдап.
Көрінетін бейне бір
Жалт еткендей электр,
Жүргінді қозгайтын,
Тартқанда Иса, домбыра!..
Жинап алып жастарды,
Кек майсаға оранып,
Ән шырқасып асқарлы,
Біресе жайлап, дем алып,
Таласа тыңдал жақсы әнді,
Біресе кезек қолға алып,
Сауық құрган,

Домбыра.

Толассыз ән-күй шарқ ұрган,
Шабытын ашып көнілдін,
Қызықпен өтер әрбір тан,
Гүл бағында өмірдің...
О, домбыра, домбыра,
Құлағынды тен бұра,
Бұл жырды саган жүректен
Арнағалы көп болды.
Откізгендей електен,
Талдағалы көп болды.
Жаза салмай, кенеттен,
Тыңдағалы көп болды.
Домбыра десем.
Дариға-ай,
Әкем еске түседі.
Отті гой ол арманда,
Ақ пейіл, ақын кісі еді.
Жанарында бір тамшы
Тұрушы еді мөлтілдеп.
Мен өтсем де, сен қалишы
Деуші еді марқұм елпілдеп.

Сол сөзін ылғи қайталап,
Жылы леппен айтатын.
Жетелеп, кейде арқалап
Жұмыстан кешке қайтатын.
Домбыра жасап мен үшін,
Сегізімде үйретті.
Жалғады солай қол ұшын
Күмбірлеп сөйлеп күй кетті.
Арманы ақыр ақталып,
Заманым алға өрледі.
Заманға нұрлы шаттанып,
Қағамын қос шек-пернені.
Куаныштан қуаныш
Жүргімді тербеді.
Жаңалана берді енді
Дастанымның өрнегі.
Қайда барсам, алдында,
Өнерпаз өншең күйші, әнші,
Күнде думан ал, мұнда,
Достым, шындал зер салшы.
Немере, ұрпак-шөберем,
Гүл майысқан, балауса.
Шалқытады ән-әлең,
Домбыраны қолға алса.
Қыз-келіншек, жігіттер,
Мәуелеп өскен жапырақ,
Ізетпен елін құрметтер,
Риза бұған атырап.
Күмістей ай, нұрлы күн
Орнады десем - жерімде,
Дей алмас бекер дәл мұны
Қас дүшпан да тегінде.
Әйткені көне шежіредей,
Сайрап тұр домбыра шегінде
Мекен жоқ мынау жерімдей,
Жерімсіз, сән жоқ өмірде.

Қызығына өмірдің
Ниетім жоқ тойғандай.
Мақсаты сол көңілдің
Бұдан бөлек ой қандай.
О, домбыра, домбыра,
Сегіз жастан сырласым.
Болдыра көрме, болдыра.
Ежелгі алып тұлғасың.
Жастайымнан жармасып,
Домбыра, сені үстадым.
Жас шағымнан ән тасып,
Арта берді құштарым.
Мұлік орнына мұра ғып,
Тапсырган әкем - ұстазым.
Тастамадым қолымнан
Көрсем де өмір қыспағын.
Күліп жүрді мазақтап,
Тәкаббар бай - дүшпаным,
Немереге мұра деп,
Мен де бүгін нұсқадым.
Асыл мұра - ардақты,
Күй шерткен көне, домбыра.
Тар заман талай зарлатты,
Жан ашыр, сірә, болды ма.
Енді сені мейірлі
Қадірлейді, Астанам.
Құрасың күнде сейілді,
Өзгерген мұлде баспанан.
Жібек - шек, күміс - тиегін,
Шебер де, шешен, домбыра.
Халқымдай шексіз сүйемін,
Жасай бер мәңгі сен-мұра!

Б И Ш И Қ Ы З

Тұрганда жүрегімнің жыры сөнбей,
Тұрганда жанарымның нұры сөнбей,

Жырлаймын ақтық демім таусылғанша,-
Тұрғанда тірлігімнің күні сөнбей.
Жаңылма жүрісіңис, тіл мен жағым,
Жаңыма жайлай болған гүлден бағым.
Кәрілік қабырганы қайстырmas,
Қайдасың, ақ жамбыны ілген шағым?
Атасам кейіпкердің есімін де:
Мархаба - өскен елдің бесігінде.
Кешегі қарақат қыз шәкірт қызы
Елімнің белді артисі осы күнде.
Өнерін сахнада жарыстырған,
Іріктеп сөз жақсысын салыстырған,
Бұл биши Мархабаның кім екенін
Дұрыс қой жүртшылыққа таныстырған.
Бір күні оны әкесі
Берді оқуға мектепке.
«Сөзімнің жоқ қатесі,
Откізбе өмір сен текке!»
Әке осылай тіл қатып,
Үлкен тілек жүктеді.
«Ұстазыңын ұлагатын
«Бар діліңмен ұқ»- деді.
Жеті жастан оқуға
Жас Мархаба кірісті.
Әке сөзін тоқуға
Талаптанды, тырысты.
Бірде жас қыз деп түрдү:
«Би қолымнан келер ме?»
Нық құмартып бет бұрды
Би атты бір өнерге...
Жарқын сәуес жүзінде ойнап,
Мәз болады балаң жас.
Көбелектер ізінде ойнап,
Тәгіледі қолаң шаш.
Құлын мұсін көрікті, епті,
Жалындаиды жас жүрегі.

Он төртке де келіп жетті,
Арманышыл-ақ тілегі.
Таңда туган шолпан жұлдыз
Секілденіп жерде құндіз.
Ақ бантигі жарасып тұр,
Қара мақпал шашына.
Талай көздер қадалғандай,
Қадалғанда қан алғандай.
Келгіштейді ертелі-кеш
Сұлу қыздың қасына.
Ол оларға бұрылмады,
«Келешегім алда», - деп
Женіл назбен жымындағы,
«Жолыңыздан қалма», - деп.
Сол өмірдің көктемінде
Еңбекке алғаш араласты:
Би-музыка мектебіне
Қызметке орналасты.
Қыз-қызығы өмірдің,
Қыз-қызы қөнілдің.
Базары олар ортаның,
Ажары олар өнірдің.
Қыз - махабbat жұлдызы,
Шипасы ыстық сезімнің,
Қыз - дүние құндызы,
Тиегі асаяу төзімнің.
Сол Мархаба қарғамның
Кезі көкте қалқыған.
Айдыныңда арманның
Шабытың бол шалқыған.
Тағы талай жыл етті:
Айлар, апта күн өтті.
Өнерге әуес Мархаба
Әуестігін үдettі.
Бір толқыннан-бір толқын,
Жүйткі берді өмірдің,

Қызы жүзінде нұр толқып,
Көмекейден тәғілді үн.
Балан өнін желпи берді
Таң самалы дамыл жоқ.
Өнері өрттей өрши берді,
Жүректе ойнап жалынды от.
Биши болса қызғалдақтай
Мың бұралып, майысты.
Қатар-құрбы қыздар мақтай,
Жігіттер таң қалысты.
Жас totы деп, Арқадағы
Жұрт ұнатты Мархабаны.
Қызы өнерін тамашалап,
Таң атқанша тарқамады...
Қыпша белде зерлі қамзол
Толқындейды желендер.
Би бесігін тербейді ол,
Көз алдында көлендер.
Сахнаның дәл төрінде
Жалқы жүзген аққудай.
Сылаң қағып жөнелгендеге
Орамалы ақ тудай...
Көрген көздер кенеледі,
Сазға балқып қоныржай.
Жүрек жүйткіп жөнеледі,
Сондай сәтте көңіл жай.
Куаныштан лұпілдейді
Қызының құйттай жүрегі
Ақ үрпіктей үлпілдейді,
Торғын түстес көйлегі.
Алматыда, Мәскеуде,
Таң қалдыры биімен.
Гүл ұсынып достарына,
Алғыс алды сыйымен,
Жұлдызы боп жаралғандай,
Қазақстан аспанынын.

Өлеңі боп тараптандай
Ақын жазған дастанының.
Би қырандай шарықтайды,
Би қарымды қанат жайды.
Мың көргөде ел жалықпайды,
«Қыз қуу» мен «Қамажайды».
Былқылдаған эсем ыргақ
Жан-жүйенди балқытады.
Тауса алмас ақын жырлап,
Шабытты сан шалқытады.
«Шопан» болып бишік ізделеп,
«Бұхарға» да аттанады.
Мархабаны биши қыз деп,
Жұрт қашанда мақтанады.
Болғандықтан ұстаз аға,
«Биші қызы» деп мен жырладым.
Биін қостым домбыраға,
Балын жұтып шұғыланың...
Даңққа бөлел өнерімен
Сауық еткен Сарыарқаны
Құттықтаймын өлеңіммен Биші қызы - Мархабаны.

III. АЙТЫСТАР

(Жамбыл Жабаевтың 125 - жыл толуы құрметіне облыстық
ақындар айтысына түскен Игібай Әлібайұлы мен Қаһарман
Жантасовтың айтысынан үзінді)

И Г I Б А Й:

Армысың, асыл қауым, қалың елім,
Бас иіп, кусырып сәлем бердім.
Ортада көрген де бар, көрмеген де бар.
Қабыл ал сәлемімді, қадірменім,
Шұғылалы жарты гасыр жайлauында,
Советтік Қазақстан өрге өрледін.
Бөленіп Октябрьдей алтын таңға,
Азаттық жемісіне шын кенелдің.

Сұңқардайын санқылдаپ ақын Жамбыл,
Шын досы-немере мен шеберенің.
Тойына ұлы ақын келген шақта,
Несі бар қозбайтұғын дөлебенің.
Мұндайға жай келе ме, ақын сірә,
Әркімдер көрсетпек қой дәмелерін.
Партия съезінің туын желпіп,
Жиынға келіп қапты талай ерім.
Той мынау-думандаган ұлан-асыр,
Мұнда да ақын жыры сел бол тасыр.
Сондықтан мәртебелі мерекеге,
Мен дагы тарту етем жырымды асыл.
Торқалы той-думанды мерекені,
Әр ақын шамасынша жыр етеді.
Кең пейіл, жомарт қолды

Қазақстан

Қасиетті кең дастархан берекелі.
Жасымнан елең айтып дауылладым.
Қарсы алды қайда жүрсем қауымдарым.
Көрмегелі көп жылдар өтіп жатыр.
Аман-сау болдындар ма,

бауырларым?

Көрмеген талай қызық әлемде бар,
Жолдаған совхозымыз сәлем де бар.
Жүлде алып, сан сайысқа түсіп жүрмін,
Осы жол женіп шығар дәмем де бар!
Қаламым жарқылдайды алтындаған,
Қозғалса, жыр төгілер алуан тарам.
Бағынды аскактата көтерейін,
Жасай бер, Жамбыл атты жана қалам!

ҚАҢАРМАН:

Бүгін күн, - халқым шалқып
тойлар күні,
Бүгін күн, - не шешендер
сайрап күні.

Жамағат, жайсан жиын ортасында,
Бәйгеге сәйгүлігін сайлар күні.
Жәкеннің өр дауысынан дауыл тұрған,
Қуанып қол соқты жұрт ауыл - қырдан.
От шашқан найзагайдай өткір сөзі
Мандайдан бай, манапты жайдай ұрган.
Поэзия көгінде мәнгі тірі,
Есімі елге ардақты жаиның бірі.
Ән, жырдың құлжасы ол шында тұрған,
Басқадан ала бөтен шоқтығы ірі.
Октябрь таңы атқанда күні құлді,
Тоқсанда атағынды әлем білді.
Төрінде алыс аспан әнім сайрап.
Кеністік әлеміне ұшты ерлерім,
Тесінде космостың қыранша ойнап.
Қолдағы бейбітшілік туым гүлдей,
Топтасып ту астында құлем күндей.
Қапым жоқ қауіпсізбін партиям бар,
Мызғымас жер мен көктін тірегіндей.
Ақындар жүйткітеді шабыстарын,
Зергерлеп сөз құймасы-нақыштарын.
Тойына ақын ата тұрған күнгі
Тартады тарту етіп табыстарын.
Орденді тұған өлкем Қазақстан,
Дабысың әлемге айқын данқың аскан.
Мыс, болат, алтын, күміс, қола, мырыш,
Байлығың кемерінен асып тасқан.

ИГІБАЙ:

Тағы да, тағы сөйлейін,
Жалықпайын сңбекке.
Халқым үшін терлейін.
Енді ақынның қимылда,
Сөзінің көрдім деңгейін.
Ағыл-тегіл жаңбырдай,
Шұмектетіп селдейін

Алаулаған жалындаі,
Тілді безеп өрлейін.
Жырыма арқау өрнекті,
Салтанатты көрнекті.
Алтын жұлдыз қадаған,
Құрманғали тәрізді,
Өсіп жатыр ерлерім.
«Тоғызынышы бесжылдық!»-
Деп ұрандап жатыр ел.
Түлекті мыңдап ұшырып,
Шыңдаған жаңа жауынгер.
Тұлпарлы жігіт жарыста,
Тыңған емес жұлде алмай.
Ал, сендерде бар дейді,
Еңбектен қашкан сандалбай.
Жарты тонна салмагы,
Маң-ман басқан өгізім.
Бау-бақшалы жан-жағы
Сергеевка Тың теңізім.
Үш облысқа жеткендей,
Теңізімнің сұы бай.
Сол теңізден көктемде,
Сусындаған егінжай.
О, халайық, халайық,
Құтты болсын мерекен.
Нұрлана берсін ұлғайып,
Мұнан да әрі берекен.
Мерекеге келгенде,
Куат алып күнгейден.
Бұлбұлдайын тіл безеп,
Сайысар ақын мен екем.
Елімізді ғаламатқа бөлеген,
Жасасын мәңгі Отаным,
Жамбылға деген жырымды.
Осыменен аяқтап,
Қысқартуым жөн екен!

АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

(Октябрь, Преснов ауданы ақындарының айтысы)

ИГІБАЙ

Жолдаймын елден сәлем партияма,
Бастаған ынтымаққа елді жаңа.
Безбені бейбітшілік басып ауыр,
Жер жүзін таңырқатқан ұлы дана.
Күш алып бір өзіңнен жерді айналдық,
Бір емес үш қайтара айға бардық.
Тау бұзып, тың копарып, мұзды уатып,
Жеті қабат жер астын сайрандадық.
Армансыз әлемде жоқ біздей халық,
Бақытты, күні-түні бірдей жарық.
Құрметтеп малшы, маман, жас кәріні,
Қоршаған ақындарым ортаға алып.
Кеудемде шаттық сыймай кернеп бүгін,
Ән мен жыр даламызда өрлең бүгін,
Тап былтыр осы уақытта Москвада,
Ән салатын күнім еді терлең бүгін.
Қарт ақын ашындырып аңы айғайға,
Халқына той бастарын жолдамай ма?
Зулаған Жердің ұшқыр серігіндей,
Жеткізег желпінте бір күн мен Айға.
Топ жарған ақындарым келіп отыр,
Естілер дабыстары өр Алтайға.
Жай мақтан, көпірме сөз керек емес,
Сөз сөйле тигізерлік елге пайда.
Арылар бүгін талай ақын сөзі,
Сайысар шаршы топта келді кезі.
Салақ, олақ, төрешіл кей басшыны,
Сілейтер нажағайдай сынның тезі.
Сөйлендер ақындарым ел намысын,
Көрсетіп құрестегі ер намысын.
Тың билеп, темір илеп, мал көбейткен,
Әрқашан қуат еткен ел алғысын.

Арқау боп жырларыма өр қозғалыс,
Айқындар биыл талай өтті жарыс.
Ерлердің еңбектегі үлестерін
Айту керек шындықтан кетпей алыс.
Домнаның қызыныңдай қайнап жатқан,
Жалынды қызды қайрат, елде намыс.
Облысым ет пен жұнді берген артық,
Сүт пен май дариясы жатыр шалқып.
Оларды бас-басына мен айтпаймын,
Кәзір міне ақындарым береді айтып.
Мысалы атақты ақын Ахметжандай,
Сөзі өткір сынға шебер ақ наизадай.
Жаны қас салак басшы жалқау жанмен,
Қоймайтын әділ сынды тік қадамай.
Әрі әнші Теміргали, әрі ақын,
Айтыс десе қомдаған қос қанатын.
Лапылдан сөз жалыны қызған сайын,
Келтіріп ән өрнегін шалқытатын.
Басқа да ақындарым келіп отыр,
Өмірдің өр талабын көріп отыр.
Сөзге сөз қайтаруға қиғыр тілмен,
Тоятшыл лашындей төніп отыр.
Тасыған тасқын судай Самарқаным,
Кезек келсе женем деп сеніп отыр.
Түзейтін олқылықты өзара сын.
Деп партиям нұсқауын беріп отыр.
Айтылсын жетістігім түгел талдан,
Көтеріп жыр қанатын көкке самғап.
Ахметжан, Самарханға сөз берілді.
Тында жұрт әр тарауын терен андал.

ОБЛЫС ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ АЙТЫСЫ

Игібай Әлібаев

ТОЙ БАСТАР

Күлімдеп нұрлы күнге ұқсап,
Күлпірып гүлдей жайнадым.
Бақтарға қонып тыныстал,
Бұлбұлдайын сайдадым.
Құтты болсын, уа, халқым,
Қырық жылдық тойларын.
Қаһармандық ер данқын,
Әлемнен асқан ойшарын,
Мың жасадым бүтін мен,
Деп өзімше ойладым.
Алтын жүзі айға тең,
Халқымды көріп тоймадым.
Құрметтеп бәрі келгенде,
Тасқын судай тасамын.
Сейле деп домбыра бергенде,
Жыр қақпасын ашамын.
Шалқыған көкте ұшқыштай,
Дүшпанның көнілін басамын.
Мерекенді құттықтап,
Қырық жылдық тойында,
Өлеңмен шашу шашайын.
Жаралған тілім қигыр ақ алмастан,
Мәңгілік қалар жырым кір шалмастан.
Қырық емес, қырық мың жылдар шұғыла жайып,
Жасай бер, туган елім, Қазақстан!
Өсірген партиямыз бізді бастан,
Ұшырған Гагариндей ерді жастан.
Көрсіміз данышпанның нұр сәулесін,
Көркейген аясында Қазақстан.
Жайнаймын күнде жаңа қызғалдақтай,
Жасарып, жаңым шалқып тыным таппай.
Кетемін домбыраммен тынды аралап,

Жастардың толқындаған әнін қостай.
Ал, ақындар, сөйлендер,
Елдің мұқтаж керегін.
Сейлемеген сайын өрлеңдер,
Сіздерге кезек беремін.
Найзагайдай жарқылдал,
Тіліп түссін өлеңің.
Әділ сынды тура айтсан,
Сол болар елге көмегін.
Тағы да, тағы сейлендер,
Сынды зиян демендер.
Облыста он аудан,
Төрелерін түйрәндер.
Қатігезін катырып,
Керенауды аяй көрмендер.
Терен ақын сүйрәндер,
Тайыз ақын күйбендер.
Қалың мал бар, жалқау көп,
Ұмытып кетіп жүрмендер.
Мактау алар съезде
Ет пен сүтті бергендер.
Ескіліктің қалдығын,
Терен қазып жерлендер.
Үлгі алындар Советтен,
Ауданы ғұлғе оранған.
Кейбір аудан көшесі,
Көз аштырмас бораннан.
Гүл орнату керек қой,
Дұрыс қой енді қолға алған.
Немене сөз бергенде шауып өтпей,
Сәулетін ақындықтың бір көрсетпей,
Мінекей ақындарға бердім кезек,
Тындандар, туыстарым шулап кетпей.

ОБЛЫСТЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫНАН ИГІБАЙ ӘЛІБАЕВ

Өлеңім тарих берген дастан еді,
Елімнің армандаған асқар белі.
Бұлақтай тулап жатқан кеудемде жыр,
Арайлап әлпештеген жастан мені.
Жырыма шабыт берген сән жаңаша,
Жалғасқан жаңа өмірге ән тамаша.
Осыны жырлай тұғын ақындарды,
Көргенде қуанамын жас балаша.
Есілім алтын дәнді мәуелеген,
Ән ұшып аспанында әуелеген.
Қос ішегі домбырамың бәзек қағып,
Қосылып ән шырқаған әлемде өлең.
Он саусақ перне бассам көсіледі,
Халқыммен сыр шертісп шешіледі.
Неге мен қартайдым деп отырамын,
Сондыктан бөгелемін несіне енді?!

Ауданым дүлдүл Жамбыл атындағы.
Тұғындар - Сәбит, Ғабит жақындары.
Отанға сегіз миллион астық беріп,
Астанды астықты аудан сапындағы...
Қарасам ата Жамбыл ауданына,
Көз жетпес байлығына, аумагына.
Үйліген ақ бидайдың маяларын,
Ұқсатам Алатаудың тауларына.
Арқаның желі майда, жері,- дәulet,
Шатқыған дәuletті елде - сен мен әulet.
Малшылар көк шалғынға малын жайып,
Ағызған сүт бұлағын сауыншы әulet.
Еклінді еңбегіміз - игілікті,
Қойнына талай миллиард сиғызылты.
Домбыра сол жеңістің жемістерін,
Халқыма құдіретімен білгізілті.
Ақындар, жіберіндер көзді алысқа,

Қосылып озаттарға, зор намысқа.
Еңбек-өнер, білімді алға апарып,
Жеткізіп мұнан да артық мол табысқа.
Батырлар күнде жаңа туып жатыр,
Жер, көк те зор салтанат құрып жатыр.
Көре алмай бұл табысты айналада,
Дүшшандар аш қасқырдай ұлып жатыр.
Көздерің көріп жүр гой, ақындарым,
Бар шығар жанаширлық жақындарын...
Көрген мінді айтуға әр уақытта,
Ойласам, бәрінің бар хақыларын.
Мәсселен, мал қыстату онай емес,
Ол үшін айтылып жүр талай кенес.
Жылы қора, мол азық, жақсы күтім,
Болмаса құр мылжың сез орай емес.
Қой малы - еліміздің қазынасы,
Аман-есен сақталса төлдің басы;
Айтқаны басшылардың орындалса,
Елімізге абыройга қандай жақсы?!

Ақындар, айтысындар, жөн айтындар,
Шындықты әсіреле, көп айтындар.
Әрқашан сын түзелмей мін түзелмес,
Сондықтан сынды аяусыз зорайтындар.
Октябрь толғалы тұр алпыс жасқа,
Осыдан жарыс тусын жалпы жасқа.
Перзенті Отябрьдің - Сәбен үшін,
Сейлендер, қане айтыс салтын баста!

ИГІБАЙ ӘЛБАЕВ ПЕН МҰСА АСАЙЫНОВТЫҢ АЙТЫСЫ

И Г И Б А Й:

Уау, мен жасынан жамандыққа ергенім жок,
Көңілді жалған сезге бөлгенім жоқ.
Сенімен айтысамын, Мұсажаным,
Елді аралап өзінді көргенім жок.

Халықтың тілектерін қабылдайык,
Жай күр нан жеп кайтуға келгеміз жоқ.

МҰСА:

Ау, ұяда көпті көрдім, саңқылдаймын,
Желді күнгі қырандай аңқылдаймын.
Ағызып әннен бұлак, сөзден нөсер
Сүмбіленің бұлтыңдай жарқылдаймын.
Қаумалап ғалым қауым сөз бергенде,
Тартпаймын тіл тізгінің, тартынбаймын.
Әуелі сөзден бұрын, халқым, сізді
Екі ұлы мерекенмен құттықтаймын!
Ау, сонау бір зар заманың серпін түнін,
Ұшырган патшалықтың көкке күлін.
Жер шары, дүние жузі тыңдай қалған,
Әлемге келгенінде Ленин үнін.
Сол үнмен Компартия егіз туып,
Жайқалтқан осынау жарқын өмір гүлін.
Ал, қалайша, шалқымассың, шаттанбассың,
Қалайша жыр сандығын ақтармассың?
Өскелен нұрлы елімнің думанына
Қалайша дәтің шыдалп аттанбассың!
Ерекше күндегіден күндер бүгін.
Естімін минут сайын шаттық үнін.
Халқымның қуанышы кең аспандай;
Тамаша бәрі қызық күндегімнің.
Көремін күн батса бір таң атқанын,
Ондаған ел бізді көп дос тапқанын.
Тұтасқан граниттей таулардағы
Қасына партияның топтасқанын.
Октябрь әніме арқау, тілге тиек,
Құйылған бір арнаға барлық тілек.
Партия жыр маржанын берді тізіп,
Партиям өмірге жол берді сыйып.
Іркілмей сондықтан да шабыттана
Жырлаймын Ай мен Күнді жерде жүріп.

Ал, халқым, мен көрейін толқындатып,
Маржандай сөз асылын түптен тартып.
Мен болсам Көкшетаудан қалаганың,
Өлеңді жіберейін көшіне артып.
Шақырган майдан жердс жекпе-жекке,
Қоргалап жамандардай қалман жатып.
Оу, достасып космосқа ұшқан космонавтай,
Ән менен ағытылсын аспанға атып.
Советтік ақындардың пионері,
Сәкен де «жер шоқтығын» мақтан еткен.
Көкшениң құс қанатты құлагерін,
Ілияс жырлап жұртты тебіренткен.
Үкілі домбырасын бүлғақтатып,
Атақты ыбырай ақын сонда өткен.
Бастаған ғалым Шоқан өнерпаздар,
Көбісі Көкшетауга туын тіккен.
Осындаі ақын, әнші ғалымдардың
Домбыра мұрасы еді беріп кеткен.
Ал, сайра, бердім аға, сізге кезек,
Тамызып тілдің майын сөйле өткем.

ИГІБАЙ

Әй, бұл өмір мені не қылсын,
Ағызбасам сөзімді,
Халқым мені не қылсын,
Танытпасам өзімді.
Уа! Далам мені не қылсын,
Даналығым сезбесе.
Өлім мені не қылсын,
Жан алтуын сезбесем.
Ас қылып маған не қылсын,
Шақырганда келмесем.
Домбыра алып қолыма,
Керегін айтып бермесем.
Ей, атақты солтүстіктей
облысым бар.

Есілдей өріліп жатқан өрісім бар.
Жылында жұз миллион астық берер.
Майталман алтын тұган туысым бар.
Уай! Жас жігіт енбегімен шыққан аты,
Коммунистік еңбектің екпіндісі.
Қадірмен құрметтейді барлық халқы.
Социалистік Еңбек Ері Құрманғали,
Тесінде анадайдан жарқылдайды.
Мәпелеп, меруерттей дәнімізді,
Қоймаға мың тонналып құйып жатыр.
Ай, айта берсе тауысылмас сөздің кені,
Самалдап бой тербеткен жылы лебі,
Ай, қалқам, Мұса жаным, айтып тындар,
Ал, егер осылардай болса ерің.

МҰСА:

Ай, шығындал, шалқытып келді кезім
Барады тұла бойды билеп сезім.
Валериан Күйбышевтың жалынындей,
Бұрқырап Бурабайдан отты өзенім,
Ал, бәйге ту тігілген сон арамызға.
Салармыз екі жақты таразыға.
Жетістік, кемшілікті түгел шолып.
Жуырда барып едім қалаңызға,
Жақсыға кімде болса, таласпайды.
Қарамай артық кетпес шамаңызға,
Құр айқай, мақтанынмен сылдыр сөзді,
Құясыз қақпаласаң сабаңызға.
Мен емес Қекшетауды ел мақтайды,
Тамсанып қыдырымпаз жел мақтайды.
Қекшетау жердің дарқан сұлуы деп,
Қашаннан көрген адам ардақтайды.

ИГІБАЙ:

Уа, Мұса ақынымсың даусың ашық,
Ашық даусың кетеді аскәрды асып.

Қыннан қия жерден келесін тың,
Қалып жүрме бірақта өзің сасып.
Атакты солтүстіктің ақынымын,
Жасымнан эр өлеңге болған машық,
Әлі де жетпей жатыр айтқандарың,
Тағы да айтып сөйле бетін ашып.
Уау, Бестүлікті есірткен берекелі,
Ел енбегі халқымды тербетеді.
Артығымен орындағы негізінен,
Облысым күтіп отыр мерекені.
Астықты орындағы негізінен,
Күш алып париятның лебізінен.
Сергеевка су қоймасы аяқталды,
Ол кем емес анау Каспий теңізінен.
Ол Сметай ерлерім, ер Қойшыбайдай.
Көрген жау тұлғасынан шошынгандай
Біреуі озат шопан, бірі дихан,
Ай, таңдаулы болса ерің осылардай.
Ей! Жассың ғой, көнілің қалар

кетсек қатты,

Аузымнан шыққан сөзім халқыма балдай тәтті.
Басқа сез керегі жоқ бізге осы арада,
Астанада, жиында салтанатта.
Уа, жақсылап айтып берсем болар тәуір,
Әрі кетсе көнілге келер ауыр.
Керіс емес, келісім ғой біздің заман,
Осымен тоқталайық, Мұса бауыр.

МҰСА АСАЙЫНОВ (1929-1976)



Халық ақыны Мұса Асайынов 1929 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Өскен ауылында дүниеге келген. Үкілі Ыбырайдың немере інісі. Қазақстанның еңбек сінірген мәдениет қызметкері, әнші, ақын, сазгер, суырып салма айтыс ақыны. Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолак, Үкілі Ыбырай әндерін насиҳаттаушы және шебер орындаушы.

ӨЛЕНДЕРІ

ШАБЫТЫМ

Арманым жоқ әннен болса табытым,
Тірі жанға түспей өтсін сабытым.
Әліп кетсем бейітімнің басында
Сандуғаштай сайрап тұрар шабытым.
Тіршілікке кінәм жоқ қой тағатын
Көрдім талай жұлде берген сағатын.
Ризамын інілердің барында
Домбырамның үнін үзбей қағатын.
Сөкпе, балам, ұнамаса бағытым,
Мен де әкеме жасаушы едім қағытым.
Туғаң елдің күй сандығы сияқты
Аталардың жалғастырдым шабытын.

КӨКТЕМ

Көктем келді, жинады қыс көрпесін,
Тоғайларда тыңдадым құс еркесін.

Осындайда өзің дे тебіреніп,
Ояу жүріп соңынан тұс ертесің.
Жүргімді менің де жалын бойлап,
Отырғанда тұйықтап әнімді ойлап,
Бөлектенген бір үйір ақ бекендей
Көз алдында кетті гой сағым ойнап.

ТЕҢІЗ

Асау толқын көбік атып еліріп,
Жар қабақты мылжалайды кеміріп.
Қара деген теңіздері көк екен
Қиял тербел көп отырдым телміріп.
Өнерпаздар сахнасы секілді
Қызы ба, құс па кім сипайды бетімді.
Ат шаптырган тойға келген сияқты
Бой қыздырып, билеп алды еркімді.
Хал сұрайды алдындағы тал шыбық,
Мен отырмын ауылды ойлап жан шығып.
Жүргімді мазалайды сағыныш,
Теңіз көріп, жырга тұрдым малшынып.

ЖАМБЫЛҒА

Бір нөсер толастамас жаңбыр болып,
Бір ғасыр жатты алдында данғыл болып.
Бауырында Алатаудың туған бала
Жер-кекке жыр тараттың Жамбыл болып.
Сөзінді жастай жаттап машықтандым,
Ақындық пәрменіне ғашықтандым.
Қазақта шәкіртің көп, ақын ата,
Мен бірі өнерінді тасытқаннын.
Барында сендей занғар Гималайым,
Қалайша сейлер сөзге қиналайын.
Келеміз жылдан-жылға сәндендіріп,
Өздерің салып кеткен жыр сарайын.
Шарлады жердің бетін өлеңдерің,
Ширақ тіл, ойда қалды ой өрнегін.

Майданда жауға атылған оқ еді ғой,
Жыр семсер «Ленинградтық өрендерін».
Өнерің таң тамаша сыр тыңдатып,
Үйретті маған жастай жыр жырлатып.
Жібердің еліктегіш жүргегіме
Көкшенің сексен көлін сыңғырлатып.

МӨЛДІР КӨЗДЕР

Мәлдір көздер, мәлтілдесе қызылып,
Мұз боп тұрсам, жүре берем сүйзылып.
Ет жүргегім от басқандай дірілдеп,
Айта алмаймын бір ауыз сөз бұйырып.
Мәлдір көздер, жаудыраса қызылып,
Тілсіз қалам, сабыр сақтап, тыйылып.
Мың оқталып, тіл қата алмай кетемін,
Қалар ма деп нәзік көніл бұйығып.
Мәлдір көздер, сәулеленді нұр болып,
Маужыраймын жүргегіме жыр қонып.
Әлде осынау ет күйдірген бір ұшқын
Қалар ма деп айтылмаған сыр болып.
Мәлдір көздер, жаутаң етсе нұр бөліп
Сергін де тым болмаса бір қөріп.
Осы өмірге саған деген сезімім
Қалса деймін мәнгі өлмес жыр болып.
Мәлдір көздер, сан әурене көнермін,
Сеннен артық жоқ қой менің өнерлім
Қарай-қарай қадала бер, қос жанар,
Жырлай-жырлай өзінді ойлай өлермін.

РЕДАКТОРҒА

Мен үйрендім өлеңді атандардан-
Заңы берік өнерге қаталдардан.
Сал-серілік дарыды бала жастан
Үкілі ыбырай, Біржан сал, Ақандардан.
Тұлпар тұқ қашанда мұқала ма,
Ақын көніл көк қылыш жүқара ма.

Өмірімді айтады өлең досым,
Түзеп, күзеп, мәнерлеп жұқалама.
Ақымақтың өсегіне жүгінбе,
Шендімін деп шертигенге бүгілме.
Жайдары тіл, жаны таза кісіден
Асығыстық жасап есте тұңғылме.
Қыз-Жібектей өле-өлгеше сыр сактар,
Сұлу қыздар жоқ демейін бүгінде.
Бірақ менің жүргегімде ашы көп.
Темекідей мұны зіл батпан,
Мұнайтса да, тіл қатпан.

ҚАЙЫРЫЛМАС КҮНДЕРГЕ

Базары едің бозбалалық күндердің,
Көктем сайын құшак-құшак гүл бердім,
Қалжыраусыз қалжынменен таң тосып,
Жұртпен қатар қызметіме үлгердім.
Құмар көздер бір-біріне сүзіліп,
Қыршын жүрек қылдай болса, үзіліп.
Сүйем – деген сөздерінді мәнерлеп
Отыз меруерт жеткізетін тізіліп.
Ойнап-күліп, әзіл айтып тарасып,
Жүрген күндер оралмайды-ау жарасып.
Елестейді, көз алдынан кетпейді,
Согыс жылдар терген масақ таласып,
Сары аяз бен күннің дүлей дауылын,
Елемедік, сұмбіленің жауынын.
Қайран сол бір қайырылмайтын жастық-ай,
Дүбірлеттік Жалғызтаудың бауырын.

АҚЫН ІНІЛЕРІМЕ

Күй кернеп, дабылдатсын ен даланы,
Жұр екен жас қырандар самғағалы.
Кетпейді құлағымнан күндіз-түні
Өнерпаз інілердің салған әні.
Сендерсің менің қимас жақындарым,

Сергітер сексен көлді лапылдарың
Сол Көкше, егін бітсе той тойлайды,
Дабылдат жыр дүбірін ақындарым.
Кәкен – ау, сүйенішім жыр кемемде,
Зерігім, сен заулагып жүргеменде,
Санқылдап салшы айғайға ашылатып,
Кеп жұмыс көмейінді күрмеген бе.
Салсаншы алтын дәннің сыңғырына,
Алсаншы айтысқанды бір қырыңа.
Келгендей Біржан атам ауылына
Жабыссын қызы-бозбала шылбырыңа.
Томпылдап қайда жүрсін, Құдікенім,
Ақтаршы жыр дүкенін, сыр дүкенін,
Ән жырың әмбеге аян тарай-тарай,
Деп сыйлар сені де елім бір үлкенім.
Кешігіп қайда жүрсін, Жұматайым,
Тербелген алдымдағы құба қайың.
Советжан, Тұяқ қалкам, келіндерші,
Төсекте көңілді бір жұбатайын.
Өнерлі інілерім іріктелген,
Айтыста талай жұлде іліп келген.
Куанам бүкіл дүнне менікі боп,
Көргенде бастарыңды біріктелген.
Кетер мс құндер естен жүріп көрген,
Інілер орын берген тұрып төрден.
Мұсаны таныр ма еді сол қалқатай,
Жастардың арасында кіріп келген.

ЕҢБЕК ЕРІ ЕРКІНГЕ

Құрдасымсың тілегі бір жасымнан,
Енді ақын боп орын алдым қасыннан.
Елге деген жүрегінің ұшқыны
Сарыарқаға самала боп шашылған.
Мақтанышым, Оқжетпесім, Еркінім,
Туды міне, жаксы жырдай дер күнің.
Тың игеріп ризықты қебейтсөң

Мен жырымды, толастамай серпідім.
Бастап жұрсін қызу еңбек күресін,
Көкше деген құлпырым тұр бұл есім.
Тәсіндегі жұлдызына өнірім,
Жазып қойды ұл-қызының үлесін.
Піскен егін сияктысың сабакты,
Көрсем солай кейде бүкіл қазакты.
Жұлдызының от жарқылын көрсетіп,
Айтыстарда сайлап қоям садақты.
Мениң-дағы аз ба, көп пе қосқаным,
Көп рақмет! Көп ойладың дос қамын.
Құрдасым жыр арнасам қуанып,
Партияға ол алғысым гой, достарым.
Асылым-ау, ептеші,
Сыр төкпеші,
Кең пейілім болмасыншы өкпеші.
Жалынды деп жазғырмашы сөкпеші,
Көлеңкеңе зарықтырып кетпеші.
Асылым-ау, ептеші.
Сыр төкпеші.
Ауыр сырқат адамды ондыра ма
Құс көнілді бір жерге қондыра ма.
Ақ қағазға айта алмай кей сырымды-
Байлап қойдым перне ғып домбырага.

ЖАС ЖҰБАЙЛАР ТОЙЫНДАҒЫ ТІЛЕК

Жас жұбайлар тойына жұрт жыйылды,
Бокалдарға шарап түгел құйылды.
Сөз кезегі келгенінде жастарға
Аямайын мен де өлең-сыйымды.
Көніл қосым екі жасқа жарасқан,
Бірін-бірі-шын теңім деп санақсан,
Мен емес-ау мәңгі бақыт тілейді
Ақ көнілдер, пәк жүректер, бар аспан.
Екі ғашық ынтықтықтан таймасын,
Жас отауда жұмақ құсы сайрасын.

Кірсіз таза махаббатқа дақ тұспей,
Өмірлері раушан гүлдей жайнасын.
Жан ләзатты заузат тапсын, шалқысын,
Айдын көлде қос аққудай қалқысын.
Қуанышқа жырдан шашу шашқанда
Екі жүрек бір кеудеде балқысын.

ДОСТЫҚ ҚҰШАҚ
(ӨЗБЕКСТАННАН КЕЛГЕН ҚОНАҚТАРҒА)

Тау басынан тасқын атқан бұлақтай,
Шабыты тың ала қашар құр аттай.
Топты көрмей көншімейді көңілім,
Жыр өзенін шың басынан құлатпай.
Сабасында толып тұрар әрдайым,
Тәтті жырды тамылжытам балдайын.
Әр Қекшеге келген өзбек бауырлар,
Өздеріңе ағыл-тегіл ән дайын.
Мырзашөлдей кең жайылып құшағым,
Ақ көңілмен ак мақтана ұқсадым.
Камиль, Яшен, Ғафур Гулям, Зульфия,
Біржан сал боп қолдарынды қысамын.
Келіпсіндер біздін думан шат күнде
Ақ өлеңге, асыл таза, ак қуйге.
Ақан сері, Үкілі Ыбырай болам да,
Бөлеп қоям «Қараторғай», «Гаккуге».
Қалимадай бұлбұл қызы шығыстың,
Жолың болгай, сәтті сапар шығыпсын.
Дауысыңа тебіренсе Бурабай,
Ақын Мұса кеудесінен жыр ұшсын.

ҚҰТТЫҚТАУ
(АХМЕТ ЖҰБАНОВҚА)

Мың сәлем, Ахмет аға, әр Қекшеден,
Кәде ал Арқадагы жыр кестеден.
Кезің жоқ кербез қиял тебірентіп,
Ой тербел Оқжетпеспен тілдеспеген.

Ассалаумагалайкум күй атасы,
Тебіренді Сырымбеттің кия тасы.
Сексен көл сексен рет аунап түсіп,
Кекшениң қол сілтеді түйе тасы.
Дұлдұлдің дүбірінен қалма деді,
Алдына асқақ әнсіз барма деді.
Күйғытып Құлагермен есен жетіп,
Ақан боп тәтті жырды арна деді.
Бұрқырат Бурабайдың айна көлі,
Тойыңа толқындарын сайла деді.
Оқжетпес тіл жетпейтін тілек айтты,
Ақбура жетегіне байла деді.
Кез жұмып қала берді Жұмбактасы,
Тас сырын өзің күймен жұрнақташи.
Мен келдім тебіреніп Алатауга,
Алдынан ашылғандай жыр қақпасы.
Белгілі күйші, дана жыр тануын,
Кез тартар Көшегүлдің қылтанаымын.
Кім десен, атам Мұса, тұлпар тұяқ
Үкілі Ыбырайдың үрпағымын.

КӨКШЕТАУДАҒЫ ШОҚАН ЕСКЕРТКІШІНЕ

Байтак елдің мұнын ойлап қамықкан,
Дала сырын Ресейге танытқан.
Оралыпты Көкшесіне өзінің,
Оралыпты ғалым Шоқан тарихтан.
Мұқалмапты жүзі алмас қылыштын,
Ашып еді-ау талай бетін ұлы істін.
Болашаққа бара жатқан сияқты
Үлкен ойлы, ақылды ұлышығыстың.
Содан бері талай ғұмыр өтсе де,
Аққан жұлдызы-ол, жарығын тәксе де;
Туган елін, туган жерін сағынып,
Оралыпты өзіміздің Көкшеге.
Шоқан баба, атамекен Сырымбет
Сагындырып келгенінде күлімдеп

Куанышта, жанарына қараши,
Жас көрінді ақ меруерт бірінде.
Қарт Айыртау ақ сақалы желбіреп,
Ол да жетті сені есен келді деп.
Петербургтен оралғанда анандай
Тұған елің шықты алдыннан елжіреп.
Өзін көрген сол баяғы қазағын,
Бірақ, бізге ұмыт болды аза күн.
Көшін бұрды коммунизм өріне
Бұқіл әлем аударғандай назарын.

ТӨСЕКТЕ

Сөйлемеймін болдым деп сөзге шебер
Жай әшейін айтамын көзге шенеу.
Көп оздарған, құдайым, тоздырың-ау,
Денем ысып кетіп түр өзгешелеу.
Бала күннен әр сәтте қызықтырын,
Жанарымды жантелім үздіктірдің.
Ыстық-сұық дегенге сезгіш едім,
Бұғін неге өзгеше қызып тұрмын.
Ес білгелі маңайым жиын еді,
Тыныс сәті не деген қыын еді.
Тамшы тұнса көзіме сөкпендерші,
Ішім бұғін өзгеше күйіп еді.

ҚҰБАШҚА

Нагыз қазақ қарыс манадай Құбашым
Ақын десе арындаисын, қызасын.
Сол актығын, сол пәктігін үшін де
Сұм ажалдың кептірермін ызасын.
Көрдік талай белсенділеу хатшыны,
Өзің болдың горком хатшы,
Мықты азамат, жақсы іні.
Ақын деген бауырындаі көреді.
Ел сыйлаған жақсыны
Іренжітпес тапшыны

Әділетке сақшыны.

Тап өзіндей жан сәні гүл аз құрбым
Кетпегей деп мұсіркеп мын азғырдым.
Өмір менен өлімнің арасында
Бір өзінді ойлаумен біраз жүрдім.
Бір өзінді келемін ойлауменен,
Кезім шалған мезетті тойлауменен.
Мыкты екен ғой маҳабbat жарайтұғын,
Жыл ұзартқан
Ажалмен ойнауменен.

ТІРШІЛІК

Тіршілік, кейде сәби баладайсын,
Телегей егін өскен даладайсын.
Кейде сен неге сонша құрт өзгеріп,
Бір қойды бөле қырқып алалайсын.
Сонда сен асау дүлей теңіздейсін.
Құркіреп құніреніп жел іздейсін.
Жеріген құлышынан кер биедей
Қамыққан қағанақты емізбейсін.
Сондайда ер жігітке жөн бе кіrbін.
Өзіме белгілі ғой өзге білген,
Мен сенің жарымашан тайың едім,
Қазанат болғызбадың өрде жүрген.
Бәріп, айналайын келбетінен,
Караумен терезеге тербетілем.
Ажалға адамдарды женгізбеші,
Болып па кету оңай жер бетінен.
Ақ сағым шапқылайды саяқтайын,
Ақ боран ызыңдайды аяттайын.
Ұзартши тірлігімді жарты күнге,
Бір-екі өлеңімді аяқтайын.

ҰСТАЗҒА АЛҒЫС

(ХАЛЫҚ АҚЫНЫ МОЛДАХМЕТ ТЫРБИҰЛЫНА)

Қиналғанда көзіме анам келген,
Жыр түсірер ақ қағаз қаламменен.
Домбыра да қол тимей ыңылдайды
Кияннатты бөлісіп маган деген.
Ақ сағымда сондайда тізіп көрген,
Е, Молдеке өзінсің жүзіп келген.
Ұстаз кезін кетеді еске түсіп,
Өнеріңнің бір шетін үзіп берген.
Қылт еткенде алдымда көрген жарық,
Жыр сабылтам шығуға шерден қанып.
Мың алғысым осы де жырға орап
Жүргімнің жұлдызы берген анық.

АУЫР ТҮСТІ ЖОРИМЫН ТӘУІРЛІККЕ

Ауыр еken ойлантар бүгін түсім,
Қайран анам, түсіме кіріп жүрсің.
Балалармен жуырда қоштасам ба,
Шақырасың, не хабар біліп жүрсің.
Сөкпе ана, ұлыңды қасардың деп,
«Май қап» деуші ең тұрганда шашалғым кеп.
Ауыр түсті жоримын тәуірлікке
Қабырғаға бір шеге қагамын деп.
Менің алған әкеден сабағым жоқ,
Ауру жанмын кейде, рас, залалым көп,
Әлде болса бірақ та тірі жүрем,
Балаларды біраз күн бағамын деп.

ӨЛЕҢ КЕРЕК

Ақын бору – көп өлең жолында ма?
Бұрқыраған жылма-жыл томында ма?
Жоқ, батырым, тап-таза өлең керек,
Женіл жолға бұрылма, мойындама.
Өлең керек ақ ниет жаратылған,
Қиналғанға серік бол ара тұрган.

Ұя басқан қамысты қимай ұшып,
Акку-қаздай қаңқылдап қанат ұрган.
Өлең керек қиянат көрмейтіндей,
Көнілдерде құс болып көлбейтіндей.
Өлең керек, батырым, өлең керек,
Ауру адам оқыса өлмейтіндей.

ДӘРІГЕР ҚОҢЫРАТБЕК ҚҰРБАНБАЕВҚА

Ұлғайтқан да ұзартқан өмір атын,
Саған жасар жасаса көніл рахым.
Періштедей жігітсін жаның таза,
Інім, бауырым, дәрігерім Қоңыратым.
Қоңыратым, Қоңыратбек дәрігерім,
Жедел көмек жандармен жәдігерім
Өкпе тозып, тынысым тарылғанда,
Қолдан өкпе жасаған мәдігерім.
Қоңыратым қадірлі сенің атын,
Сыйламауга болар ма менің халқым.
Бір өзіннің дәнекер ниетінен
Сызылмайды тым шапшаң менің атым.
Жүрсін үйде досымдай араласып,
Қуат бердің ақыл, ой саналасып.
Бір екпені мың жерден жамағанда
Құлтай бердім, құдай-ай, қара басып.
Болар ма еді кейде бір көнуге де,
Ажал келсе біздерді бөлуге де.
Менен артық қиналған жан ұшқының
Ұялтады тым жеңіл өлуге де.
Өкпе деген не керек жүрек барда,
Өкінем бе жүдепес тірек барда.
Бар деміммен тыныстап жүре берем,
Өлем деген өншеш көп тілек барда.
Мойымайды ешқашас күле білген,
Морт сынбайды мәністі біле білген.
Қырық жерден тесіле өкпем менін,
Жүргіммен жер басып жүремін мен.

ЖҮРЕК ҰШҚЫНЫ

Қарай берші, ұнап тұр гой осының,
Лебін сезем жүргіңің отының.
Құшағыма қуанышым сыймай тұр,
Жазылатын жырдың шетін оқыдым.
Шалқып жүрмін құшақ жайып осы күн,
Жұмақ үнді құшағында тотының.
Өлең етіп елге жайып жүрермін
Әр ұшқының жүрегіннің отының.

АРНАУ

(ЖАМБЫЛДЫҢ 125 ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫНДАҒЫ СӨЗ)

Мен келдім кербез Көкше бауырынан
Сал, сері, ақындардың ауылынан.
Шабытым наизағайдай жұлып алар
Көктемнің от жасынды жауынынан.
Әнім бар сілкіндірер Алатауды,
Үнім бар тебірентер Қарататуды.
Балқыды жүректерін көне көзді,
Жамбылды керіп қалған шал атаулы.
Сырым бар Сырдарияға сырға салар,
Ойым бар Ойыл құмдар мұндаса алар;
Сөзім бар ақ семсердей жасқандырар,
Тілім бар барлық ұлтпен сырласа алар.
Жасымнан жүрегімде жыр ұштадым,
Аққу, қаз ән салғанда тыныстадым.
Армысын, Жамбыл ата тойындағы
Жер-жерден мол жиылған туысқаным!
Тебіренбес қандай ақын Жәкең десе,
Жараспас қайсымызға әкең десе,
Қолымды төбеме ұстап өтер едім,
Сенімі әкін баба өтлемесе.
Жасаған болашаққа батыл адым,
Мың сәлем жолдап қалды атырабым.
Жәкеінің ғасырға жыр зиратына
Көкшенің ала келдім топырағын.

Жыр жолдап жатыр елде Сексен көлі,
Сары уыз балапандар өркендеді.
Атаның айтып кеткен нақыл сөзін
Біздердей жеткіншектер көркемдеді.
Жыр төксем қанат қаққан аккудайын,
Үкілі ыбырай салған «Гәкку» дайын.
Тойына қарт жыраудың шашу қылып,
Арқаның ала келдім ақ бидайын.
Аңызы шар тарапты дүрілдеткен,
Ғашықтың әні жанды дірілдеткен,
Бір уыс боз ботеге ала келдім
Құлагер аунакшыған Сырымбеттен.
Кекшетау сал, серінің елі еді деп,
Кеп ғалым осы өнірдің төлі еді деп
Бір күтің саумалкөлден су әкелдім,
Шомылған Шоқан бабам көлі еді деп.
Жалған сую арсыздық,
Мүмкін емес наз даттау.
Күндік ғашық – жұтым су,
Онда қандай ләzzат бар.
Мейлі, достым, көңіл жық,
Сүйсем, сүйсем өмірлік.
Ағынан жарыл, ағынан,
Не керек қара көңілдік.

ТУҒАН ӨЛКЕСІНЕ АРНАЛҒАН ӨЛЕҢІ

Қонысым Саумал көлдей жер шұрайы,
Шалғыны кең суатты, малға жайлы.
Бес түлік малдарының бәрі күйлі
Шығады түгін тартсаң қарыс майы.
Кешегі сері Ақаның туган жері,
Ән салып сауық-сайран құрган елі.
Ұрпақтың ұрпағына аңыз болған,
Топ жарған тұлпар тұяқ Құлагері.
Атакты Шоқан шыққан Сырымбеттен,
Ғылымның кілтін ашып, гүлін еккен.

Тартысып тар заманмен тайталасып
Халқының мұнын жоқтап, зарын шеккен.
Кос өркеш. нар келбетті Айыртауым,
Ерғе азық, тарыққанда болған сауын.
Тұғызып талай батыр саңлақтарды
Әк-күйден алқа жапқан омырауын.
«Ала өгіз қитарланаңып тұрмайды,
Әкеліңдер тамғажау етсін қурайды.
Жан тапсырса әлдекалай бұл неме,
Болсандашты, құнын бізден сұрайды»
«Алтыншы «б» -ның балалары,
Екілі алышты «салдары».
Тұлкібай мен Сәрсеннің
Қандай болмак бұдан әрі халдары?».

- Ассалау мағалейкүм, жетекші – бастық, - деп едім

Ол:

- Уағалейкүм ассаң, қырдан ептеп астық,
Қоштаспаса не қылсын қайран жастық.
Жүретін бұрын шалқалатып,
Арық аттай келемін гой қалқалақтап, - деп тақпактай
түстіде, ізінше жайдарланып сала:
- өзіне айттар кенес, тілек ойым бар,
Кәкімбек бауырым жіберген қойым бар.
Көңіл жақын дос-жаран, туыстармен,
Аз-неме бірге болсам деген шағын тойым бар.

Әлемге үлгі болған елімді айтпай
Еңбекте үздік шыққан ерімді айтпай
Лениннің идеясын өркендеткен
Партиялық мызғымас сенімді айтпай,
Советтік космонавтика пионері
Юрий Гагариндей серімді айтпай
Тау-тау бол тың өлкемде алтын дәннен
Күн сайын артып жатқан өнімді айтпай
Толқыны түйдектеліп тулап ақкан
Мұхиттай кең пейілді кенімді айтпай,

Аузыма ә дегендең сөз түспейді
Тұма алтын топырағы жерімді айтпай!
Тұлік мал жайлауымда мамырлған,
Өсімі жылдан жылға қалындаған
Тұғінен көк майсаға майы тамып
Өмірі бір күйінен арылмаган,
Жайнай бар, таусылмайтын әнім-далам!

ТОЛҒАУЛАР

КӨГІЛДІР КӨКШЕ

Сұлулық, байлық кернеген,
Көркем Көкше бауырын.
Мактауга тіл жетер ме,
Сарыарқаның сауырын.
Көкорай шалғын қойыны,
Тіл үйірген мойылы,
Сілеті мен Жекелі
Әуелден байлық мекені,
Шақырып шабыт, толғанып,
Бурабайдай балқыын,
Оқжетпестей өрленіп,
Сырымбеттей шалқыын,
Сексен көлдей тебіреніп,
Жыр асылын қалқыын.
Көгілдір Көкшем мұнартып,
Жамылып сағым жатады,
Жамылып сағым жатады,
Кең кеудесі күмбірлеп,
Мың түрлі күй тартады.
Көргенінше құмартып,
Асығып таны атады
Қыып тастап кете алмай,
Баяулап күні батады.
Көрмеге қойған жиһаздай,
Сәулесі ғажап бір ңұрдай,

Бір сағаттық қызығы
Бір ғасырлық ғұмырдай.
Аялы алтын аспаны,
Бұлт жамылған асқары
Тең көрмейді бойына
Бір өзінен басқаны.
Ақжібек мамық қысында
Бара қалсаң тұсына,
Ақыны түгіл, тамсанар
Тогайдың жыршы құсы да.
Бал шырын, таза ауасы –
Дертінің бірден дауасы.
Қалы кілем секілді
Шаң тимеген жеріме,
Аққу ұшып, қаз қонған
Айдын да шалқар көліме.
Ғашық болған көрген жан
Жеріме, әлде еліме.
Бұлбұлдары Көкшениң
Ұбырай, Біржан ақын-ды.
Жұлдыз бол туған жарқырап
Тұнғыш ғалым Шоқанды
Аңыз қылған әлемге –
Сөз зергері Сәбен де,
Әбділда, Сыrbай, Габен де,
Арқаның көркі дейді екен.
Жыр алыбы Жәкен де,
Дастан қып жазып қалдырған
Ілияс пен Сәкен де,
Сал-серідей Жұмбактас
Паңсынып жауап қатпаған.
Ақ шоқы мен Зеренді
Асылын бізге сақтаған
Босагамды жайнатып,
Алтынменен аптаған,
Меймандос келер халқымыз,

Эділдікді жактаған.
Еңбектегі ерлерім,
Ел сенімін ақтаған.
Соларға толғау арнаймын
Көңілімдегі сақтаған.

ТЫҢ ТОЛҒАУЫ

Шадыман шат көңілмен шалқып жүрмін,
Толықсып, топты көрсем, балқып жүрмін.
Еңбекпен егіз туган өлеңімді
Тартуғып тың тойына тартып жүрмін.
Табылар тарапымнан тілегенің
Құбылып домбыра алсан, түлегенмін.
Екі дай ел арысқа түсіргенде
Талай сын мән жайынды ірегенмін.
Ақаның арда емізген құласындаі
Айқаймен дүбір шықса үдегенмін.
Қалайша шалқымассың, шаттанбассың,
Қалайша асылынды ақтармассың.
Өскелен нұрлы елімнің думанына
Қалайша дәтің шыдалп аттанбассың.
Партия жыр маржанын берді тізіп,
Партия өмірге жол берді сзып
Іркілмей сондықтан да бақытимның
Сайраймын мәлдірінде еркін жүзіп.
Көремін күнде Октябрь таны атқанын,
Ондаған ел біздік боп жол тапқанын.
Тұтасқан граниттей таулар-дағы
Қасына партияның топтасқанын.
Әлемге үлгі болған елімді айтпай,
Еңбекте үздік шыққан ерімді айтпай.
Лениннің идеясын өркендеткен
Партиялық мызғымас сенімді айтпай,
Советтік космонавтика пионері.
Юрий Гагариндей серімді айтпай
Тау-тау боп тың өлкемде алтын дәннен

Күн сайын артып жатқан өнімді айтпай
Толқыны түйдектеліп тулап ақкан
Мұхиттай кең пейілді кенімді айтпай,
Аузыма ә дегенде сөз түспейді
Тұма алтын топырағы жерімді айтпай!
Шенберін кең аспанның түгел шолын,
Түстеніп арман айға, күнге қонып.
Әлемде бірінші боп Валентина
Еарышқа келді кеше қонақ болып.
Көгімде жарқыраған жер жұлдызы,
Ол кім? Ол отты жүрек совет қызы.
Таңырқап Орбитаның тұндігінен
Карауда кіріп қақпай дүнпе жүзі.
Сан ғасыр бар адамзат арман еткен,
Космосқа бізден бұрын кім бар жеткен.
Андріян, Титов, Попов, Быковский...
Қалайша ерлер даңқын мақтан етпек.
Ғажайып тұңғибықтың ашқан сырын.
Ерлерге шашым- бұл жібек жырым.
Жасасын марксизм-ленинизм,
Жасасын Компартия ашқан ғылым.
Өркенді гүл жайнаған Көкшетауым.
Ерге азық, тарыққанға болған сауын.
Тұғызып талай батыр саңлактарды,
Өн-күйден алқа жапқан омырауын.
Бауырында сексен көлі күлімдеген,
Мелдірі лайланаңп ғұлінбеген.
Арудың тесіндегі қос анардай
Қос шалқар қос қолтықта дірілдеген.
Көнілдің көктеміндей сұлу Көкше
Аузына қай ақынның ілінбеген.
Құлдырып шыңдан құзға бал бұлағы,
Құйылып қайрақтымен сән құрады.
Шілдеде сол ғұлактың 1эттісінен
Бір жұтсан тарқағандай жан құмары.
Әдейі іздеп келіп, тамашалап,

Жырдан гүл ақ төсіне сыйғып қадап.
Өзбектің дарынды ақын бұлбұл қызы
Зульфия Айна көлді кеткен қалап.
Ыбырай, Балуан Шолақ, Ақан, Біржан,
Ақындар айдынында сауық құрған
Бүгінгі Қашқария өміріне
Ойланған қарап отыр Шоқан шыңнан.
Кекшетау самала жел жан тынысы,
Айнала толған курорт іші-тынысы.
Әр маусым бес мың адам дем алады,
Конақ жай ашық көніл жазы-қысы.
Колтықтап, бара қалсаң төрлетеді,
Бар дәмін алдыңызға көлдетеді.
Тарихқа күә болған әр бір тасы
Еріксіз ақын жанын тербетеді.
Бес түлік жайлайымда мамырлаған,
Өсімі жылдан-жылға қалындаған.
Түгінен көк майсаға майы тамып,
Өмірі бір күйінен арылмаған,
Жайнай бер, таусылмайтын әнім - далам!

БАТЫРЛАРҒА МЫҢ АЛҒЫС

Құтты болсын, уа, халқым,
Отыз жылдық мерекен.
Осынау бейбіт өмірде,
Молая берсің берекен.
Елу жылда ел жаңа,
Отыз жылда кең екен,
Ерлігінді сынайтын,
Асу көп ер екен.
Тарихы Ұлы Женістін,
Тартуы бізге көп екен.
Басылып соғыс бораны,
Жау тізесін бүккелі,
Женімпаз совет ерлері
Берлинге ту тіккелі,

Отыз жыл орнап тыныштық,
Отыз жыл көктем көктеді.
Космосты да игердік,
Тілдесіп аймен көктегі,
Гүл жайнайды жер-ана.
Жарасынан арылып.
Қарасаң көзің тоймастай,
Мыңдаған қала салынып.
Тогызынышы бесжылдық –
Алып еңбек символы.
Қаһарман совет халқының
Бақытқа толы әр күні.
Көктем келді, гүл келді,
Арайлап атып алтың таң,
Женіс келді, жыр келді,
Бейбіт өмір шырқап ән.
Отыз жыл бұрын осыдан
Бейбіт жатқан еліме
Тосынан жау тигенде,
Қан жамылып жер-ана,
Қаралы шапан кигенде,
Гитлершіл жауыздар
Өлім уын үйгенде,
Бейкүнә жан жазықсыз
Тірідей жанып күйгенде,
Адам қаны сел болып,
Сап-сау қала жер болып,
Қылышылдаған қыршын жас
Сүйеніп шығып балдаққа,
Тобан аяқ кем болып,
Арсаландарап арсыз жау,
Босқа әрам тер болып,
Шаштан сүйреп ананы,
Отқа жығып баланы,
Озеуреді өр болып.
Согыларын білмеді

Биік жарға сең болып.
Жіберсін бе жауга кек,
Көтерілдік ел болып.
Адамда азған Гитлер
Әлемді жалмап алмаққа,
Қан сасыған шенгелін
Жер жүзіне салмаққа
Аранын аша ұмтылды,
Олжаға батып қалмаққа.
Дандайсып кетіп, білмеді
Ілінерін қармаққа.
Ұғыстыра алар ма
Женімпаз ұлы орысты.
Бастан кешіп, шындалған,
Сұрапыл талай соғысты.
Партия бастап, бар халық
Ту астында тоғысты.
Тазартпаққа сұм жаудан
Ата мекен қонысты.
Сүйікті Ұлы Отанын
Қазағым да қорысты.
Снарыд, бомба жарылып,
Әп-сәтте дүние тарылып,
Гүл жамылған нұр дала
От жалынға қырылып,
Найзагай ойнап, зэр шашып,
Күркіреп аспан шатынап,
Шайқалып теңіз, күрсініп,
Тітіреп жер, қалтырап,
Өлім мен өмір аласып,
Тұрган бір кездे қақырап
Оқжетпестей өр тұлға
Батыр Мәлік көкшелік
Қаптаған жауды еңсеріп,
Қайратын кекке жаныған
Ардагер батыр ерлігі

Қан майданда танылған,
Сазайын тартқан талай жау
Ажал құып сабылған.
Гитлердей корқаудың
Дегеніне жеткізбей,
Мәскеуге фашистің
Атқан оғын өткізбей,
Қалқан қып тосқан кеудесін,
Янко сынды жерлесім.
Көп ұлттар совет халқымен,
Гвардия даңқымен
Отан үшін, ел үшін,
Тұып өсken жер үшін,
Арайлап атқан таң үшін,
Жаудырап қалған жар үшін,
Ақ сұт берген ана үшін.
Бесіктегі бала үшін,
Жау үрейін ұшырып,
Қайырып, кейін ысырып,
Жалын атып, от құшқан,
Көкшетаулық Рамазан,
Алысқан жаумен жас қазак.
Дауылпаз дауыс шырқап эн,
Сары аязда окопта
Қар жамылып, тұн қатқан,
Жай түсіріп жауына
Ажал оғын боратқан...
Сұрапыл сол соғыста,
Бұрын-сонды болмаған,
Батырларға мың алғыс
Бақытымды қорғаған.
Ақимат жайлы аңыздар
Ақындар бүгіл толғар эн!

АЙТЫСТАР

МҰСА АСАЙЫНОВ ПЕН ТҰЯҚ МАҚИТОВ

Сөз кезегін алған соң-
Еркіндең құлаш сермейін.
Бәйгеге қосқан жүйрік ем –
Есе бір соққан желдейін,
Жыр асылын түйдектеп,
Ортаңызға төгейін.
Құтты болсын тойыңыз,
Қадірлі шопан, ерлерім,
Аса да берсін мерейін,
Ежелден байлық кернеген
Сұлу Қекше бауырын,
Мактауға тілім жетер ме,
Сарыарқаның сауырын.
Аралайын қызықтап,
Қүнде бір барып ауылын.
Кекорай шалғын қойыны,
Тіл үйірген мойылы.
Сілеті мен Текелі
Ежелден байлық мекені
Ортаңа кеп Мұса акын
Жырламай қалай кетеді.
Үлкен Қараой, Саумалкөл
Зеренді мен Рузай,
Қойтас пenen Щучье...
Шеттерінен бәрі бай.
Солардың көріп байлығын
Тұрамын қалай ағылмай.
Қадірлі шопан, ерлерім,-
Падишасы даламның,
Бозала таңнан кой жайып,
Даланың жұтқан самалын,
Әкесіне ілесіп
Кой қайырған баланың,

Бие сауып, құрт жайған
Ақ жауалықты ананың
Ақ жүздерін көргенде
Рақаттанып қаламын.
Орістегі малынан
Тұғін тартсаң, май тамған.
Кере қарыс майы бар
Көтере алмай шайқалған.
Қарасаң көзін сүреніп
Жеткізіп бәрін айта алман.
Қайсысы болсын шопанның
Шеттерінен майталман.
Отаныма өндірген
Атлас, жібек, мамықты.
Осы отырған қойшылар-
Тегіндікпен ала ма –
Алғыс пен атақ-данқты.
Ахметжанов Шәрапи,
Жәмели мен Сәкеннің
Еңбегі артық өзгеден.
Жыл сайын жоспар орындал,
Бәйгенің алдын бермеген.
Егізден қойы төлдеген
Жылдан – жылға есімі
Өр-қияға өрлеген.
Ісектері құнан өгіздей
Астаудай қоны теңдеген.
«Гагаринде» Аманбек
Астанама танылған.
Мыңдаған қойлар алдында
Тасқын ба дерсің ағылған.
Мөлдіреген бота көз
Қозысы бөлек бағылған.
Бірде бір қойшы көрмедім
Тауаны қайтып шағылған.
Қыындық іс кездессе,

Көмекке бәрі жабылған.
Койшылардың жүзінде
Лениннің нұры бар,
Компартия үні бар.
Куанышпен қарсы алды
Кешегі съезд каарын.
Әрбір сөзі бір бақыт
Алып келді ауылға
Партиялай дананың.
Егіз туған еңбекпен
Сіздерді көріп сүйінем.
Сіздер берген жұннен мен
Костюм тігіл киінем.
Сондықтан да әрқашан
Қадірлі шопан- ерлерім.
Сіздерге құшақ жаямын.
Ардақтаймын әрқашан
Шопан ата таяғын.
О, жаранда, қараңдар,
Қарсы келіп, айтысқа
Міне, енді Тұяқ тұр.
Өзімнің туған ауымды
Жырласам деп жұлдынып,
Топ ішінде құлшынып.
Шәкіртім едің кешегі,
Қалай сөзге саласың?
Байқамайды бұл Тұяқ
Аңғалдықпен шамасын.
Екпінімешшыдамай,
Орта жолда қаларсын.
Мен бір жүрген жел көрік –
Толтырған жырға сабасын.
Найзагайдай от шашсам,
Жалыныма қүйерсің.
Асықпасаң, Тұяғым,
Алдыма бас иерсің.

Тізе бүккен сан ақын,
Солардың бірі боларсын.
Айтып көр, кәне, іркілмей
Қай жағымнан тиесің.
Ағытармын жырымды
Сөзіннің көріп жүйесін.

ТҰЯҚ

Тамаша көркем сурет қой
Айыртаудын етегі.
Тағы Саумалқөлім бар:
Үш күн жатып шомылсаң,
Жадырап жаның кетеді.
Сырымбеттің аумағы
Тұнған байлық еселі,
Дән тасыған даласы
Асыл қазына мекені.
Бауырсақтай тауының
Бүлдірген мен шиесі
Таңдайыңа салғанда,
Шипалы дәрі ішкендей
Босайды адам жүйесі.
Ақтарылып мол астық
Қойы қоздап, мал өрген,
Сырымбеттің сыйы осы.
Сайларымды саялап,
Кой мен ешкім өріп тұр.
Мыңдал есіп мыңғырып,
Отарларым өніп тұр.
Енбеккерлер Отанға
Ет, май, жұнін тонналап,
Үсті-үстіне беріп тұр.
Шалқыған байлық – елімде,
Ырыс-дария жерімде.
Етene өскен еңбекпен
Кәбіл, Кәрім ерлерім

Үш жұз мыңнан кой айдал
Орын алған төрімнен.
Еңбеккерлер осындаі
Еңбекке ерте берілген.
Жұмыла көзге көрінген.
Айтыссаныз болмай ма
Мұса ага-ау, тенімнен.
Шәкіртім деп қомсынба,
Оза шапсам өзінен
Бала Тұяқ қысады
Сөйле деп кәне тезінен.
Атап өткен байлығын
Тараған менін өзімнен.
Айыртаудың атағы
Кешегі өткен съездің
Өзінде де көрінген.
Сондықтан да өзге ақын
Жүрексініп шықпады
Айтысуға менімен.
Екеуміз де жүйрікпіз
Талмай ұзак шабатын
Сөз кисынын табатын.
Екі жүйрік жарысса,
Бірі озып, бірі қалатын.
Екі шешен айтысса,
Жеңеді сөз білгені.
Сондықтан да, Мұса ақын,
Тағы тыңда сен мені,
Кесіп кетіп жүрмесін
Асаяу жырдың семсері.
Айыртауым білесін,
Ақан сері, ыбырай
Өсіп өнген жер еді.
Сондықтан да, Мұсеке,
Тұяқ жырын жебеді.
Сөз маржанын төгілтіп,
Өзіне кезек береді.

МУСА

Шатықттың айдынында еркін жүзіп,
Алайын жыр асылын түптеп сүзіп.
Қуаныш құшағында Кекше өнірі,
Көргенде жарқын жүзіп қойшылардың
Кетті гой міне тағы аркам қызып,
Кекшетау бауырында көсілгемін.
Мөп-мөлдір толқыны боп есілгемін.
Шыңына шығып алып, тау жаңғыртып,
Жыр толғап, шежірен боп шешілгемін.
Атақты Ақан сері, Ыбырай мен
Сал Біржан нақыштаған әннің парқын.
Қазақтан ғұлама ойлы Шоқан туып,
Шығарған, міне, осылай Кекше даңқын.
Жеріне ат аунаған түк қалмай ма
Солардың жалғастырған дәстүр салтын.
Асығып кезек күтіп Тұяқ отыр:
Айтысқа ойысайын енді, халқым.
Ел үшін еміренбес қандай адам,
Қол бұлғап шақырады нұрлы далам,
Ел үшін құрбан болды талай ерлер,
Жеткізді жаңа өмірге Ленин бабам,
Ел үшін ерлер кеше жауға шапты,
Халқының ыза-кегін оқ қып атты.
Волков пен Добровольский, Пацаев та
Ел үшін ерлікпенен қаза тапты.
Ел үшін ақындар да жыр құяды,
Ардақтап өздері ұшқан нұрлы ұяны.
Ақындар жырларына арқау етер
Лениндік Коммунистік партияны.
Шар айна Қопа көлдің жағасында,
Айыртау, Бурабайдың арасында
Орденді облыстың орталығы-
Тұрамын Кекшетаудың каласында.
Өзіңе белгілі гой қала сәні
Еңбекпен ашылады әрбір таңы

Аспанды көтергендей иығымен,
Механикалық заводтың тұрбалады.
Орденді Давыдовым цех маманы
Шыңдаған ер кайратын мотор әні
Солардың ерлік ісін көре тұра,
Қалайша тебіренбес ақын жаны?
Пашкинімнің бір өзі не тұрады
Теңелер кісің бар ма айтшы кәне?
Бес бірдей каладагы автобаза
Үш жүздей озатым бар, осы аз ба?
Кемекке ылғи барып Володарға,
Бір тыным алмай жұқыс пен жазда.
Орынсыз сынап өттің жана мені
Күн сайын қамтыса да қала сені
Дайындал керегінді берген жоқ па
Фабрика, комбинаттың өрендері.
Көрдің ғой қез тұндырган құрылсымыды,
Мактарсың, өзің керсөң, бұл ісімді.
Болмашы кемістікті ауызына алмай
Айтсаншы мына көпке дұрысынды.
Салынған біздің жаң үлгіменен
Сәулетті үйлерді көр эр мұсінді.
Аралап бау-бақшалы көшемізді.
Сау басыңа сақина тілеп алма.
Мұса ақын қылт жібермес бұрысынды.
Тұяғым, көрінесің сөзге мығым.
Құр мақтан олқылыққа болмас тығын,
Бөгелмей айтып берші не себептен
Болады малыңызда жылда шығын?

ТҰЯҚ

Алмастай қынаптағы жалтылдаған,
Ақыны ем Айыртаудың саңқылдаган.
Жыр тулап, көмейімде тасқындейды,
Екпінім ракетадай аңқылдаган.
Сөйлейін ауданымның табыстарын.

Кезекті бесжылдықтың барыстарын.
Шакырып социалистік жарысқа мен
Көрейін Мұсекенің намыс жағын.
Ілінсен Айыртаудың безбеніне
Кетерсің өнің қашып өз жөніне,
Қалаңда жарты гектар егісің жок,
Айтатын мақтан етіп бетіне.
Ауданда өсті сәнді құрылыстарым,
Жақсарып күннен – күнге тұрмыстарым.
Ашылып училище – оку орны
Мамандық жатыр алып ұл-қыздарым.
Салынған ауданымда үйлер биік,
Қабаттап қатар – қатар салғын жиып,
Көрдің бе элеватор тебесінен
Тұрғанын енбек туы бұлтқа тиіп?
Жастар бар ауданымда мәпелеген,
Білім ап азамат бол өседі ertен.
Салғызық оларға арнап еңсөлі үйді
Бауырында бұлдіршіндер қаздай өрген.
Осылай мерейіміз биіктеген.
Мен саған табысты айтып жиып берем.
Тұған жер шабытына қанат берген,
Айыртау сен үшін де биік дер ем.
Өскелен мәдениет салалары,
Тараған газет, журнал даналары.
Фермада ойын-сауық, өнер есіп,
Шопанның еріс алды сана – бағы
Аласың ет пен сүттің бәрін менен
Қалайша айтысасыз меніменен.
Таң қалып, таңдайыңды қағып кеттің,
Көргенде сүтті бие біздің елден.
Таңданба сүтті бие сауғаныма,
Келерсін сусын іздеп ауданыма.
Тамсанып Сырымбеттен шықпас едін,
Тисе ернің, қымыз түгіл саумалыма.
Жылқымыз молшылықтың канатындей,

Қойларым жібек жұннің манатындай.
Осыны күте білген адамдарым
Мұқтажан еш бөгетсіз табады гой.
Болса егер сүтті асыл сиырларың
Қаланда сүт бұлағы ағады гой.
Жырменен көпшілікке айтып берші,
Мұсеке, кісің бар ма дәл осындай?
Берем деп тігіп костюм мақтанасың,
Баққандай қойды койшың шаттанасың,
Мұсекен-ау, азыктарың бітіп қалса,
Қайда деп аудаңдарга аттаңасың.
Үдеген сауда қызып көп орында,
Жосып жүр саудагерлер базарында,
Жемісті шіріп кеткен қымбат алып,
Қалмашы саудагердің мазагына.
Гүлді де ақша етіп сатады еken,
Будасы бір сом десіп еken.
Уыс-уыс ақшаны кейбіреулер
Осылай қалтасына басады еken.
Қарашы «Дружбаның» маңдайына,
Көз салшы театрдың жағдайына,
Осындай кемшіліктер ақыным-ау,
Әлі де татып жүр –ау тандайына.
Теңіздің дауылындей қарқындағам,
Қырандай дауысым көкте санқылдаған.
Жұмыстың токман тоғыз тарауынан
Ісім жоқ ойы-қыры қамтылмаған.
Бұл айттың көтереді халқымызды
Сауықкой өнерпаздық салтымызды.
Кездесіп тағы осылай шаршы тоңта
Айтыста шығарайық даңқымызды.

МҰСА

Қашанда еркін келер күші басым
Отты соз балқытпай ма таудың тасын,
Сүбелі сөздерің аз іліп алар,

Қалайша меніменен таласасың?
Қаптатсам жыр тасқынын түйдегімен
Ішінен жөн таба алмай адасасың.
Топ көрсем тотықұстай жайнағанмын.
Бұлбұлдай мың құбылтып сайрағанмын.
Ерлердің енбектегі ерлігімен
Суарып шабытымды қайрағанмын.
Сен түгіл жүлде өңгерген сан ақынның
Аттатпай адымын мен байлағанмын.
Тұяқ-ау, жазығым жоқ менің елге,
Ұрынған айтысам деп кінә сенде,
Төресін өзі берсін мына халқым
Ағасын сыйламаган кіші ініге.
Қарамай ақын ага бағасына,
Қаласың құрбы-құрдаң табасына.
Қай елден көріп едің шәкіртінің
Ұстаздың қол салғанын жағасына?
Біз неден, ақынам-ау, қысыламыз,
Кездессе кемшілікті ысырамыз.
Зәру боп сендер елде отыр ғой деп
Жыл сайын жүздеп маман ұшырамыз.
Осы да қаламыздың жазығы ма,
Сен оның таласасың азығына.
Даурықпай алды-артынды аңдал сойле,
Айналып бір соғарсың қазығына.
Сірә сен Тұяқ мені жеңе алмассын,
Кемшілік іздесен де таба алмассың.
Гүл сатсан қемпірлерді көзің шалып,
Сасқаннан базар жақты аралапсың.
Қаламыз жүргегіңе жыр түнеткен,
Кеш қелсен, ерте келсен құрмет еткен.
Болдым мен «Коморовтай» совхозында,
Таласып дау соқпаши айтқан шынға.
Тіркеу сайман, машина моторларды
Алмай ма каржы жұмсақ совхоз жылда.
Әр сайман әрбір жерге шашылыпты,

Багров оны жұрттан жасырыпты.
Аккумулятор, динамо, шолпыларды
Жасырын көз көрмеске асырыпты.
Дұрыстап, ақын Тұяқ құлағын сал,
Қорадан азап шекті қаншама мал?
Баз салу «Коморовқа» қыын боп па –
Бір жарым миллион сом кірісі бар.
Қоралар мезгілімен жөнделмейді,
Ашық-тесік қалған соң жел кернейді.
Кей совхозда дені сау бір базың жок
Қалайша көмейінді ән кернейді?
Құтімсіз ескі қора салдарынан,
Жылда шығын болады малдарынан.
Өлген қойдың орнына қозы салып,
Талай сокқы жеп жүрсің сын жағынан
Ауданың орталығы Володарда
Айтшы сен Мәдениет үйі бар ма?
Құрал-сайман, кісіні біз берейік,
Салуга ерінсөндер алда-жалда,
Сал-сау тұрган клубты отқа жағып,
Жүресіндер енді міне безек қағып.
Облыс басшыларың мезі қылдың,
Кірмеген есігің жок арыз жазып.
Кім нанар жок дегенге сендерде ақша,
Астықтан өткен жылы кіріс қанша.
Барысымен біреуін салдырып ал,
Совхоздың клубына жармасқанша.
Шымыр дene жігіттер қайратты, отты,
Үй-үйдің бұрышында ойнар допты.
Ат шылтырым Володар аумагынан
Бөлінген спортқа да орын жоқ-ты.
Құрылышынды «мақтасаң, мақтағандай»
Клубы Орловқаның контор бопты,
Айлакер, сұық қолы жариялды,
Алдаған бала-шага қарияны,
Таразыдан қымқырып ақша жеген

Жөнге сал сатушы қыз Марияны.
Осы бір сұғанақтық қашан қалар,
Қойғызбасан өзіңе ауыз салар.
Қойшыға деп жіберген тонымызды
Жеткізбей кейбір жылпос қағып алар
Ұям еді өзім ұшқан Айыртаым,
Ағытқан сан қыранның балақ бауын,
Қалада отырсам да жүзің ыстық,
Түйме алтын топырагым – Жалғыз тауым.
Тұяғым, айтқан сынды қөніліңе алма,
Түзеткін кемшілікті елге бар да.
Осымен хош-есен бол көріскенше
Жыр төгіп кездесерміз тағы да алда.

**АҚЫНДАРДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ АЙТЫСЫ
(КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ АҚЫНЫ МҰСА
АСАЙЫНОВ ПЕН РУЗАЕВ АУДАНЫНЫҢ АҚЫНЫ
СОВЕТ БАЙМАҒАНБЕТОВ)**

МҰСА

Ал, халқым, Мұса ақын жыр тербесін,
Әсем ән дауысыммен бірге өрлесін.
Төгілтіп сөз нөсерін түйдек-түйдек,
Басайын шабыттана сыр пернесін.
Елім деп жүргегімнен жыр ұштадым.
Елім деп кеуде кере тыныстадым.
Торқалы тойың сенің құтты блың,
Уа, менің республикам – гүлстаным!!!
Жеткізген қазақ халқын нұрлы өмірge
Украин, орыс, қазақ, өзбек, тәжік –
Атайды ұлы есімді барлық тілде.
Домбыраң жүргіме сыр құяды,
Шарлаймын шабыттана шын-қияны.
Жеткізген қазақ халқын зор бақытқа
Жырлаймын лениндік партияны,
Өр Көкшем, ерке Көкшем, дарқан Көкшем,

Дуылдар думан десе аркан Көкшем.
Біржан сал, Ақан, Ыбырай, Балуан Шолақ,
Сеннен туды ғулама, нелер шешен
Ақын боп Көкшетауда солар туган,
Сый еткен халайыққа жыр мен думан.
Нөсер боп тәгілемін топқа түссем,
Ақынмен бабалардың жолын қуған.
Ән десе, айтыс десе жалықпаймын,
Саралап сырлы сөзді анықтаймын.
Сен тұғіл, сексен ақын жабылса да,
Бәрінен бір ауыз сөз дарытпаймын,
Келсеңіз мені қалап айтысқалы,
Ақыны Рузайдың, айтышы кәне,
Осындай жекпе-жекте бір шешілмей
Қалайша тыныш табар ақын жаны?!

СОВЕТ

Төгіл жыр несер болып көмейімен,
Атақты Рузайдың, қолемінен
Жиылған осы айтысқа халайыққа
Жырымды сырғып бүгін берейін мен.
Жіберсем жыр бесігін тербел-тербел
Сұлу сөз тасқындаиды бойды кернеп.
Ерлерім елу жылдық мерекені
Қарсы алып, еңбегімен тойға келмек.
Орденді ел байлығы асып-тасқан,
Жасады жарты ғасыр Қазакстан.
Бастаушым-Компартия ұлы іске,
Мың алғыс бір өзіңе кәрі-жастан.
Домбырам, келді кезің сейлейтүғын,
Нөсердей көктемдегі селдейтүғын.
Шамырқансам қырандай бабындағы
Кияға қанатым бар сермейтүғын.
Қанықпыш атыңызға ерте кезден,
Көкшениң сүйсіндірдің сырлы сөзбен.
Арынды ақынсың сен айтыстарда

Жер тербеп, жоргадайын баппен желген
Жүлдегер айтыстарда, Мұса ақын,
Кезініз келді бүгін тұсалатын
Жас қыран Рузайдан келді, міне,
Шамаңыз бар ма қатар ұша алатын!
Шырқайсың ән мен жырды шаршы топта,
Мұса аға, тәрбиелер жасың жок па?
Мәз болса өзің атак алғанына,
Күпініп мактанбай-ак, сөзге тоқта.
Мұсеке, домбыранды бозеніп ал,
Үлгі алар тағы қандай өнерің бар?
Ортаға жайып салшы бар жақсыңды,
Мен бердім, іркілместен кезсінді ал.

МҰСА

Кекшениң жел жағына орналасқан
Қаламыз келушіге құшак ашқан.
«Ел жаңа - елу жылда» деген рас,
Көркейіп болашаққа қадам басқан.
Есімі еңбектегі ерлерімінің
Жыр етсем баршасына болар дастан.
Тарту қып мол табысты келіп тұрмын
Тойына елу жылдық Қазақстан.
Қандай жан мін тағады дәүлетіме,
Сұлулық қонақтаған кеудесіне,
Күн сайын қанат жайып өркендеген
Бага бер қаламызың сәулетіне.
Жас желең, асфальт көшө әсемделген,
Бір жасап қайтысады көзбен көрген.
Рузай отауы ғой Кекшениң бір
Бойынан ерке Есілдің енші берген.
Бар біздің қаламызда жиырма мектеп,
Бау-бақша айналасы түрган көктеп.
Қолына дәмен ғолса бізге жетпек.
Бұл жерде білім кені – кітапхана,
Біліп қой томдары бар миллион дана.

Елімнің дәстүрі мен салты осында
Қасиетті ескерткіш сол жердегі
Ерлік сырын шертеді баршасына.
Мех заводта өнерпаз ерлерім коп
Темірден түйін түйіп, металл құйған.
Төлебай, Аня, Сергей озаттарым,
Тенелер кісінің көп пе айтшы маган.
Шығарған таразыны шетелдерге
Атак пен абыройды бірден жиған.
Тігінші Күлнәзия еңбек сүйген,
Өзің де іс тігуді содан үйрен.
Қолынан сол ісмердің шықты емес пе,
Костюмің үстіндегі сенің киген.
Ақынам, айтысалық сыр жасырмай,
Іс бітпес айқай менен шу басылмай.
Сөзіме бөгелмestен жауап қайтар,
Жырыңмен жазып алған мырзасынбай.
Малдардың төлден өсер өнімі бар,
Жоспарды орында маңаң сенімін бар.
Ақынам, азықтан ба, малшыдан ба,
Неге жылда малыңның өлімі бар?
Ежелден сын – ақынның қызыл тілі,
Ашып айт, қаламыздың болса міні.
Естійін өз аузыңнан Рузайда
Қанша мал шығын болды өткен жылы?

COBET

Термелетіп сөйлейін,
Сөйлеген сайын өрлейін.
Елу жылдық тойымда
Қыран құстай сермейін.
Біраз айттың, Мұса ақын.
Көрінді ғой денгейін.
Келмей барад шаманың,
Демессің, сірә, женбеймін.
Қағыл өтем тағы да

Есілде жұзген сендейін.
Кекшетау атты – шанырақ,
Отырған соңда ағасың.
Табысты айттың өлеңмен,
Оған жоқ қой таласым.
Аз кемісті жиып ап.
Інінді ептеш шаласын,
Кекшетаум, уа Кекшем,
Маганды ыстық қаласын,
Балапандай түлеткен
Ардагер талай баласын
Біржан сал, Ақан, Ыбырай
Жырлаган Кекше даласын
Халық ақыны Молдекен –
Бетен емес, нағашың.
Өзінменен айтсып
Құмарым бір тарқасын.
Ал тыңдаңыз, Мұса ақын,
Келіп қалдың сыныма,
Сөз түсінер ақынсың,
Көнерсің сөздің шынына.

МҰСА

Тұргандай алдыңызда үлкен қауіп,
Құрсініп, жаутаңдайсың ауық-ауық.
Қолындағы малыңнын санын білмей
Отырсың ғой ғой-гойлеп әнге салып,
Кекшетау көптен бергі әсем қала,
Енші алған он төрт ауыл шыр айнала.
Жаңа үлгімен салынған төрт-бес қабат
Бізде бар зәулім үйлер әне, кара!
Ғажайып таң қаламын таласына,
Қарамай айттысады шамасына.
Қарағашта зоотехник, бригадирлер
Қойлардың сыртынан мәз карасына.
Белден саз шарбактарға қой қаматкан

Малынның сыз өтпей ме жамбасына?
Совет-ау, сауысқан да әндептіл жүр
Қойыңың қонып алып таз басына.
Шетінен бар малынды семіз дейсін.
Тапқаны барлығының егіз дейсін.
Қақалып қантар туса, сар табан боп,
Зырылдап көрші ауылдан шөп іздейсін.
Топырлап көтеремнен қойын өлсе,
Орнын толтыра алмай безілдейсін.
Шырылдап шегірткедей әнге салып,
Шілдеде қыс келерін сезінбейсін.
Сатушы Вера, Аңсаган жүрек жұтқан.
Күн сайын қарқ олжага белден батқан.
Үндінің шайы түссе магазинге
Бір сомнан әр пәшкесін ұрлап сатқан.
Ризамын ерлеріне әнбек еткен,
Жұмыста оза шауып серге жеткен.
Қалада отырсам да күйінемін
Көргенде совхозынды зиян шеккен.
Кімнің қандай дауы бар ақыным-ау,
Мал басың бірдей өссе төрт туліктен.
Ақыным, артық сөзді қойсаң деймін,
Не пайда құргақ айғай, серіліктен.
«Бірліктің» бұғалтерін айтсам талдан,
Малының есебін де білмейді ондал.
Сөйтіе тұрып тәқаппар елден асқан,
Сірепсіп сөйлеспейді кісі таңдан.
Кей малшының әнбебін қылғып жұтқан,
Айла-амалдың қисынсыз қыбын тапқан.
Сөзімнің құлағың сал жүйесіне,
Ешкім де таласпайды тиесіне.
Көкшетау – облыстың орталығы,
Ақыным, болсын сенің бұл есінде.
Ешкім де жүк көрмейді дәулет молын,
Тасқындан жатса сенің жылдық қорын.
Айтып көр мына отырган көп естісін.
Облыста ауданыңыз нешінші орын?

СОВЕТ

Сейлемін ауданымның табысынан,
Рузай жаңылған жоқ шабысынан.
Астық мол, баққан малы қысы-жазы
Малы бар кемімейтін қарасынан.
Көтерген енбекке ұран ерке Есілде,
Облыста қабылдаған жана үндеу
Елімнің ұлы тойы құрметіне
Ағызған сүттен бұлақ женгейлерім,
Төсінде жарқыраган ордені бар.
Семенова Эрна мен Мерц Лидия
Шыққаның жарыста озып көргендер бар.
Шаруасы жылдан-жылға қарқындаған.
Жарыста ешкімнен де қалыспаған,
Миллиондап пайды алады әр жыл сайын
Белгілі гой совхозым «Шарық» саған.
Толтырып Ұлы Отаның астық қорын,
Алтын дәннен алады алдыңғы орын
Орында бесжылдықты төрт-ақ жылда
Отыр гой Уәлиханов бір совхозым
Ерлердің ардақтады ел есімін.
Еңбегі үлгі болды Елешімнің.
Малынан мың грамдап салмақ қосқан
Табысын сөз етемін оның бүгін.
Қақаган сонау қыстың ақпанында
Жүретін ағайлар бар ат жалынды.
Сапар баққан биеден қымыз ішіп,
Өзін де бал екен деп айтпадың ба.
Сын айттың түзелсін деп ортақ істі,
Дәп тиер айтқан сының болса күшті.
Тоқтатам осымен сау болыңыз,
Аударып тастаппыз-ау шаңқай түсті.

МҰСА

Дұрыстап айта алмадың табысынды,
Кім мақтар сылбыр сезбен шабысынды.

Сөзіме неге жауап қайтармадың,
Қолыңнан бермек пе едін намысынды?
Шіркін-ай, қазағынан қия бассан,
Керер ем сенің аяқ алышынды.
Болар ең, эттег Совет, сөзге батыл,
Жатар ең қымыз ішіп, күрып шатыр.
Совхозың 80 мың сом берешек боп,
Қарызға белшесінен батып жатыр.
Пайдакор Оспаның мен Сұгірәлі,
Тогытып бірді-бірге құнығады.
Әр нәрсені сылтау қып, жылда олар
Есілге соғым іздел қыдырады.
Аудандық шаштараразда өңкей сылқым,
Көрді ме малышыларға барып бір күн?
Аю тырнақ, дода бас, шолақ көйлең,
Көргенде тұр-нұсқасын келер күлкін.
Ақыным, осыларды көрмейсің бе,
Мұндайлардан біржола безбейсің бе?
Тісінді шақырлатып алаясың,
Соларды үтітеген мен дейсің бе?
Осылардың барлығын жөнге салып,
Сосын барып айтysқa келмейсің бе?
Маныма келе қалсаң жақын, жуық,
Алармын өлеңіммен сені буып.
Білмедің аяғанды, іркіліп ем,
О баста қала ма деп көңілі сүйп.
Шықпаған терің болса шығарайын,
Советжан, алдыма сап біраз қуып.
Жығылып сен, күлесің сүрінгенге,
Кез салмай көзден таса бүлінгенге,
Кораңың есігінен тесігі көп,
Жөндөтіп алсаншы сен жылы күнде.
Біткендей бар жұмысын құйындастың,
Сылбырлық әдептен бір тыйылмадың.
Қыс бойы чарльстон биін «билеп»,
Азынап шыққан жокпа сыйырларың.

Демей ме өтіріктен шын асады,
Отырмын тағы сені сынағалы.
Жантайып Қожанасыр моласындағы
Сарыадырда дүкен тұр қулагалы.
Айтпаса түсінбейсің сөзді кесіп,
Барасың бос мактанмен желдей есіп.
Лрам шөп егініңмен бірге өскен,
Халініз болар екен биыл нешік?
Ақыным, бізді біраз сынап өттің,
Құлагын телефонның бұрап өттің.
Қаламыздан басқадан мін таба алмай,
Сасқаныңнан Қопа көлге бір-ақ өттің.
Көресің аз нәрсені көнілге тоқ,
Бар болса айтарыңыз тағы да соқ.
Құстан зиян шектің сен, ұят екен,
Құс түгіл, Розайда көкек те жок.
Жел сөздің түк шықпайды үйтқуынан,
Безесің пайдасы көп үй құсынан.
Неге осы мал есіруші мамандардың
Шошиды шошқа десе үйқысынан?
Ешқандай жалғаны жок, көрдім көзбен,
Тізбектеп жатканым жок құрғақ сөзбен.
Сәлем айт, аудандағы бастықтарға
Пайдасы көп шошқа мен құстан безген.
Ал, Совет, айтқан сынды көнілге алма,
Түзеткін кемшілікті елге бар да.
Еліннің ерлеріне менен сәлем,
Айтыста кездесерміз тағы да алда.

МҰСА АСАЙЫНОВ ПЕН ҚАБИДЕН ЖАУДАНОВ

МҰСА

Канатын шаршы топта самғай қаққан,
Жұлде алып сан бәйгеге талмай шапқан.
Сом дене Айыртаудың жүйрігімін,
Жыр құсы қеудесінде сайрап жаткан.

Селдегіп сөз нөсерін толқытайын,
Жырыммен ел жүргегін шалқытайын,
Қолбасшы Компартия туы астында
Сайрауға сандуғаштай тұрмын дайын.
Әлемге даңқы тарап, өрледі елім,
Көрдік біз сан ғасырдың көрмегенін.
Сәулетті көз тұндырган совхоз орнап,
Жайнады алтын дәнмен жер дегенін.
Сарқырап тау суындағы ағып жатыр.
Тамшысы дәру болған кен дегенің.
Советтік ғалымдарым тартып алып,
Менгерді табиғаттың бермегенін.
Осынша бақыт, байлық, бейбіт өмір
Өзі кеп орнаған жоқ тектен-тегін.
Тұысқан Коммунистік партия мен
Авторы бар бақыттың ұлы Ленин.
Ерекше күндегіден кунде бүгін,
Естімін минут сайын өмір үнін.
Айтысқа мені қалап Қабен қелген.
Өкпелер екі-ак ауыз өлеңменен
Кетті деп домалатып салған жерден.
Ал, кәне, бердім кезек Қабиденім,
Сені де шын ақын деп таниды елің.
Таң қылып табысынмен көпшілікті,
Шабытты ой-қайраққа жани берген.

ҚАБИДЕН

Жас қиял шарықтаса қанат қағып,
Жарқ етіп кең аспанда жұлдызыша ағып,
Қол жеткен ауданымның табыстарын,
Алдыңа тартайын мен жайып салып.
Құттықөл айнадайын төңкерілген
Құз, жартас, орманменен көмкерілген.
Қарагер, Жыланымен жер шұрайлы,
Кен өріс, қысы-жазы елге жайлы,
Баурында төрт түлік мал төлдеп есіп,

Шығады түгін тартса елі майы,
Шөбі шүйгін жайылымда ойнактаған
Бұзауын бесті өгіз деп ойлап қалам.
Бакташы Тәштиевтей коммунисім
Сенімін партияның жылда актаған.
Нұрихан, Бижан сынды шопандарым -
Толтырып қойға өзінің отарларын,
Жұлде алған сан жарыста озып келіп,
Шығынсыз есіруде қоғам малын.
Еңбек деп дамыл таппас ғазиз жаны,
Үлгі етем депутат қыз Заиданы.
Сүт сауған төрт мың литр әр сиырдан
Ұмытпас ешкім және Зұлқияны.
Жастар бар техниканы ерттеп мінген,
Адам жоқ ер еңбектен шеттеп жүрген.
Бірімін, Мұса ақын, мен солардың
Жан сырын еңбеккердің көптен білген.
Өсіріп бидай, арпа, сұлы, тары,
Баладай тәрбиелеп қызылшаны.
Меркельдей еңбек сүйгіш ерлерім бар,
Өсірген жүгерідей падишаны.
Өзіңе аян болар жайым менің,
Мектебі әр совхозым тәжірибелін,
«Невский» сүт өзіне аудандағы
Бар екен, айтшы кәне, кай бір кемім?
Көп ісім айта берсем үлгі болар,
Әр совхоздың жемшөбі сүрлемі бар.
Жіберіп келешекте адамынды,
Жақсы істі біздің елден үйреніп ал.
Дұрыстап егінінді сала алмадың.
Алпыс гектар сұлынды шегітрке жеп.
Орнынан түйір дәнді таба алмадың.
Бір ғана «Шошқалысадай» совхозымның
Астығын аудан болып бере алмадың.

МУСА

Ғабекс, ен дәuletі өскен елмін.
Күн сайын жаңалыққа көшкен елмін.
Биіктің биігіне көтеріліп
Ескекті қарсы желге ескен елмін.
Шындалып, сан майданда шоктығы асып,
Қажымай киындықты жеңген елмін.
Қай совхоз «Сырымбетпен» таласады,
Кім оның байлығына жанасады.
Сыйы мол ұлы күнде, жұзі жарқын
Мақтану біздің елге жарасады.
Өсірген дала аруын Гурьевтен,
Айтыш өзің, облыста кім асады?
Дән толқып, Гурьевтің күрегінен,
Тұқымдық алты мың пүт өні алды,
Өзі еккен отыз гектар жұгеріден.
Мақтаған сауыншыңмен, ақыным-ау,
Сол кезде көзге түспей қайда қалдың?
Жерін жоқ тіпті менен озып кеткен,
Жоқ шығар бізге, сірә, сенің өклен.
Тырбандаңап бізді қуып жеткеніңше
Басында әр төбениң сені күткем.
Егінді мезгілімен жиып алып,
Қорага мал азығын үйіп алып,
Қамсыз боп алғаннан соң көрмейсің бе?
Отырмын емін-еркін әнге салып.
Келер жыл жерім дайын егісіме,
Риза болмай ма жұрт ер ісіне.
Отыз алты проценттей зябіңменен
Еріп көр бүгін менің желісіме.
Какоткин, Қабдеш, Петр шопандарым,
Толтырған семіз қойға отарларын.
Шанына олардың да қала бердің,
Кім ілесер жүрісіне отарбаның!
Комбайнер Бостан, Иван, Сабырларым.
Шалқытып ер енбектің дабылдарын,

Әрқайсысы бес жұз гектар егін орып,
Ысырапсыз жимады ма алтын дәнін.
Төрт түлік су ішеді көп бұлақтап,
Сол мaldan еселеғен өнім тапқан.
Эма мен Шоль апайдың сауған сүті
Көл болып бір алқапты алып жатқан.
Солардың сауған сүтін естігенде,
Қыздары сіздің елдің таңдай қаққан.
Осындай ерлерім көп айта берсем,
Сый алып, кеудесіне орден таққан.
Хал-жайын таныстырып өнерлі елдің,
Тағы да екінші рет кезек бердім.
Қысылып, тәлтіректеп жас баладай,
Әлден-ақ шыға қалды аңы терің.

ҚАБИДЕН

Домбыраны қолға алсан,
Бұлкілдейді көмейім.
Төрт құбылам түгел сай,
Үстем болған мерейім.
Кемістігін еліңнің
Біраз сынып берейін.
Тасқындаған жырымның
Толқынына көмейін.
Фетисов пен Генберг
Іс атқармас дем беріп,
«СК-3» комбайынын
Ала алмапты менгеріп,
Гектардан екі центнер
Кетіпті ғой жерге еніп.
Мың жарым қой қамапсың шарбағыңа,
Мал бер деп маңайыңа бармадың ба?
Бір күнде елу қойын «опат» бопты
Қасекенің ілініп қармағына.
Қарамай күздің қара жауынына,
Бардың мен «Мәдениет» ауылына,

Екі рет он екі айда кино көрмей,
Жастардың сейіліпті сауығы да.
Жарқыным, атар таңға жаршы бол деп,
Жем шашып жатыр едің тауығына.
Сұлейменовті сен өзің білесің бе?
Тастаған өлген қойын күресінге
Мыңжарым аулында өлген малың
Тиеді айтыстағы үлесіне.
Кешікпей кемшілікті жою керек,
Бұл сылбыр көзқарасты қою керек.
Өлкеме, өмірімнің салтына сай
Масаты кілемдейін ою керек.

МҰСА

Демейін асыл сөздің бұлағысын,
Сөзіннің естіртпедің құнарлысын.
Жерінді олқы жатқан көлегейлеп,
Сыдыртып айтып шықтың ұнамдысын.
Мін тағып болмашыға кінәладын,
Соқтықпай өз бетіңмен жүре алмадын.
Радио, телефоның болмаған соң
Хал-жайын ауданыңың біле алмадым.
Сондықтан әдейі барып араладым.
Кемістік, жетістігін шамаладым.
Естіген, көргенімді түгел айтсам,
Дер ме едін мені, Қабе, қараладын,
Аптықпай құлағың сап сөзім тында.
Алынып ауданың жүр күнде сынға.
Нұрмияш былтыр айтқан олқылықты,
Сүрлейлеп тағы келдің осы жылға.
«Сәулө» атты аулына тоқырайын,
Деп едің қыс қамына отыр дайын.
Шіркіндер мүлде тіпті ұмытқан ба?
Қалдырып ескерусіз қора-жайын.
Шетінен бар қорасы ашық-тесік,
Каусаған бір жағында жатыр есік

Келмestей Сырдың сұзы сирағынан
Отырысың бұл арада жеддей есіп.
Алса егер акпан-қантар алқымыннан,
Халіңіз болар екен сонда нешік?
«Еңбекшілдер» совхозында бастықтарың
Жастанған жалғыз сөздің жастықтарын
Көмекке бізді неге шақырмадың,
Қалғанда қар астында астықтарың,
Коммунист зоотехник Қайыркелді,
Айтатын енді оның жайы келді:
Бір қызға тогыз мың сом қалың беріп,
Үйіне жол-жорамен алып келді.
Ақыным, мұны не ғып көрмей жүрсін?

МҰСА АСАЙЫНОВ ПЕН НҰРМИЯШ КӨБЕНОВ

МҰСА

Тебіреніп топқа түссем, сөзім дайын,
Ағындал кетуші едім қызған сайын,
Әуелі елу жылдық ұлы тоймен
Сіздерді, халқым, бүгін құттықтаймын.
Ауыр зіл, азалы бұлт, тұман торлап,
Сан ғасыр менің елім келген сорлап.
Тазарып бүгін азып-зұлымдықтан
Советтік ел атанды бақыт орнап.
Ырысты топырағынан алтын туып,
Өскелен ұрпақтары өнер күып,
Шопандар қойын жайып, әнге салып
Барады таң шығымен бетін жуып.
Октябрь әнге арқау, тілге тиек,
Тұтасқан бүгін, міне, миллион білек.
Кремль сағатымен үндес болып,
Лениндік партия деп соғар жүрек.
Кекшетау туып-өскен елім дарқан,
Ен байлық, салтанатқа толған алқам.
Торқалы ұлы тойдың құрметіне

Жырымның бар асылын сый гып тартам.
Ежелден дастарқаны берекелі,
Сауықшыл эн ордасы, ер мекені.
Бүгін де Ұлы Отанның өрендері
Табыспен қарсы алмақшы мерекені.
Шығындаш шалқытатын келді кезім,
Барады тұла бойды билеп сезім.
Жанында жалыны бар ақын болсан,
Бұрқырапар Бұқа таудан отты сезім.
Ал халқым, жөнелейін толқындастып,
Жер-ана тебірленсін, көк тіл қатып.
Космоста еркін жүзген корабльдей
Әннен эн ағытылсын аспанға атып.
Қайнардан қайнап шыққан шабытимды
Алайын топ алдында жарқылдатып.
Алқынған ақын болса, демеу беріп,
Саямда жіберуші ем салқындастып.
Ал сөйле, бердім кезек, ақын інім.
Жасынан өлең-жырга, жақын інім.
Іркілме, ұлы тойдың думанында
Астассын аспанменен асқақ үнің.

НҰРМИЯШ

Арындаш айқай салдың, ақын Мұса,
Бейне бір жөнелгендей айға ұша.
Озіндей жүйрік ақын кездеспесе,
Болар ем бұл айтыста мен де құса.
Есінде болсын бірақ, Мұса ақын,
Аңғырттық әрбір жерде-ак тұсалатын.
Ақынмен Оқжетпестей өр кеуделі,
Елімнен бойға қуат, құш алатын.
Оқжетпес бір ғажайып аспандаған,
Сұлуы табигаттың асқан ба одан?
Бір көріп кеткен адам Бурабайды,
Сағынып, жанарынан жас парланған.
Оқжетпес – паң даламның батырындай,

Бурабай – табиғаттың ақынындай.
Жүргегі Ботакөздің әлі күнге
Өмірмен бірге соғып жатыр тынбай.
Кекшемнің мұнау нұрлы дала таңы,
Секілді қарт ананың алақаны.
Осынау аймағымды мекендерген
Қазақтың алуан жүйрік даналары.
Диканмын сол даладан гүл өсірген,
Кетпейді соның қамы бір есімнен.
Отанның қоймасына дән құямын,
Қалғам жоқ облыстың жүлдесінен.
Саңқылдаң сандуғаштай сайрап кеттің,
Желдettің, мен жалындай жайнап кеттім.
Айдыны көnlімнің аспанға атып,
Өрленіп өр Кекшеге бойлап кеттім.
Не жетсін кең даламның самалына,
Көnbеспін, Мұса сенің амалыңа.
Үйтқытып ана-мұннан бір-ақ шықтың,
Сондағың құтылудың амалы ма?
Айгаймен алысқа ұзақ кете алмайсың,
Шын жүйрік ұзап шабар, жете алмайсың.
Ойымның осалы жоқ, белесі көп,
Бірінен-бірі асқақ, өте алмайсың.
Сол белес буынның талдырады,
Нөсерім құмарынды қандырады.
Жырымның найзагайы атой салса,
Жанбай жатқан отынды жаңдырады..

МҰСА

Тұрса да жырларымның қары қакап,
Алармың өлеңіммен сені матап.
Нұрмияш, ақын інім, танысып қой,
Берейін ерлерімнің атын атап.
Виктор мен Нұртай сынды шоферларым,
Шалқытқан той алдында мотор энін.
Күні ертең аттанбақшы совхоздарға

Диканның жиысуға алтын дәнін.
Тігінші Валентина, Зина, Майра,
Еретін үшеуіне қызын қайда?
Еңбек сүйгіш Қаламқас қарындастар
Жылдығын орындады жеті-ақ айда.
Орденді Степандай ұшқыш інім
Бір минут уақыт ұтып, алмас тыным.
Жолатпас егініне арам шөпті,
Соган да бар ма, ақынны, айтар сының?
Балқытып болаттарын завод жатыр,
Толған ел сол заводта, толған батыр,
Қалыпши Цезарь менен Мария қыз
Ақтаган ел сенімін, іске батыл.
Қарасаң қандай сәнді көшелерім,
Келеді күннен-күнгө өссе бергім.
Далаңы қимағаның дұрыс екен,
Әйтпесе сен қалага көшер едің.
Биік үй төрт қабатты асқақтаған,
Үлгісін Москваниң мен қостагам.
Сән түзеп келе жатыр кезегімен
Ісімен достарымның қас қақпаған.
Байқаймын қызбалық па, асау жырын,
Оғаштау шығып жатыр айтқан сының.
Қалайша кемітесің отырып ал
Төрінде салтанатты сарайымның.
Жиылып көвшіліктің отыр бәрі,
Қалайша тебіренбесін ақын жаны.
Сен түгіл Павлодар мен Қостанайдың
Келмеген деңгейіме ақындары.

НҰРМИЯШ

Ал, тасып, тулап кетті ағынды өлең,
Жалының жетпей жатса жалын берем.
Шумагын өлеңінің нөсерлетші,
Әндетпей күр баяғы сарынменен.
Бүгінгі кең даламның қырандары -

Кешегі Октябрьдің ұландары.
Атакты комбайнер Ярошенко
Білесің шың-бйікке шығандады.
Жаңғырып бар аймаққа аты кетті,
Алпыстың аскарына жасы жетті.
Ол талай жас маманға ұстаз болып,
Алып жүр көп адамнан рақметті
Ойласаң Ярошенко ердің ері,
Тұр эне келешекке ескерткіш боп
Жиырма жыл егін орган комбайны.
Қасында болып көріп тұрып қалдың,
Мұса – еке, сен де бір сыр ұғып қалдың.
Мойындан айтпайсың ба енді соны,
Жығылар жерге келдің, біліп қалдым.
Филенко ізбасары бұл ағаның,
Шырқайды сонау қырда еңбек әнін.
Аталған Еңбек Ері ердің ері,
Осы ма, Мұса, менен сұрағаның?
Еті – бал койларымның жүні – жібек,
Сүті мол сирымның жатқан үдең.
Сапырып ішіп жүрген бал қымызың,
Қалаға мен болмасам кайдан келед?
Мұса-еке, бұл сынымды ерсі көрме,
Жел сөзге даурығып сен енші берме,
Қазір сен қымызымның қасиетін
Ұмыттың-ау мандайың тершігенде.
Япрай, кеміген бе өз ыңғайың,
Деп едім бергенімді сөз қылмайың.
Жақсылықты ұмытып кететұғын
Адамның жек көремін осындаіын.
Қойшыбай – ұздік шопан атағы асқан,
Ол десем күлім қағып қалады аспан.
Өргізсе Бүркіттіге жеті мын кой,
Он мыннан астам қозы араласқан.
Еңбегі Пердешімнің берекелі,
Орденмен қарсы алды ол мерекені.

Мұса-еке, теңеуіме тиңеу таппай
Кетіріп алып жүрме берекенді...
Жосларын тұтас жылдың алты айда
Орындал ет пен сүттен алым пайда.
Бөлшегін таразының дұрыс қоймай,
Мақтаған заводтарың қалды қайда?
Жауабын бұл сұрақтың бересін бе,
Сен де бір айданың ғой, тереңсің де.
Қаңбақтай дауыл болып айтар едім,
Жырымның салмағына көнесің бе?

МҰСА

Ал, халайық, халайық!
Күмбірлете күй төгіп,
Домбырамды алайын.
Қандырып халқым мерейін,
Шырқата әнге салайын.
Ұлы тойдың алдында.
Ашайын сырдың сарайын.
Кемейден шықкан жібек жыр
Шумақталсын, шұбалсын.
Тагы да бір тарланның
Өнерін халқы сынасын.
Ал, Нұрмияш, Нұрмияш,
Оқжетпестей тас болсан,
Шабытыңды қайрармың.
Бура болып бүркансаң,
Бұйда салып байлармын.
Тобылғы болып ұмтылсаң,
Одан да зорды сайлармын.
Ағалыққа көнбесең,
Өлеңмен сені айдармын.
Қыран болып көрінсең,
Жырыммен сені матармын.
Несер болып төгілсең,
Рақаттанып жатармын,

Бұлак болсаң сыңсыған,
Төңізбен мен катармын
Дайылмын деп қорқытпа,
Дауылдан да қаталмын!
Нұрмияш, тілін майда, сөзің жатық,
Тым серпіп, шырқап шыңга, кеттің шалқып.
Қалар деп бетің қайтып жайлап айттым,
Орнынан тұра алмас ең өтсем қарпып.
Жел сөзбен желе жортып қырындадың,
Кемістік жагына бір бұрылмадың.
Жан-жакқа шабуылдап сабан іздең,
Есінде ме қыс бойы зырылдадың.
Алдың ба биылғы жыл шөпті мол ғып,
Бітті деп бар жұмысым кеттің оғын.
Шөп іздең тағы биыл жүргемегейсің,
Арасын екі ауылдың ығыр жол қып.
Тігінші қыздарымыз отыр эне,
Жазықсыз тіл мендік деп, салма пәле.
Жағасы көйлегінің қисық болса,
Ақшанды қайтып берем, көрсет, кәне.
Аспанға «жау, жаңбырлап» қарай-қарай
Совхозың өткен жылда өнім алмай,
Қалып ең агроном – ақын інім,
Ал биыл егініннің жайы қалай?
Мол өнім егініннен алсан екен,
Көл-көсір тағы да алсаң сүт пен еттен.
Салмағы алмақтың да бар емес пе,
Құтылып қалар ердің берешектен.
Табалап тұрғаным жоқ – тілектестік,
Жоқ шығар бұл сөзіме сениң өкпен.
Бірге еріп совхозыңа барғанымда
Айқайды директорың салмады ма.
Айтыска, Нұрмияш-ау, бармайсың деп,
Кетерде алқымынан алмады ма.
Рұқсат сұраганда ұрыс шығып,
Пәлеге арылмастай қалмадың ба?

Жым болып үндеместен «кешір, құлдық» -
Дедік те мекеменнен кеттік шығып.
Айтысқа аттанғалы тұрганында
Ақынын сыйламаган неткен сұмдық!
Нұрмияш, осыменен тоқтаталық,
Жүрме сен айтқан сынды қөнілге алып.
Түзетер өзара сын кемшілікті,
Жеткізбей бастықтарғы алып барып.
Бас қосып сөз сынастық осы арада,
Ән мен жыр асқақтата әр қияга.
Сайратқан бұлбұл құстай ақындарын
Көп алғыс Коммунистік партияга!...

МҰСА АСАЙЫНОВТЫҢ БИКЕН СЕМБАЕВАМЕН АЙТЫСЫНАН

МҰСА

Мен келдім Көкшетаудың бауырынан,
Сал, сері ақындардың ауылынан.
Өлеңім нажагайды суырады,
Кектемнің шатырлаған жауынынан.
О, әнім сілкіндірші Алатауды,
Үнім бар қаусыратын Қарататуды,
Сөзім бар жүректерді балқытатын,
Кезім бар кемсендейтін шал атаулы.
Сырым бар Сырдариямен сырласа алар,
Ойым бар зиялымен мұндаса алар.
Жырым бар жарқылдаған алмастайын,
Тілім бар кай ұлтпен де тілдесе алар.
О, Көкшем жүрегімде жыр ұштадын,
Әніммен аспандаган тыныстадың.
Сәлемін сексен көлдің, Оқжетпестің,
Қабыл ал, қалың елім, туысқаным.
Ал, Көкше, жүрегімде жыр ұштадын,
Көтөрген Жамбыл ата туды ұстадым.
Жұртым-ая, құтты болсын тойларыңыз,

О, мениң Қазақстан – Гүлстаным.
Тебіренбес қандай ақын Жәкен десе,
Жырымен бір жаңалық әкелмесе –
Төбеме қолым қойып өтер едім,
Сенімін, ақын бабам, өтегмесе.
Мың сәлем жолдап қалды-ау атырабым,
Бастаған болашаққа батыл адым.
Жұз жасаған Жәкеннің зиратына,
Кекшемнің ала келдім топырағын.
Жан-жактан саңлак ақын келеді деп,
Кекшетау ақын есken ел еді деп –
Әкелдім Оқытпесін, сексен көлін,
Шомылған Шоқан бабам көл еді деп.
Кекшетау тауып есken жерім дархан,
Ақ бидай, алтын дәнгө толған алқам.
Жыл сайын Отанымның қоймасына,
Тоннаны алты миллион сыйға тартам.
Сол дәндегей жан күйерім, тілектесім,
Кемейден құйылып жыр шүмектесін.
Көрейі Кұлагердей тұяқ тастағы,
Шабысым шабытыма тірек болсын.
Ал, енді ақын Бикен бердім кезек,
Барынды бойындағы қалма тежеп.
Арқаның аққындаі санқылдаши,
Балқытып тындаушынды жырга бөлеп.

БИКЕН

Сәлем ал ақын туган көп халайық,
Шырқайын ән-жырымды көпке лайық.
Тойын біз Жамбыл ата қызықтасақ,
Бастайық, той-думанмен қарсы алайық.
Көп сәлем жақсы менен жайсандарға,
Шын жүйрік жарыстарда жайтандар ма.
Мұханың сын семсерін салып өтем,
Жөн білмес көңілдері лайсандарға.
Аға-еке, ұмыттың ба амандықты,

Адамды адам қылған адалдықты.
Қаншама сөзге жүйрік болсан-дағы
Құдайым амандыққа сараң қыпты.
Кең-байтақ шалқып жатқан жерден келдім,
Әдейі сайысқалы елден келдім.
Шын жүйрек топтан асқан болмасам да,
Өзінмен осы айтыста тен келермін.
Атақты Өтебайдың қырқасынан,
Бір кездे Мәриямнан жыр тасыған.
Әдейі арнап келіпсің, айтысалық,
Дәмен болса менімен шырқасудан.
Мен өзім жоқтан барды құрамаймын,
Сұлу сөз елден бірақ сұрамаймын.
Өлеңім сұр мергеннің жебесіндей,
Киіктің көздең атам құралайын.
Ағажан, келмей жатып мақтанасың,
Бардай-ақ меніменен бак-таласың.
Көпке ортак Қекшетаудың табиғаты,
Айтпасаң жөн сөзінді кеш қаласың.
Тудырган Ақан сері, Біржан салды,
Кекшениң тарихымда аты қалды.
Сол жерден бір жас ақын келеді деп,
Жолына қарай-қарай көзім талды...

МҰСА

Тұрғындар алдыңызда үлкен қауіп,
Қарындастар, жаутаңдайсың ауық-ауық.
Жырынмен ауақанып отырганда,
Кетпесең болды маган пәле жауып.
Мұсаның көрді халқым тамашасың,
Қалайша меніменен таласасың.
Жыр бүршагын жаудырсам сая таппай,
Жанылып жүрген жолдан адасасың.
Жол түсіп сіздің жакқа барып қайтқам,
Еліңнің жағдайына қанып қайтқам.
Сынасам кемшилігің таусылмайды,

Жетерлік материал алып қайтқам.

БИКЕН

Оу, ага, қалай-қалай сөз бастайсын,
Менсінбей, орағытып ойқастайсын.
Деген бар сын түзелмей мін түзелмес,
Білсеңіз несіне одан тайсақтайдың.
Тамылжытып тамсантын тілдің майын,
Толғайын табысы мол елдің жайын.
Құдіретті елімнің ерлері бар,
Еңбегін мадақтауға мен де дайын.
Табысым мақтанарлық мал жайынан,
Айтайдың эр тұліктің қандайынан.
Құрыш білек, сом жүрек шопандардың,
Күн сүйген еміреніп маңдайынан.
Белгілі айтпасам да қадамдарың,
Таусылмас тізе берсем жаман жағын.
Кей колхоз-совхозыңың моншасы жоқ,
Нұраға шомылып жүр адамдардың.
Ей, ага, сипақтама сөз келгенде,
Осындай шаршы топта кез келгенге.
Айтып қал тағы қандай пікірің бар,
Берійін сөз кезегін енді мен де.

МҰСА

Қарындас, кемітпегін қонысымды,
Жалған сөз, тарылтады тынысымды.
Сау басыңа сақина тілеп алма,
Мұса ақын қалт жібермес бұрысынды.
Ежелден байлық кернеген,
Сұлу көкше бауырын.
Мақтауға тіл жетер ме,
Сарыарқаның сауырын.
Көкорай шалғын қойыны,
Тіл үйірген мойылы.
Сілеті мен Текелі,

Тұшан байлық мекені.
Кокшеден келді Мұса ақын,
Жәкеннің бүгін тойына,
Жыр төкпей қалай кстеді.
Көгілдір Көкше мұнартып,
Жамылып сағым жатады.
Кеудесіне сыр бүгіп,
Мың түрлі күй тартады.
Көрген жанды құмартып,
Асығып таң атады.
Қиып тастап кете алмай,
Баяулап күні батады.
Аялы алтын аспаны,
Бұл жамылған асқары.
Тенгермейді бойына,
Бір өзінен басқаны.
Ақ жібек мамық құсына,
Балағы алтын тұсына.
Ақынды түгел тамсантар.
Гүл шоқтарын ұсына.
Бұлбұлдары Көкшенің,
Ыбырай, Біржан, Ақанды.
Жұлдыз бол туган жарқырап,
Тұңғыш ғалым Шоқанды.
Әйгілі болған әлемге,
Сөз зергері Сәбене,
Әбділда тұрғай Ғабене,
Көкшенің көркі дем берген,
Жыр алабы Жәкене.
Жырына тиек етіпті
Ілияс пен Сәкен де.
Ұзын сөздің келтесі,
Көкшеге бас иеді,
Өзің түгіл әкең де.
Сен түгіл тіпті зорың да
Сөз айтуға батпаган.

Қыз мінезді Жұмбактас
Даусыңа жауап катпаған.
Ақшоқы мен Зеренді
Асылын бізге сактаған.
Қайырымды халқым бар,
Әділдікті жақтаған.
Еңбектегі ерлерім,
Ел сенімін актаған.
Күйбен демей тұра айтшы,
Жұрт мактаған Көкшениң,
Қай жағы саған жақпаған?

БИКЕН

Мұсеке, көп сөз көмір, аз сөз алтын,
Мақтану емес еді менің салтым.
Айтисатын ақындар құтіп отыр,
Шұбатып көп созбайық сөздің артын.
Бар бізде малға жайлы қопалы көл,
Жері алтын, шөбі шүйгін, жоталы бел.
Тамсанып көрген адам табысымды,
Бастауы бар байлықтың отаны дер.
Мен айтсам тамылжытып тілдің майын,
Мол табыс, шалқар байлық бәрі дайын.
Мақтаншақ мінезіңіз мәлім болды,
Осымен тоқтатайық та, ағатайым.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тырбиев М. Дүлдүлдердің дүбірі. – Алматы, Жібек жолы, 2000. – 100 б.
2. Асайынов М. Жүргегімнің жүлдізы. – Алматы, Жібек жолы, 1999. – 86 б.
3. Жекеев Ш. Сегіз қырлы сері. - Астана, Дәме, 2013. - 98 б.
4. Ж. Қадыров Игібай Әлібайұлының ақындығы. – Петропавл, СҚМУ, 2003. – 89 б.
5. Ж. Қадыров Молдақмет Тырбиұлының шығармашылық мұрасы. – Петропавл, СҚМУ, 2004. – 115 б.
6. Ж. Қадыров Мұса Асайыновтың ақындық шеберлігі. – Петропавл, СҚМУ, 2005. – 105 б.
7. Хамзаұлы Қобылан. Молдақең айтыпты. «Ленин туы» газеті, 1991, 21 маусым.
8. Малдыбаев Ш. Молдахмет. «Ленин туы» газеті, 1989, 30 қараша.
9. Сыздықов Қ. Көз көрген. «Ленин туы» газеті, 1989, 16 желтоқсан.
10. Қазақстанның халық ақыны Көкен Шәкеев естеліктерінен. Көкшетау, 4 шілде, 1998 ж.
11. Әлібаев И. Айтуар. – Алматы, Жазушы, 1974. – 66 б.
12. Асайынов М. Аңшы аңызы. – Алматы, 1978. – 88 б.

Қадыров Жанбай Тұрарұлы

**ХРЕСТОМАТИЯ.
КӨКШЕТАУ-ҚЫЗЫЛЖАР ӨҢІРІНІң
ӘНШІ-АҚЫНДАРЫ**

(XIX-шы ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың
80-ші жылдары)

оку-әдістемелік құрал

Подписано в печать 25.05.2015 г. Формат 60×90 1/16.

Гарнитура Times. Ризография. Объем 13,1 усл.печ.л.

Тираж 30 экз. Заказ №136-08. Бумага газетная.

Отпечатано в ИПО СКГУ им.М.Козыбаева.